В статье рассматриваются когнитивный, порождающий и функционально-типологический подходы к грамматике, их основные предположения, цели и методология. Также он сравнивает и противопоставляет эти три подхода, раскрывая их сходства и различия, с полезными примерами впоследствии. В первом разделе есть полезный список ссылок для углубления в рассматриваемой теме.

С. Т. Елікпаев¹, Б. Қ. Қапасова²

¹ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹serik.elikbay@mail.ru; ²kapasova1970@mail.ru

«ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫ – ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БАЙ МҰРА КӨЗІ

Мақалада 20 ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі өзгеше тақырыптарымен ерекшеленген «Шолпан» журналының орны мен тарихы маңызы талданады.

Журнал 20-ғасыр басындағы қазақ халқына қажет тұтас қоғамдық мәселелермен бірге әлемдік мәні бар үлкен тақырыптарды журналистік зерттеумен, терең талдап жаза білген. Сонымен бірге қазақ әдебиеті мен ғылымның әр саласынан да маңызды тұстарды талдап жазып, журнал бетіне ел талқылауына ұсынып отырған. «Шолпан» журналына қатысты пікірлер мен зерттеулер туралы айтылған тұста М. Әуезов пен Ж. Аймауытов еңбектері мен ұлт алдындағы істері еске түседі. Алғашқы рухани басылымда қазақ әдебиеті мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ғылыми сараланған ойлар айтылды. Жазушының шығармашылық еңбегінде «Шолпанның» ролі талданады. «Шолпан» журналы – қазақ руханиятының негізгі тірегі екендігі ашылады.

Кілтті сөздер: «Шолпан» журналы, рухани даму, журнал, баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу т.б.

КІРІСПЕ

Қазақ баспасөзінің басы «Қазақ» пен «Айқап» туралы айтқанда бір топ қазақ зиялылары аталады. Қазақ қоғамында өз тақырыптарымен, өз үн-бояу, идеяларымен келген, тың бағытты, қалпты ұстанған, көркем бояу мен қоғам тынысын дәл танып, ұлтқа жеткізе білген, жазу мәнерінде публицистика стилін дамытқан өзгеше ұқсамайтын таланттар тобы жазудың үлгісін, қазақ ортасын, рухани және материалдық игіліктеріне керек озық үлгіні «Қазақ» пен «Айқап» журналы бетінде көрсетті.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алғашқы қазақ басылымдары қазақ зиялыларының ұлт ортасына танылар, сыналар әлемі болғандығын дәлелдейді. Алаш ұлтын көтерген казак журналистерінің алғашқы легі «Қазақ» [1] пен «Айқап» [2] басылымдары арқылы қазақ баспасөзінің әр бағыттық, әр қырлылық көркемдік, идеялық сипаттарын ашты.

20-ғасырдың бас кезі қазақ журналистикасында бірнеше өзгеше белгілерімен ерекшеленді.

1 Қоғамдық ортада көркемөнердің жаңа жанрлары дамыды.

2 Қазақ көркемдік ойының, қоғамдық ой мен ортақ санасының таралуына, насихатталуына «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы өзгеше әсер етті.

3 Қазақ баспасөзінің жаңа жанрларын дамытты. Көсемсөз, мақала, пікір сияқты газет-журнал жанрлары да әдебиеттің өркендеуіне әсер етті.

4 Көркемөнерге, зиялы қауым ісіне газет, журналдарда баға берілуі де көркемдікті күшейте түсті.

5 20-ғасырдың бас кезінде проза жанры дамып, поэзияның көркемдік сипаты, публицистиканың жаңа белгілері, қазақ журналистерінің алғашқы тобы түрлі тақырыпты қамтыды.

6 Алғашқы ұлттық публицистиканың классикалық үлгілері жарық көрді.

7 Ғасыр басындағы журналистикада ұлт болашағына қатысты ел зиялыларының түрлі пікір, көзқарастары олардың саяси, қоғамдық-әлеуметтік, таптық, т.б. бағыттарын да айқындады.

8 Қоғамдағы түрлі бағыттарды анықтауда журналистиканың соның ішінде публицистиканың орны өзгеше болды. Басылымдардағы түрлі мақала мен публицистиканың сан алуан жанрлары арқылы қазақ зиялыларының саяси-идеялық, қоғамдық ерекшеліктерін де белгілеп берді.

«Қазақ» пен «Айқап» маңына топтасқан қазақ зиялылары арқылы қоғамдық ойдың екі түрлі бағытты ұстанған көсемдері бөлініп шықты. «Қазақ» газеті маңына негізінен мемлекетшіл-ұлтшылдық бағыттағы зиялы қауым өкілдері жиналды (А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов).

Ұлтты оятып, халықтың бүтіндігін, тұтастығын қалаған мемлекетшіл-ұлтшыл бағыттағы зиялы қауым мен «Айқап» маңында С. Сейфуллин, Б. Майлин сияқты төңкерісті жақтаған белді авторлармен қоса шығыстық дәстүрді қалаған қаламгер-журналистер мол болды (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, М. Сералин, Ғ. Мұсағалиев, Б. Сыртанов).

«Қазақ» пен «Айқап» басылымдары қазақ қоғамын жаңа оймен сілкітті. «Қазақ» маңына ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған алашшылдар, «Айқапта» С. Дөнентаев, С.Торайғыров сияқты қазақ қоғамында

ағартушылық, мәдени, әдеби, сыншылдық ойларымен белгілі ұлт ұлдары болды. Сонымен бірге екі басылымға да бірдей өз ойларын білдіріп, ұлттың бүтіндігін қолдаған қаламгерлердің ісі, саяси ойда бөліне бергені анық. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. мақалалары мен бірге көркем туындылары «Қазақ» газеті мен «Айқапта» бірдей жарияланып, жарық көрген.

1917 жылғы Кеңес өкіметінің орнауы қазақ қоғамына көп өзгерістер әкелді. Алғашқы кезеңінде қазақ елінің еркіндігін, бостандығын сақтауға кепіл берген коммунистер билігі кейіннен, Азамат соғыстан кейінгі жылдары бірнеше реформаларды жүргізді. Ұжымдастыру, колхоздастыру, ЖЭС (НЭП), саужай науқаны т.б. кеңестік өзгерістер ұлттың зиялы қауымына ойлануға, жаңа бағыттар таңдауына себеп болғаны анық.

Қазақ қоғамындағы «Шолпан» журналының жарыққа шығуына бірнеше себептер болды. Бұлардың негізгілеріне сол қоғамның саяси және әлеуметтік және әдеби, мәдени себептер болды.

1 Қазақ қоғамына жаңа қоғамның ерекшеліктерін түсіндіру мақсатын көздеді.

2 Ұлтты жаңа қоғамда өз танымынан алыстатпау, өз түсініктерімен қалдыру, ұлттық тамырынан үзбеу қажеттігі туды.

3 20-ғасырдың аласапыран кезеңінде ұлтты сақтау және дұрыс жолға салу керектігін зиялы қауым ерте ұқты.

4 20-ғасыр басында қазақ қоғамында оқыған, өз ойы бар, өз пікірі мен түйінін ортаға сала білетін азаматтар мол болды.

5 Жаңа қоғамға жаңа ой мен идея керек болды. Халықтық танымды заманмен сабақтастыру керектігі белгілі болды.

6 20-ғасыр басында жазылған мол әдеби мұраны насихаттау қажет болды.

7 Жаңа заман, жаңа қоғамдық заң мен ережелерді халыққа түсіндіру, жеткізу керектігі байқалды.

8 Заң тілін, ереже мен жаңа шығып жатқан заңнамаларды халық тілінде жазып түсіндіру қажеттігімен байланыстырылды.

Журналдың шығарушысы Иса Токтыбаев болды.

И. Токтыбаев 1894 жылы Тереңөзекте, бұрынғы Сырдария облысында туған. Перовскдегі орыс-қазақ мектебін, Ташкенттегі мұғалымдер семинариясын бітірген. 1917–1925 жылдары арасында «Шолпан», «Сна», «шаншар», «Ақжол» газеттерінің редакторы болған. 1933–1949 жылдар аралығында бірнеше рет қуғын-сүргін құрбаны болған. Қазақ баспасөзі туралы мол мәлімет қалдырып, ұлттық журналистиканы насихаттаушылардың бірі болған зиялы қауым өкілі ретінде белгілі.

«Халық ағарту жайы» деп аталатын мақалада: «Іштегі, сырттағы соғыстар тоқталып, Кеңес хукіметі енді мемлекет құрылысы, халық тұрмысын түзету шарасына кіріскелі отыр. Бұл мақсаттарға жету жолында, жұмыла ұимылдау жалпыға міндет, борыш.

Бұл екі жұмыстан басқа біздің қазақ – қырғызға, өзгелерден артықша күш салатын екпінді мәселе қайсы?

Сөз жоқ: оқу-оқыту, яғни халық ағарту мәселесі.

Оқу жайы бізді бұрын қандай күйде болғаны, қазір қалай екені белгілі. Бұл күнде Кеңес хукіметі сауатсыздықты жоғалтамыз, балалар түгіл хат танымайтын үлкендерде болмасын. Бізде қазір үлкендерді оқытпақ түгіл, ең азы бастауыш мектептер үшін оқу құралдары жоқ. Мектептен тысқары кітапханаларда жастар һәм үлкендер оқитын жай кітаптарда жоқ. Бастауыш мектептерде, оқытатын жеткілікті мұғалімдер жоқ. Саны аз, білімі кем, оқыту ісіне олақ, мұғалімдерімізге жолбасшы кітаптар яки, шығып тұрған журналдар жоқ. Қалада болсын, далада болсын бірде коммуна мектеп үйі жоқ. Мұғалімдер даярлап шығаратын бір семинария я, не бір институт жоқ.

«Жоқтар» толып жатыр, бар нәрсе аз.

Бұған не шара?

Оқытудың керектігін айтып отыратын заман өткен. Енді халықтың көзін ашу ләжінә кірісуден басқа нәрсе қалмады.

Оқусыз надан күйімізбен бостандық, теңдікке ие болуымыз қиын. Олай болсабар күшімізді, алдымен халық-ағарту жолына жұмсамай болмайды. Біздің қазақ-қырғыздың жері Қазақстан, онан кейін Түркістан. Сондықтан екі республиканың хукіметтері бұл туралы ақылдасып, бір із, бір жобамен іске кіріссе ғана, бұл жұмыс іске асады» [3, 146].

1 Бұл комиссарларға кірген азаматтар, басқа қызметтерден азат болсын.

2 Екі комиссия дәйім хабарласып тұрып, бірінің жазғанын яки, тәржімә қылғанын бірі жазбайтын болсын.

Жазылып шыққан кітаптар тоқтаусыз басылатын шарасын қарастырылсын.

3 Сөз (термин) , программа бірыңғай болсын.

4 Бүгіннен бастап, оқытушылар даярлайтын курстар, семинарлар ашудың қамына кіріссін.

5 Оқытушыларды қазіргідей ана қызметке бір, мына жұмысқа бір әкетіп, көкпар тартқандай қылу тоқталсын.

Бұл айтылғандар ешкімге жат, жаңа нәрсе болмағанмен, бұл күнге шейін, халық-ағарту жұмыстары көңілдегідей жолға қойылмай келеді. Жаңадан оқу құралдары жазылу былай тұрсын, бұрынғы азын-аулақ кітаптардың өзі бұл күнге шейін басылмағандықтан, мектеп балалары мұғалімнің аузына қарап құр қол отыр.

Жаңадан мұғалімдер даярлайтын курстар, семинарлар ашылу былай тұрсын, бұрынғы Семейдегі қазақ семинариясы оқытушылар жоқтықтан жабылғандығын газеттерден көріп отырмыз.

Қазір Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты, Семей семинариясының аяғын құшқалы отыр.

Түркістан Республикасындағы қазақ-қырғыз зиялыларын қызметке тағайындау міндетін өз үстіне алып отырған, ТурЦИК қасындағы қазақ-қырғыз бөлімі бұған «Мархамат» айтып көзінің қырын салмаса, «Барымтаға» түсіп жүрген оқытушыларын өз орындарына қайтармаса, халықтың үміті, қуанышы босқа кетіп, қазақ-қырғыз институты жабылуына шақ жоқ.

Халық-ағарту жұмысын екпінді бастау дегеніміз рас болса, жоғары да көрсетілген шаралардың жүзеге шығуына тоқтаусыз қам қылсақ керек. Мұнсыз жұмысымыздың бәрі тұрлаусыз, тиянақсыз ашылады» деп жазды Күншығысұлы деген жасырын атпен.

«Шолпан» журналында бірнеше мәселелер басылып тұрды. Соның ішінде журнал бөлімдері:

- 1 Шаруашылық.
- 2 Партия тіршілігі.
- 3 Білім бөлімі.
- 4 Әдебиет бөлімі.
- 5 Бұйрық, жарлықтар.
- 6 Саясат бөлімі болып бөлінді.

«Шолпан» журналының ұлт рухани құндылықтарын жинастыру мен басу ісінде еңбегін бірнеше түрге бөліп жіктеуге болады.

- 1 Көркем әдебиет үлгілерін таратты.
- 2 Жаңа жазылған шығармаларды алғашқы таратушылар болды.
- 3 Мәдени сынды дамытты.
- 4 Ұлттық таным мен түсінікке негізделген тақырыптар мен идеяны көтерді.

5 Қазақ тілі мен мәдениетінің, өнерінің жанашыры ретінде насихатшысы бола алды.

1 Көркем әдебиет үлгілерін таратты. «Шолпан» журналында қазақ әдебиетіндегі, танымы мен түсінігіндегі, бұған дейінгі ауыз әдебиетінде таралған мұралар қайта жаңғырды. Бұл ұлттық мәдениет пен құндылыққа қажет деген тақырыптар таңдалынып алынғаны байқалады. Соның ішінде «Орхон жазуы», «Түркістан қырғыз-қазақтарының ескі тұрмысы туралы жазба сөздер», «Тауасар есепші» т.б. мақалаларын атауға болады.

2 Жаңа жазылған шығармаларды алғашқы таратушылар болды. «Шолпан» журналының беттерінде қазақ әдебиетінің классикалық шығармалары жарияланды.

М. Әуезовтің «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері» («Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында» деп аталатын туындылары), М. Жұмбаевтың «Шолпанның күнәсі», «Қорқыт», «Батыр Баян», Ш. Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» т.б. шығармалар алғаш рет «Шолпанда» жарияланды.

«Батыр Баян» – көркемдігі, кейіпкер бейнесінің ашылуы, оқиғалардың суреттелуі жағынан, мазмұн мен идея тұрғысынан да Мағжан поэзиясының ғана емес, қазақ әдебиетіндегі классикалық шығарма. «Қорқыт» поэмасы түркі халықтарындағы өлімнен қашқан Қорқыт бейнесін қайта жаңғыртады. «Шолпанда» жарияланған М. Әуезовтің «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Барымта», «Жетім» тектес тақырыбы ғана емес, құрылымы бөлек туындылар алаш әдебиеті қарымын танытты.

3 Мәдени сынды дамытты

«Орынборда биылғы басылған кітаптардың ішінде «Қызыл сұңқарлар» деген Сейфуллиннің бір кітабы шықты. Бұл өзі пьеса. Бірақ, бұл күнге шейін пьеса жазған жазушылар кітабына орынды, орынсыз болса да не комедия (күлкі) не драма (қайғылы хәл) не трагедия (қанды уақиға) дегендей аттарды қоюшы еді. Соныменен бұл кітаптың негізі, мақсаты, беті бір кітаптан айырылушы еді.

...Бұл сөздерге қарап, оқушы шұпқаланып жүрмесін. «Қызыл сұңқардың» пьеса екенінде дау жоқ. Себебі, сыртына, қазақшама сенбесең міне, орышам дегендей қылып қазақша-орысша да «пьеса» деп қойған.

Ал, кім де болса пьесалығына сендік, қазақтың тілінде жазылған қазақ өмірінен алынған қазақ пьесасында кейде қарап көрейік. Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесаларының мақсаты, бағыты, неше түрлі болғанменен бәрінің де әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол – пьеса ішінде сөзімен, мінезімен, ісімен кім екендігі анық көрінетін белгілі типтер шығару. Біреу жақсылықтың үлгісі, біреу жаманшылықтың айнасы, біреу қорқақтықтың, біреу бірліктің, біреу ақымақтықтың, біреу қаттылықтың тағы осы секілді көп мінездердің үлгісі болып көрінуіне керек. Сондай мінезімен көрінген адамдар әр тықылы бүтін бір таптың, бір таптың ішіндегі әр мінезді болып жаратылған адамдардың жақсы жағы да, жаман жағы да көрінетін болу керек. Сондықтан пьеса жазушылар әуелі типтерінің жайын ойлайды» [3, 120].

«Қоңыр» (М. Әуезовтің бүркеншек аты) деп ат қойған автор келесі тұстарды талдайды.

1 «Қызыл сұңқарлардың» тақырыбы мен кейіпкерлері.

«Шынында, Еркебұлан, Жұмаш, Жағфар, Лозуи, Нестеров ауырып қалғаны болмаса, Байділда түгелімен бірі айтқан сөзді бірі айтатын тұтас бір-ақ адам емес пе? Бәрінің мінезін жиып келсек, бір Еркебұланнан табылады, Лозуидің мінезін алсаң бәрінен табылады. Бәрінің хәлі бір, пікірі,

өмірі бір болғанмен де бірі оны ойлағанда бірі мынаны ойлайтын, бірі оны қиял қылғанда бірі басқаны қиял қылатын, сөйлесе алғы біріне-бірі шулыға бермей дауласатын да жерлері болады. Адамның шын өмірін алсақ осындайлардан құралады» [3, 120].

2 Пьесаның психологиясына талдау жасайды.

3 Қазақ тұрмысы, өмірі жоқтығын сынайды.

4 Еркебұлан деген аттың қазаққа, қазақ кедейіне келмейтіндігі айтылады.

«...Бұл атта мырзалық пен серілік бар. Бұла болып, болпаш болып өскен, ерке жалғыздың сипаты бар. Болмаса басы ауған жағына кететін сайдың сипаты бар. Бірақ, бұл атты еш уақытта еңбекшілдік қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды. Ол болмаса, бұл адамның аузынан көбігін ағызып жүрген елшілдігі, еркелігінен болатындығынан шыққан ғана уақытша бір мінез болу керек. Онда негіздің жоқтығы білінеді» [3, 120].

5 Образдардың дұрыс ашылмағандығынан да шығарманы талдаудың қажеті шамалы дейді.

6 «(целесообразность) дегенінен алыс тұрған қалыптарына қарағанда бұл кітапты өзге жақтарынан сынау орынсыз деп білемін» [3, 120].

7 Үгіт-насихат түрінде жазылған. Көркем шығарма емес деген пікірді айтады.

«Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатын сол қазақ әдебиетінің жұрнағы болып ішінен орын алуы не ғайып, олай болса қызыл түсті сұңқар көрінгенше, бұл кітаптың ішіндегі шала көрінген геройлардың сұңқарлығы да түсініксіз бола тұрар» [3, 120].

4 Ұлттық таным мен түсінікке негізделген тақырыптар мен идеяны көтерді.

Журнал беттерінде көтерілген тақырыптар ел ішіндегі өзгерген танымды, жаңа бет тұстарға бет алған жат қылықтарды сынады. Сола арқылы ұлттың салт-дәстүрі мен танымына негізделген идеялық ойларды насихаттады. Сол жолдың анықталғандығын, дұрыстығын дәріптеді. Сондықтан да шығармалардағы ұлттық таным мен түсінікке көп мән берілген сияқты. Осы арқылы қазақтың ғасырлар жсалаған әдеби мұраларын қайта қоғамға ыңғайлай отырып, жазба әдебиетінде жаңғыртып, көремдеп, жаңа бйнелермен қайта жасап, ұсына бастады. Өткеннің жақсылықтарына оралтты. Соның ішінде М. Жұмабаевтың осы кездегі жазылған туындылары өзгеше болды. Ташкент кезі Мағжан шығармашылығындағы жаңа сипатты, ұлттық құндылықтарды көтере жырлаған шақ. Сондықтан да осы кезге «Қорқыт» пен «Батыр Баянды» және қазақы үлгіден, дәстүрден кеткен «Шолпанның күнәсі» туындылары жазылды.

5 Қазақ тілі мен мәдениетінің, өнерінің жанашыры ретінде насихатшысы бола алды.

Журнал жанында Білім кеңесі құрылды. Кеңестің құрамында А. Байтұрсынов, Молдағали, Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Елдес Омаров, Мұхтар Мырзаұлы, Нәзипа Құлжановалар, олардан бөлек Аспандияр Кенжеұлы, Телжан Шонанұлы және т.б тұлғалар болды.

«Ұлттың рухани көсемі» А. Байтұрсынов бастаған топ бірнеше мәселелерді шешті.

1 Қандай пәндер бойынша кітаптардың қажеттігін;

2 Бұл кітаптарды кім жазатындығын;

3 Блашақта қандай ғылым салаларының қамту керектігін айқындады.

4 «Оқу кітаптарын даярлау туралы» қаулы қабылдаудың негізін жасады.

Кейіннен Сәрсенов «Өлшеу», Омаров пен Кемеңгеров «Жаратылыс ғылымы», Ғалымжанов «Физика», Бөкейханов «Қазақ жағрапиясы», Тілеулин «Денсаулық ғылымы», Омаров «Бастауыш алгебра», Жұмабаев «Әдебиет ғылымы» оқу кітаптарын, сондай-ақ сол пәнінің үйрету әдісін де қоса жазатын болып бекітілді.

Бұл қаулыда қарастырылған мәселелерді сол кездегі білім беру ісіннің жаңа тұжырымдамасы десе де болғандай. Осы топ жұмысының нәтежиесінде алғашқы лекте Байтұрсыновтың «Оқу құралы» 15000 дана, III бөлегі 10000 дана, Дулатовтың «Есеп құралының» I бөлегі 20000 дана, II бөлегі 15000 данамен қазақтың жас өскіндерінде жол тартты.

Үкіметтің түрлі қысылтаң жұмыстарымен бірге А. Байтұрсынов басқаратын «Білім кеңесінің» алдында оқулықтарды жедел дайындау міндеті тұрды. Әрбір сөйлеген сөз, жазған сөйлеміне қазақтың болашақ тағдырын сиғызған ұлт зиялылары әсте аяқ алысынан жаңылған жоқ. Қаншалық қажетті, қаншалық жедел болған сайын, соншалық сапа, солқұрылым құндылықты талап етті. Оқу кітаптарының сапасы екінші орынға ысырылып қалған жоқ. Қажетті болғанынша қарамастан кейбір жарамсыз табылған кітаптар жоспардан алынып тасталды.

«Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы № 105 нөміріндегі «Ғылым, әдебиет майданынан» мақаласын оқып отырып, осыған көз жеткізуге болады: « Кеңестің қарап, басуға лайықсыз тапқан кітаптары толып жатыр. Мәселен Қарашұлы Омардың «Оқу құралы», Мұсатапұлы Сейітбаттаалдың «Алтын ордасы», Баржақсыұлы Ахметтің «Мың мақалы», Гуглинскийдің «Планеталардың айналуы» [3, 5].

«Шолпан» журналының 6–8 нөмірлері бірігіп шығарылған саны да ұлы ғұламаның баға жетпес еңбегі жөнінде көлемді мақала жарық көрген. Мақала жазушы Х. деп қол қойған. Бұл еңбек Халел Досмұхамедұлының қолынан шаққан. Бұлай деуімізге осы мақаладан кейін Халел Досмұхамедовтің «Қазақ

тіліндегі сингармонизмдер» деген мақаласының басылуы дәлел. Екі мақалаға бірдей атын толық жазуды дұрыс деп таппаған. Бұл журнашылардан көптеп кездесетін тәжірибе.

«Шолпан» журналының қазақ тұрмысына, мәдениетіне қажет тақырыптарға көп барғандығының бір дәлелі – денсаулық, оқу-ағарту, білім, әдебиетпен қана шектелмей, жаңа тұрмысқа төселу, жаңа мәдениетті үйретудің де құралы болғандығын айтқан жөн. Соның ішінде бала тәрбиесіне қатысты мақалаларында қазақ дәстүрлі тәрбиесі мен ғылым мен білім арқылы дәлелденген шетел бала күтіміне байланысты тәжірибелерін де ортаға салды.

«Қанша уақыт баланы емшекпен асырау керек деген сөзге, қысқа жауап беруге болмайды. 12 ай, 16 ай, 20 ай емшекпен бала асырайтындар болады. Баланың салмағы жақсы болса, емшекпен ертерек айырса да, теріс болмайды. Жалпы қағида, 8-10 айдан бұрын, баланы емшектен айыртуға болмайды. Шілденің ыстық күндерінде, емшектен баланы айыруға жарамайды. Себебі, ыстық уақытта баланың тамағы өзгерсе, асқазаны оңай күзеледі, жазғытұрым яки, күзгікүнгі аласапыран уақытта да баланы емшектен баланы айыру болмайды. Тісі жаға жарылып, шығып келе жатқан баланы да, емшектен айыру қате» [3, 187–188].

«Шолпан» журналында білім жолын көздеген материалдарға кең орын берді. Орхон жазуы туралы бірнеше сөз, Жер сілкіну, Дарвин сөзінің негіздері, Өсімдіктердің түзілісі, Ауа, Көктен түскен тас деген тағы да басқа мақалаларының ғылыми-тәрбиелік, үгіт насихаттық маңызы зор екенін айтқан жөн. 1923 жылы наурыздағы нөмірінде «Дивани лұғат-ат түрк» кітабының 1916 жылы Стамбул қаласында үш кітап болып қайта басылып шығуына рецензия жариялайды. Бірақ, рецензиядағы өте маңызды деректер, оны ғылыми болжам, пікір сатысына көтеріп тұр. Мақалада кітап авторы Махмұд Қашқаридің мынандай сөздері бар: «Мен өзім түрік қауымдарының шаһарларын, далаларын кезіп жүрдім. Түріктің тілін, хәм әдебиетін үйрендім. Түрік болсын, түрікпен, оғуз, яғма, қырғыз болсын олардың тілі, әдебиеттерін білдім» [3].

«Шолпан» бұл мақалада түрік тілдес халықтарға жататын қазақ ұлтының да өткен тарихын баяндайды. Түрік тобындағы елге жататын қазақ халқының да өткен тарихына кітаптың қатысты екенін ескертеді. «Түрік халқы... сұлу, жүзі күліп тұрған... айтқан сөзінен қайтпайтын, уәдесіне берік халық» [3]. Ал журналдағы түркі халықтарының тарихына байланысты «Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы» деген мақала бұл жөніндегі едәуір маңыздылығымен көзге түседі. 1923 жылдағы № 6, 7, 8 жұртқа құлақ қағыс етілген бұл мақала түйіні қазақ, қырғыз халықтарының шығу тегі, аталуы, қалыптасуы, мәдениеті, тілі тағы басқалары қаралып, жариялау арқылы өнер-білім, ғылым пайдасын көрсетуді мақсат еткені байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Шолпан» журналы 20-ғасыр басындағы танымы, дәстүрі, мәдениеті, түсінігі, саясаты еріксіз өзгерген қазақ қоғамдық ортасына қажет тұстың барлығына көмекші, жәрдемші бола білді. Сонымен бірге жаңа өмірдің жақсы сипаттарын ұлт дамуына қажет тұстарын насихаттаушы да болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 2 «Айқап» газеті // Құрастырушылар Сухбанбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 366 б.
- 3 «Шолпан» журналы / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 475 б.
- 4 «Ақ жол». Көптомдық. 1-том. / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015 – 380 б.
- 5 **Омашев, Н.** Алаш басылымдары. «Айқын» газеті 2009. 22.06.
- 6 Әуезов және архив. – Алматы : Атамұра, 1997. – 23 б.
- 7 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет, – Астана : «Фолиант», – 2002, – 474 б.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

С. Т. Еликпаев¹, Б. К. Капасова²

Журнал «Шолпан» – источник духовного наследия казахской печати

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

S. Yelikpaev¹, B. Kapasova²

The magazine «Sholpan» is the source of the spiritual heritage of the Kazakh press

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

В статье анализируется место журнала «Шолпан» в казахской журналистике. Рассматриваются темы разных авторов, разные мировоззренческие и классовые взгляды.

В журнале «Шолпан» опубликованы статьей разных актуальных тем казахского народа начало 20 века. Начало 20 века отличался с мировыми изменениями. Журнал охватывает и мировые темы. Авторы статей проводят анализы журналистических исследований авторов журнала. Также отмечается, что в журнале много внимания уделяло на тему литературы и духовности народа. В статье также выявлены отличия журнала от других журналов начало 20 века. Эти отличия особенно отмечаются в научных статьях великих писателей казахской литературы М. Ауэзов, Ж. Аймауытова. Роль журнала «Шолпан» отмечается в распространении и в пропаганде актуальных тем в обществе. Народные и национальные интересы были самые главные темы не только в начало 20 века, и в эпохе глобализации.

The article examines the place of the magazine «Sholpan» in Kazakh journalism. Covers the different authors of different ideological and class views.

In the magazine «Sholpan» articles published different relevant topics of the Kazakh people of the beginning of the 20th century. The beginning of the 20th century was distinguished with the world changes. The magazine covers world topics. The authors of the articles analyse the journalistic studies of the journal's authors. It is also noted that in the magazine much attention was paid to the subject of literature and spirituality of the people. The article also revealed differences between the magazine and other magazines of the early 20th century. These differences are particularly marked in scientific articles of the great writers of Kazakh literature M. Auezov, Zh. Aimaulytov. The role of the magazine «Sholpan» is noted in the dissemination and promotion of relevant themes in society. National interests were the most important topics not only in the beginning of the 20th century, and in the era of globalisation.

FTAMP 17.07.29

Қ. Т. Жанұзақова¹, А. Нурсали², А. Жалғасбай³

¹Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы; ²Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы; ³Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru; ²aidana_091090@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық құндылықтардың бейнеленуі және рухани сана пен оны жаңғырту мәселесі қарастырылады. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі қазақ прозасының тақырыптық, стильдік, көркемдік әдіс тұрғысынан жаңаруы мен авторлық шешім, адам тағдыры, ұлттық рух, рухани тәрбие мәселелері зерделенеді. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері, олардағы ұлттық болмыс көрінісі талданады. Проза жанрындағы жаңашылдық, түр, көркемдік әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсудегі шығармашылық ізденістер, шығармалардағы ұлттық сипат туралы сөз болады.

Сонымен қатар, рухани жаңғыру арқылы ұлттық әдебиет өзінің жүріп өткен жолы мен өз тарихында жасалған рухани құндылықтарға қайтадан қайырылып, оларға баға беруге, әлдебір тұтастық ретіндегі адам баласының қол жеткізген қазіргі әлемнің жағдайымен өзінің сәйкесетін, сәйкеспейтін тұстарын салыстыруға мүмкіндік беретінін айқындайды. Өйткені, бүгінгі күннің басты идеялық талабына айналып отырған ұлттық болмысымызды танытатын рухани жаңғыру мәселесі әдебиетте де жүйелі түрде қайта қарастыруды талап ететіндігі түсіндіріледі.

Кілтті сөздер: тәуелсіздік кезеңі, проза жанры, тақырып, ұлттық құндылықтар, рухани жаңғыру.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма бес жыл ішінде қазақ елінде болып жатқан түрлі қоғамдық, саяси, экономикалық өзгерістер рухани өмірімізді де жаңа белестерге шығаруда. Кеңестік отаршылдықтың салдарынан тың игеру кезеңінде, Ұлы Отан соғысы жылдарында, 70–80-жылдардағы қоғамдық өмірде әдебиетті жандандыру түгілі, туған тілінде сөйлей алмайтын халге жеткен қазақ халқының әдебиеті біршама тоқырауға ұшырағаны белгілі. Алайда, көркем прозада кеңестік идеологияға, яғни ұлттық рухты жаттандыру саясатына оппозициялық көзқараста болған Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Б. Майлин секілді әдебиет тарландары қазақ көркем әдебиетінің деңгейін төмендетпеу, қазақ прозасының жандандыру жолында аз тер төкпеді.

Тәуелсіздік туы желбіреген кезден бастап көркем әдебиет уақыт көшінен қалмай, жаңа ізденістер жолына түсті. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейді, жанрлық объектілері көбейді.

Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі қанатын кең сермеп, кезінде жазылмақ түгілі айтуға болмайтын тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Сондай-ақ, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әдебиетке жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді. Әдебиет өмірді бұрынғыдай таптық аяда бейнелемей, әлеуметтік-шаруашылық мүддені емес ұлттық мүддемізді жоқтаған күрескер кейіпкерлерді алға тартты. Тәуелсіздік жылдарындағы проза кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргіннің сырын тереңдете ашуға бет қойды. Руханият мәселелеріне терең бойлауға мүмкіндік туды. Уақыт талабына орай тереңге тамыр жайып, жаңа сапалық қасиеттермен толыса түскен әдебиетіміздің қуатты бір бұтағы прозада өзгеше бояу, соны нақыштар, рухани ізденістер бой көрсетті [1, 420].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ әдебиеті дамудың жаңа белесіне көтерілді. Бұл тұста қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәуірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік берді. Тарихымыз бен мәдениетіміздің көлеңкелі жақтарының ашылуының ұлтымыздың рухани өміріндегі маңызы ерекше.

Қазіргі көркем прозамыздың өзінен көптеген көркем шығармаларды жаңалық ретінде айтуға негіз бар. Мысалы, Ә. Нұрпейісовтың «Соңғы парызы», М. Мағауинның «Жармағы» кезінде үлкен дүмпу туғызды. Қоғамдық санаға қозғау салды. Т. Нұрмағамбетовтың «Мешкейінің» идеялық салмағы аса ауыр, ерекше туынды. Т. Әбдіктің «Ақиқаты», «Парасат майданы» ұлттық сөз өнерін биіктеткен, ұпайын түгендеп, еңсесін көтерген повестер. Қазақ әдебиетінде стильдік-формалық ізденісі ерекше шығармалар: М. Жұмабаев «Шолпанның күнәсі», О. Бөкей «Атаукере», «Қар қызы», «Жылымық», Т. Нұрмағамбетов «Кене», «Айқай», «Ұлттың дерті», Т. Әбдік «Оң қол», «Тозақ оттары жымыңдайды», М. Мағауин «Жармақ», Т. Шапай «Күлкі және көз жасы», «Үйдің иесі», Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар» М. Омарова әңгімелері, Қ. Әбілқайыр «Қағаз қала», Ы. Дәбей «Мөлтіл», Б. Сарыбай «Жалғыздық жыры», Е. Әбікенұлы «Министр».

Тәуелсіздік жылдарындағы проза баяндау күрделілігімен, көп деңгейлігімен ерекшеленеді. Жазушы бейнеленген оқиғалар бірнеше кеңістіктік, уақыттық желілерде қатар өтеді. Кейде олардың арасындағы шекара жойылып, оқиға шарттылығымен, иллюзиялық, салыстырмалы сипатымен танылады.

Дегенмен, қазіргі қазақ прозасында әлі де жазылмаған тақырыптар жеткілікті. Солардың бірі адамның рухани қасиеттері, яғни, ар-ұят, еркіндік, жауапкершілік, тәубе, махаббат мәселелері осыған дейінгі жазылған осы іспеттес шығармалар желісінде болғанымен, заман талабына сай жаңа қырынан талқыланып, талдануы тиіс. Осы кезеңдегі повестер мен романдардағы сюжеттер «ашықтығымен, еркіндігімен және оқиға дамуының сан тарам желілерімен» сипатталып қана қоймай, ұлттық сана-сезімде, ұлттық нақышта да жазылуы тиіс.

Бұл мәселеге Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында баса назар аударылған [2]. Яғни, ұлттық бірегейлік пен ұлттық санамыздың алтын сандығында мәңгі сақталып, әрқайсымыздың ұрпағымыздан ұрпағымызға аманаттап тапсырып, өсиет қылып, мирас етіп қалдырып отырар қасиетті де құнды дүниелерімізді қайта жандандыруымыз қажет. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деген Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың және де «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», – деп ұлттық санамыздың қайнар көзін ашып көрсеткен деп санаймыз.

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деген Елбасымыз

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ мәдениеті мен әдебиетін әлемге таныту мәселесін көтерді.

Рухани жаңғыру арқылы ұлттық әдебиет өзінің жүріп өткен жолы мен өз тарихында жасалған рухани құндылықтарға қайтадан қайырылып, оларға баға беруге, әлдебір тұтастық ретіндегі адам баласының қол жеткізген қазіргі әлемнің жағдайымен өзінің сәйкесетін, сәйкеспейтін тұстарын салыстыра бажайлауға мүмкіндік алады. Дамудың жаңа сапалық кезеңіне бірден көтерілгенде ұлттық сана ерекше өзгеріске түседі. Оның алдынан әлемнің барша халықтары жинаған қазыналар ашылады. Қазақ прозасын жаңғырту жолында біз ұлттық проза жанларының түп негіздерін халық ауыз әдебиетінің мұралары: лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан, жыраулар шығармашылығының басты жанры – толғаулардан, шежірелерден іздейміз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы шын мәніндегі тарихи мәні зор, халқымыздың ұлттық сана-сезімін биік деңгейге көтеретін, үлкен ойдың, тұғырлы тұжырымның жемісі болғандығы еш дәлелдеуді қажет етпейтін айқын шындық. Шығармаларының рухани-идеялылығымен ерекшеленетін талай әдебиет саңлақтары қанша уақыт өтсе де халықпен бірге өмір сүріп келеді. Атап айтқанда, ұлттық әдебиетті жедел дамытқан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин сияқты тұлғалар қашанда ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен. Солар арқылы Алаш ұранды кезеңнің көркемдік шындығы зерделенеді. Ал ұлттық әдебиетті әлемдік мәдени процесс биігіне көтерген Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев тұлғалары мен олардың әдебиеттегі мәртебелі реформаторлық қызметі бүгінгі таңда аса қажет. Аталған тұлғалардың шығармашылықтарының идеялық-рухани, көркемдік-эстетикалық, тілдік құбылыстар әлемін әдебиетші, тілші ғалымдар қал-қадірінше әр қырынан, жан-жақты зерттеп-зерделеп келеді. Әйтсе де, саңлақ суреткерлердің бүгінгі күннің басты идеялық талабына айналып отырған ұлттық болмысымызды танытатын рухани жаңғыру арналары толығымен жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді.

Тәуелсіздік жылдарда жазған жаңа тұрпаттағы шығармалары көркемдік әлемді игерудің тың арнасын қалыптастырып, ұлттық рухты сілкіндіретін өзгеше дүбірлі құбылысқа айналдырып отырған әйгілі жазушы – М. Мағауин. Әлемдік әдебиетке түрік рухының тыныс-демін әкелген классик жазушының әсіресе соңғы кезде жазған кезкелген шығармасы формалық тұрғыдан мүлде күрделі, әдіс-тәсілі тосын. Әйткенмен бұл туындылардың арғы қатпарында, терең діңінде халық мұрасының құнарлы да айшықты белгілері мол болғандықтан оқырманды тылсым табиғатымен қызықтырып баурап алады.

М.Мағауиннің «Ұлт аралық жанжал» атты туындысының қаны қазақ, рухы қазақ сүйсініп оқитын шынайы әңгіме екендігі көркемдік қуатының кемелділігінен көрінеді. Шығармада сатиралық фон, емеурін, тұспал, символ, күлкі қатар өріліп отырады. Күлкі болғанда, гротеск, ирония мен ащы әжуа. Шығармадағы Алматы маңындағы кішкентай Рахман ата ауылы – Қазақстан мемлекетінің моделі тәрізді. Автор «Анау Марат сияқты бұралқыны төрге шығарудың зардабын да көрсетеді, ұлтаралық келісім дегенді желеу етіп, ата жұрт иелерінің бөтендерге есесі кете беруінің қаупін де алға тартады. Тілді, елді, рухты қорлағысы келіп, менсінбеу, қазақтың кеңдігін ұдайы бас пайдаларына пайдалану, қазақтың қашан да ерен төзімділігі, балақтағы биттің басқа шығуы – бәрі сатиралық уытты тілмен әшкерелеген. «Ал, қазақ... Тәуелсіздік алдың, енді атаңның басы керек пе?! Ел иесі екендігі қашан ұғасың?» туынды соңы осылай аяқталады. Оқыған жанның ұлттық намысының оянуына түрткі болатын бұл риторикалық сауал саналы әрбір қазақ жүрегіне ой салады. Демек, ұлттық идея қазіргі прозамызда жанама сипатта көркемдік мән иеленеді. «Ұлттық идея біздің ортақ тағдырымыздан туындайтыны белгілі болып отыр [3, 454].

«Ұлт аралық жанжал» – қазақ халқы тәуелсіздік алса да құлдық психологиядан құтыла алмай отырғандығын шынайылықпен бейнелеген шығарма. Отарлау саясатымен қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің көптеп қоныстанғандығын бүгіндері ғана айтып жүрміз. Бұл туындыда ең жақсы қонақжайлық қасиеті өзіне сор болып жабысқан қазақтың өз елінде жүріп келімсектерге жалтақтап, солардан асып кете алмай, жетім баланың күйін кешіп жатуы ащы болса да ХХІ ғасыр шындығы екендігі айқын [4].

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиетіндегі жаңашыл пайымдаулар рухани түлеудің жаңа бір кезеңі болды да, көркем санаға жаңа ұстанымдарды алып келді. М. Мағауиннің «Құмырсқа қырғын», «Коммунистік реализм», «Қасқыр – Бөрі», «Қисық ағаш» шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелерін саралайды. Жазушыларымыздың өз шығармаларындағы суреткерлік көзқарасын тұспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі, айтар ойын немесе ишара мен символикаға ден қоюы – осы кезең әдебиетінің бір нышаны. «Образ сомдауда да, характер ашуда да түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа бейне жасауда жазушылар біршама жетістіктерге жеткен. Мұхтар Мағауиннің, Қабдеш Жұмаділовтің, Бексұлтан Нұржекеевтің, Шерхан Мұртазаның шығармаларынан бүгінгі күн адамдарының бейнесін ғана емес, қазіргі өмірдің бүкіл болмысын, тыныс-тіршілігін кескін-келбетін толық танып, таразылауға болады. Рухани тереңдігімен қазақ әдебиетінің тағы бір сатыға жоғарылауына септіктерін тигізген жоғарыда аты аталған жазушылар шоғы-рының шығармашылығын танып білу барысында оның астарында көптеген ізденіс, талап пен талғам,

жігер жатқанын аңғарамыз [5, 46]. Тәуелсіздік тұсындағы прозалық туындыларда көркемдік тәсілдер күрделеніп, метафоралық, аллегориялық, гротескілік ойлау жүйесі дамыды. Жаңарған проза табиғаты ұлт ұғымына сәйкес өз оқырманына тосын құбылыстарды жаңаша көркемдік тәсілдермен бейнелеу тұрғысынан ерекшеленеді. Абстрактілі ұғымдарды заттандыру, адам мен оның барлық ішкі сыртқы болмысын тұлғаландыру арқылы жаңа сипатты ой айтудың көркемдік әдістері прозада жаңаша қалыптасты. Ең негізгі бір ерекшелік – бұл шығармалар ақиқатпен әдіптеліп, шындықпен суарылған. Сол себептен де ХХІ ғасырдағы деректілік пен нақты ақпаратты талап ететін жаңа буын оқырманның сұранысына жауап беріп отыр.

Қазіргі прозалық шығармалар тек тақырыптық, образдық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ерекшелік, поэтикалық стиль тұрғысынан да жаңарып, түлегені байқалады. Жаңа тақырып пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі тілдік айшықтар арқылы да қаламгерлердің даралық қолтаңбасы айқындалады. Адам және оның өмір сүріп, тіршілік етер ортасындағы заттық әлем арасындағы қарым-қатынасты суреттеу көркем әдебиетте үзіліп қалған үрдіс болатын. Бұл кемшілік, әсіресе, ұлттық әдебиеттерде туған жер, өскен орта, ұлттық ерекшеліктерін тануды тұмшалау салдарынан орын алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада біз осы олқылықты жоюға тырысқан қазіргі қазақ прозасының кезеңдерін қарастырдық. Әдебиет ұлттық сананың бастауы, ұлттық рухани құндылықтардың қазынасы, ұлттық өмірдің айнасы екенін дәлелдеуге тырыстық. Адамзат қоғамынан әдебиетті алып тастасақ, оны көзге елестету қиын. Ұлы жазушылардың шығармалары халықтың ұлттық өмірінің энциклопедиясы, үлгісі іспеттес. Шын мәніндегі үлкен жазушылар замана қысымына көнбей, туындыларында өз дәуірінің ұлттық, халықтық құндылықтарымен суғарылған шынайы көркем бейнелерін жасайды. Ал қазіргі рухани құндылықтар қадірі құлдыраған заман бейнесін берерлік қатыгездікті осындай әфсаналық сипаттағы мораль кодекстері, ойлы дүниеге опасыздық танытқандарға ой саларлық оқшау оқиғалы, оғаштау ойлау жүйелері, жаңаша жазу стилдері бүгінгі көркемдік танымдағы өзгеше өрнекті, тың талпыныстарды танытады.

Ұлттық рух, сана, дәстүр, дін, діл, тіл, т.б. қасиеттер ұлттың рухани құндылықтары қатарында ұлтпен бірге өсіп не өшіп отырады емес пе? Өйткені, А. Байтұрсынов айтқандай: «Ұлттық сана дегеніміз – ұлттың өзін сезінуі және түсінуі, сезімге әрі ой-пікірге арқа сүйейтін ұлттық сана болады». Ал өшіп бара жатқан және өсіп келе жатқан ұлттық, рухани құндылықтарымызды жаңғыртатын, жандандыратын – біздің әдебиетіміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. Тәуелсіздік кезеңі (1991–2001). – Алматы : ҚазАқпарат, 2006. – 420 б.

2 **Назарбаев, Н.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан, 15 қаңтар 2017. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

3 **Мағауин, М.** Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы : Қағанат, 2002. – 454 б.

4 **Мағауин, М.** Қазақсыз Қазақстан (ғылыми мақала)//АВАІ.KZ ақпараттық порталы 16–20. 09. 2013 ж.)

5 **Елеукенов, Ш.** Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. – «Ақиқат», 2004. № 1. – Б. 44–46.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова¹, А. Нурсали², А. Жалғасбай³

Национальные ценности и духовное возрождение в современной казахской прозе

^{1,2,3}Факультет казахской филологии и мировых языков, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 29.05.18.

К. Т. Zhanuzakova¹, A. Nursali², A. Zhalgasbay³

National values and spiritual revival in modern Kazakh prose

^{1,2,3}Faculty of Kazakh Philology and World Languages, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan. Material received on 29.05.18.

В статье рассмотрено духовное возрождение национальных ценностей в современной казахской прозе. А также исследуются тематика, стиль, художественные особенности современной казахской прозы, анализируются национальная идея и нравственные ценности в прозаических произведениях современности. Вместе с тем, рассматриваются новизна прозаического жанра, творческий поиск усовершенствования видов, художественных методов и национальный характер в произведениях.

Кроме того, посредством духовного возрождения национальная литература показывает, что путь ее возникновения и духовные ценности, созданные в ее истории, меняются и оцениваются, сравнивая несовместимые и неудовлетворительные аспекты человеческого существования настоящего мира в целом. Потому что вопрос духовного возрождения, который является отражением нашей национальной идентичности, должен регулярно просматриваться в литературе. Литература – это происхождение национального сознания, сокровище национальных духовных ценностей, зеркало национальной жизни, без которого трудно представить человеческое общество.

The article considers the spiritual revival of national values in modern Kazakh prose. And also talks about the subject, the style of modern Kazakh prose, representatives of modern Kazakh prose and their works, the analysis of the national reality in the prose. The novelty of the prosaic genre, the creative search for the improvement of species, artistic methods and the national character in the works.

In addition, through spiritual revival, national literature shows that the path of its emergence and the spiritual values created in its history are changed and evaluated by comparing the incompatible and unsatisfactory aspects of the human existence of the present world as a whole. Because the question of spiritual revival, which is a reflection of our national identity, should be regularly reviewed in the literature.

Literature is the origin of the national consciousness, the treasure of national spiritual values, the mirror of national life, without which it is difficult to imagine human society.

FTAMP 19.41

Г. А. Жұмабекова

аға оқытушы, Қазақ тілі және журналистика кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: zhumabekova.gaukhar@mail.ru

**М. МАҒАУИННИҢ «ҰЛТСЫЗДАНУ ҰРАНЫ»
КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ ҰЛТСЫЗДАНУ ҮДЕРІСІ**

М. Мағауиннің «Ұлтсыздану ұраны» көсемсөзі зарлы толғау түрінде жазылған. Мақала он бес тақырыптан тұрады. Әрбір тақырып қарастырылып, талданды. Ұлттың тағдырына қатысты ұлттық рух, ел, ауызбіршілік, мемлекеттік тіл, адамгершілік, көші-қон, баспасөз, сөз бостандығы сияқты келелі мәселелерді дер кезінде көтеруімен құнды еңбек болып саналады. Мақаланың көлемі жетпіс беттен асып артылады. 90-жылдарда ғылым мен шығармашылықтың тоқырап, күйзеліске ұшырағанын жазады. Отаршылдықтың зардабы қазақ қоғамына, қазақ зиялыларына қаншалықты зиян тигізгенін ашып айтады. Мақаладағы негізгі мәселе – ұлттық рух, қазақ қоғамының ұлтсыздануы болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі негізгі ахуалға айналған жағымпаздықтың белең алушылық мәселесі көтеріледі. Көсемсөзгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол кездегі көкейтесті мәселелерді, әсіресе ұлттық идеяны насихаттауды жазушылар қауымы емес, журналистер атқарғанын айтып, бір жағынан қынжылса, екінші жағынан шындықтан тайсалмайды. Қазақ көсемсөзгерлері арасында ұлттық мәселелерге алғаш батыл қалам тартқан М. Мағауин екендігі нақты мысалдармен дәлелденеді. Қаламгердің жалпы көсемсөзіндегі ерекшеліктеріне де баса назар аударылады.

Кілтті сөздер: көсемсөз, толғау, ұлтсыздану ұраны, тәуелсіздік, тарих, ұлттық рух, ерекшеліктер, бірлік, мемлекеттік тіл, қазақ тілді баспасөз.

КІРІСПЕ

Он сегіз жыл бойы «Жұлдыз» журналын басқарып, яғни 1988–2006 жылдар аралығында бас редакторлық қызмет атқарған М. Мағауиннің бүкіл өмір жолы ала қағаздан қолы босамағандығын аңғаруға

болады. Көркем шығармаларын айтпағанның өзінде, көсемсөз толғауларының өзі сан-салалы тақырыптарды қамтып, ұлттық көсемсөзге жаңаша көзқарас, ерекше бағдар әкелді. Танымал прозашы, көсемсөзгер, әдебиетші Г. Бельгер өзінің «Күнделік беттерінен немесе соңғы соқпақ» деп аталатын жазбасында М. Мағауинге былайша баға берген екен: «Өз басым Мағауинді жоғары бағалаймын (қазіргі қазақтың көзі тірі екі классигінің бірі деп. Екіншісі – Әбіш Кекілбаев). Терең ойлы, тағлымды жазушы, сирек ұшырасатын суреткер, ғұлама, ғалым. Қазақтың дарабоз Мұхтар Мағауині!» [1, 171 б.]

М. Мағауин көсемсөзіндегі ерекше бір арна, ол – тарих. Тәуелсіз ел ең алдымен, тарихын танып, зерттеп, өткенін түгендеп, болашағын бажайласа керек. Кезінде отаршылдықтың кесірінен ұлы қазақ тарихын бұрмалап, теріс оқытып, сананы улап, бүкіл руханиятымызға қиянат жасалғаны белгілі. Енді тәуелсіздіктің арқасында мұндай бұрыс көзқарастан арылу үшін қазақ тарихы қайта қолға алынып, ақиқатын танытуға, ұлттық сана, ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша зерттеу қажеттілігіне ден қойылды. Осы орайда, тым күрделі, аса жауапкершілікті талап ететін тарих деген «алыпты» алғаш зерттеу нысанына алған М. Мағауин болды. Оған оның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, нақты айтсақ, 1993 жылы «Қазақ тарихының әліппесі» атты деректі толғамын жатқызамыз. Жетпіс жыл бойы қазақ тарихының бұрмаланып, дұрыс жазылмағанын тың деректермен алғаш дәлелдеп берген ол, бірнеше зерттеу нысанына айналатын тақырыптарды да алға тарты. Сондықтан да, бұны тілге тиек еткенді жөн көрдік. Бұл тақырыпқа әлі алдағы зерттеуде арнайы тоқталамыз. Ал, бүгінгі зерттеуіміз «Ұлтсыздану ұраны» көсемсөзіндегі ұлтсыздану үдерісіне арналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

М. Мағауиннің «**Ұлтсыздану ұраны**» атты зарлы бір толғауының өзі он бес тақырыптан тұрады. Ұлттың тағдырына қатысты ұлттық рух, ел, ауызбіршілік, мемлекеттік тіл, адамгершілік, көші-қон, баспасөз сияқты келелі мәселелерді дер кезінде көтеруімен құнды еңбек болып саналады. Осы ретте ұлтсыздану ұранына байланысты айтылған Әмірхан Меңдекенің мына бір пікірі назар аударарлық: «Уақыт пен заманның тынысын тап басып танушылық, адам танығыштық, аңғарғыштық, асқан байқампаздық, айрықша сезімталдық, ерекше сезінгіштік, жүйрік интуиция, шалқар дарын, терең білім, мол тәжірибе. Мұхтар Мағауиннің бойынан артығымен табылатын осы қабілет-қасиеттер оған Қазақстанның ұлтсыздануға ұрынғанын да баршамыздан бұрын сездіртіп, бәрімізден ерте дабыл қақты» [2, 5 б.] – деуінен-ақ көсемсөзгердің қаншалықты ұлт жанашыры екені бағамдалады.

Мақаланың көлемі жетпіс беттен асып артылады. 90-жылдарда ғылым мен шығармашылықтың тоқырап, күйзеліске ұшырағанын жазады.

Отаршылдықтың зардабы қазақ қоғамына, қазақ зиялыларына қаншалықты зиян тигізгенін ашып айтады. Мұндағы негізгі мәселе – ұлттық рух, қазақ қоғамының ұлтсыздануы. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі негізгі ахуалға айналған жағымпаздықтың белең алушылық мәселесін қаузаиды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол кездегі көкейтесті мәселелерді, әсіресе ұлттық идеяны насихаттауды жазушылар қауымы емес, журналистер атқарғанын айтып, бір жағынан қынжылса, екінші жағынан шындықтан тайсалмайды. 2000-жылдардың бастапқы кезеңі еліміз үшін өте ауыр болғаны белгілі. Соған қарамастан, қазақ зиялылары, қаламгерлері, көсемсөзгерлері ұлттық мәселелерге қалам тартса да, дәл М. Мағауиндай батыл да зарлы үн қосқан кемде-кем деп айтуға толық негіз бар. Өйткені, «Қазақстанда 700-ден астам ақын-жазушы бар болса, соның ішінде біздің ұлтсыздануға ұрынғанымызды, ұрынғанда да оңбай ұрынғанымызды алғаш рет тапжылтпай дәлелдеп, түбейттей саралап, кеңінен таратып айтып берген жазушы – Мұхтар Мағауин. Ұлтсыздануға қалай, қайтіп ұрынғанымыз жөнінде сериялы мақалалар (өзі айтқандай зарлы толғаулар) жазып, бұларды артынан «Ұлтсыздану ұраны» деген атпен кітап етіп бастырып шығарды» [2, 5 б.]. Және Ә. Меңдеке бұған құлақ асқан бірде-бір жанның болмағанын өкінішпен жазады. Тәуелсіздік алғалы он үш жылда Қазақстан ұлттық мемлекет атауы ғана емес, географиялық атау ғана екенін, ел иесі қазақ еместігін ашына жазып, қазақ тәуелсіздік алса да, әлі де жалтақтаумен келе жатқандығын, біреудің көңіліне қарағыш, әлдекімнің жыртқышын жыртқыш келетіндігін сынайды. Қазаққа өзін-өзі сыйлау, құрметтеу жетіспейтіндігін айтады.

90-жылдары қазақ баспасөзінде «Қазақтың жауы – қазақ!» деген ұран пайда болғанын, бұл барып тұрған надандықтың белгісі екенін, мұның бәрін ұлттық сананың төмендігінен деп топшылайды. Біздің қоғамда болып жатқан оқиғаға үңілу, жай-жапсарын біліп, мәнісін түсіну, таразылау дегенге бара бермейді. Бірден ұр да жық. Әлдекім бір нәрсені ұран ғып бастаса, артынан қостаушылар оң-солына қарамай ілесіп кете беретін жаман әдеттің бар екені рас. Яғни, объективті баға беру жағын мықтап қолға алуды қажет етеді. Көсемсөзгер қазақтың жауын кімнен емес, неден іздеу керектігін айтады. Қазақтың жауы – ұлттық сананың кемдігінде, ұлтсыздықта дейді.

Толғаудың «**Қайда барсам үш шал**» мақаласында алауыздыққа қарсылық білдіріледі. Автор ауызбіршілікке шақырады. Сөзгердің пікірінше, қазақ ру-руға, жік-жікке бөлінбей, тұтас халық болып өмір сүру керек, ал жүзге бөліну алауыздыққа жол ашып, ел бірлігінің бұзылуына әкеледі. «Үш би» теориясы тарихи қателік, болашақ үшін де қатерлі екенін, бірлікке емес, бөлшекке апаратынын ескертеді. Қазақтардың жүзге бөлінуге жақын тұратынын жақсы ұққан кеңес өкіметі мұны қарсы қару ретінде қолданды. Мемлекеттік ту мен елтаңбаның пайда болу мен әнұранның авторлары

туралы осы руға байланысты болып келгенін ашық сынға алады. Автордың айтпағы, әр жүзден алмай, мемлекеттік әнұранды жалғыз-ақ кісі жазса да болар еді, онымен қоса, әйел теңдігін жалау қып бір авторды әйел затынан алынғандығын да жазады. Сондай-ақ, мектеп бағдарламасында осы үш жүзге байланысты сабақ өткізіп, жоғары оқу орындарына түсу үшін тестке де енгізілгенін айтып, бұл жағдайдың «қазақты бөлшектеу тарабындағы есалаң бағдарлама» екенін айтады. Көсемсөзгер «Қазақ – біртұтас халық, ал «жеті атаны білу дәстүрі – алалыққа емес, туыстыққа шақыратын рәсім» [3, 122 б.] дейді. Рушылдыққа, жүзге бөліну ұлтсыздану ұранына әкеп соғатынын ескертеді. Баспасөзде мұндай арандатушылыққа, алауыздыққа жол бермеу керектігі көтеріледі.

«Мемлекеттік тіл» деп аталатын мақаласында қазақтардың өздері отбасында қазақша сөйлемейтіндігін бетке басады. Кезінде қазақ тілге жасалған қиянаттың салдарынан бұл намыссыздық бүгінгі күнге дейін зардабын тигізіп-ақ келе жатқаны шындық. Мағауиннің көсемсөзіндегі бір назар аударарлық жайт, қаламгер қалай зарланып толғанса да, ұлтсыздандудың егжей-тегжейлі көрсеткіштерін ашып жазса да, пессимизмге бой алдырмайды. Қайта оптимизммен алға жетелеп, жігерлендіріп қояды. Мәселен, «Бүгінгі күн – әлі ес жия алмай жатқан, қалжырап тұрған бір кезіміз болар. Әйтпесе парасат та бар, білік те бар. Іскерлік те жетіп артылады. Еңбеккерлік, адалдық, тұрақтылық, жігер мен қайрат адам ұлына тән абзал қасиеттің бәрі бар халқымыздың бойында. Тек өзінің күш-қуаты қаншалық екенін бағамдап болмаған. Ұлтсыздықтың, керенаулықтың бір төркіні осында жатыр» десе, енді бұдан қалай арыламыз деген заңды сұрақ туады? Оған көсемсөзгердің пікірінше, «қазақ – қазақтығын сақтаса ғана бар мұратына жетеді» [3, 128 б.] деген тұшымды жауабы жеткілікті деген ойдамыз. Егер қаламгердің бүкіл көсемсөз толғауларын зерделейтін болсақ, қуаттылығы мен дәлдігіне куә боласыз. Неге десеңіз «оның әрбір сөйлемінде қазақ ұлтының мың жылдық (бәлкім, екі мың жылдық, немесе одан да көп) тарихи-рухани-саяси-мәдени тәжірибесі жатыр» [2, 5 б.].

Жазушы 2000-жылдардағы мемлекеттік тілдің хал-ахуалын сипаттайды. Өз ана тілін қорлап отырған қазақтың өзі екеніне қынжылады. Егер де мұндай жағдай басқа елдерде болғанда мынадай жағдайлардың болатындығын болжайды: «Чешенстанда атып тастар еді. Өзбекстанда түрмеде шірігер еді. Қырғызстанда сабап, сирағын сындырар еді» [3, 131 б.]. Қазақ тілінің бүгінгі бейнесіне былайша сипаттама береді: «Ұлты қазақ болып туғандар үш топқа бөлінеді: таза қазақ, шала қазақ, ада қазақ. Мұның әуелгісі – тілі де, діні де қазақы тұлғалар, екіншісі – тілге шалағайлау, бірақ қазақтық санадан безбегендер, үшіншісі – тіл де жоқ, сірә, иманы да жоқ, түрі ғана қазақ ағайындар» [3, 131 б.]. Тілден айрылу ақыр түбінде ұлттық санадан да

айрылуға бастайтынын да ескертеді. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді үйренуге қажеттіліктің жоқтығын айтады. Туған тілді білуді кісіліктің белгісіне балайды. Бізге ең алдымен көбею керектігін алға тартады. Яғни, қазақ еселеп көбеюдің арқасында ұлтсыздануға төтеп бере алатынымызды айтады.

Мақалада қазақтың **көші-қон мәселесі** көтерілген. Атамекенім деп келген қандастарға жеткілікті қамқорлық жасалмайтындығы, дұрыс қабылдамайтындығы сөз болады. Демек, көзқарастың да дұрыс еместігін аңғартса керек. Көсемсөзгер ендігі кезекте баспасөз мәселесіне ойысады. М. Мағауин 90-жылдың күзінде болған бір пленумда мынадай аса маңызды ұсыныс түсірген: «Қазақ мүддесін қорғайтын, ұлттық көзқарасты, ұлт тарихы мен мәдениетін насихаттайтын орыс тілді қазақ газеті керек» [3, 143 б.]. Алайда ескерілмей қалған. Біздіңше, бұл ұсыныс қазірдің өзінде жүзеге асса кеш емес. Қазақ мүддесіне қарсы «Караван» мен «Казахстанская правда» газеттерін сынайды. Ал сапасына келгенде, көсемсөзгер былай дейді: «Орысша басылымдар мен қазақша басылымдарды шендестіріп көріңіз. Айтары жоқ. Ешқандай салыстыруға келмейді. Орысша басылымдар елгезек, ауқымды және қай тұрғыдан алғанда да сауатты. Материалдары деректі, нақты, қызғылықты. Аспандата шалқыған қыртымбай сөз атымен ұшыраспайды. Өкіметке, әкімшілікке, әлдебір бизнесменге жағынған, жалбақтаған ұнамсыз мінез атымен жоқ. Өзіне тиесілі қажетін сұратпай алады, тиесілі емес, артық сыбағаны тартып алады» [3, 143 б.]. Қазақ тілді баспасөздегі кемшін тұстарды, сапасы жайлы 2000-жылдары көсемсөзгер Марат Қабанбай да көтерген еді. М. Мағауиннің пікірінше, қазақ тілді баспасөзіндегі негізгі кемшілік өткен кеңес заманындағы сарыннан арыла алмай отыр дегенге саяды. Қаламгер қазақ тілді басылымға мынадай мін тағады: «Біздің қазақ тілді басылымдар өз мүдделерін алға тарту жағынан келгенде, ештеңеден тайсалмайды, ерлікке де, өлімге де әзір. Осы батылдығы мен табандылығының тым құрыса оннан бір бөлігін ұлт мүддесі, халыққа қажетті бағдарда жұмсаса, біздің қазіргі ахуалымыз қай жағынан алғанда да, бұдан гөрі тәуірірек болар еді» [3, 148 б.]. Әрине, ол қазақ тілді баспасөздің барлық дерлік көтеретін маңызды мәселелерін айтып отырған жоқ, бұл жерде ұлттық рух пен оның жария көрінісі туралы кемшілік тұстарын сынға алған. «Жас Алаш» газетіндегі кейбір олқылықтарды да сыни тұрғыдан зерделейді. Баспасөздегі бар кілтпан жазарманға байланысты екендігін баса көрсетеді. Көсемсөзгер мемлекетке пайдалы нәрселерді, қоғам зәру боп отырған келелі мәселелерді, рухты жігерлендіру, ұлыларымызды ұлағаттауды дәріптеу керектігін айтады.

Ұлтсыздануға ұшырауымыздың ең басты себебі ретінде жаңа заманға ескі санамен енгендігімізде деп біледі. Ұлтсыздандудың басты себебіне жеке бастың қызығын ұлттық мүддеден жоғары қою, топтық, тобырлық

инстинктің болуы, билікке жағыну үшін бәрін сату, құдайдан қорықпайтын, адамнан ұялмайтын бетсіздікті жатқызады. Жазушы «Біздің тозған елде оңған оппозиция да жоқ» [3, 148 б.] дейді. Оның себебін оппозицияның қазаққа қарсы бағдарламасының болуында деп түсіндіреді. РНПК – Қазақстанның республикалық халықтық партиясы туралы сөз қозғайды. Ондағы мемлекеттік тілге тіл тигізгендігі жайында айтады. Осы ретте М. Мағауин өз міндеті туралы «Біз саяси қайраткер, төңкерісшіл күрескер емеспіз, бізге қатысты барлық майдан – ала қағаздың бетінде, қаруымыз – қалам» [3, 164 б.] дейді. Осы ретте Ә. Меңдекенің мына бір пікіріне ден қоялық: «Мұхтар Мағауин – артына адам ертіп, ереуіл жасап, көшеге шығып, өзі дйттеген мәселеге көпшіліктің назарын осылайша аударатын жария саясаткерлердің (публичный политик) санатынан емес. М. Мағауиннің майдан алаңы – ала қағаз. Ала қағаздың бетіндегі айқас. Біз Мұхтар Мағауинді «Жұлдыз» журналынан кетіру арқылы оны осы ала қағаздың бетіндегі айқастан (яки, ұлттың мақсат-мұраты жолында жүріп жатқан майдан алаңынан) әдейілеп шеттетіп тастадық. Ұлт үшін оқтан да, оттан да қаймықпайтын, қайраулы ала балтадай аса өткір әрі айбынды тұлғаны сақтай да, қорғай да алмадық» [2, 5 б.]

Заңғар жазушы өзі туралы «Мен совет заманында да ешкімнің нұсқауымен жүргем жоқ. Тәуелсіздік кезеңінде де ешкімнің шашбауын көтермедім. Үнемі өз райыммен, халқымның қасиетін айғақтау бағдарында, қадарынша жұмыс жасап келемін» [3, 165 б.] деуінен «адамның жазуында да мінез бар» деп Ш. Мұртаза айтқандай, М. Мағауиннің көсемсөзіне өр, бірбеткей, принципшіл, батыл мінез тән.

Міне, тәуелсіздіктің, еркіндік пен осындай көсемсөзгерлердің тынымсыз еңбектері арқасында демократиялық жолмен қазақ қоғамының руханият мәселелері ашық талқыланып, дами түскендігі ұлттық көсемсөздің қаншалықты деңгейде өркендегінін аңғартса керек.

Ендігі кезекте, М. Мағауиннің жалпы көсемсөзіндегі ерекшеліктеріне тоқталайық:

1 Батыл, өткір, қоғамға қажет зәру тақырыптарды көтереді.

2 Мақалаларында өзінің азаматтық келбеті, тұлғалық болмыс-бітімі, бет-бейнесі көрініп отырады. Яғни, тұлға мен қоғамның қарым-қатынас тереңдігі аңғарылады.

3 Айтқан әрбір ойы, пікірі жаңа бір идея тудырады. Қандай тақырыпты зерттеу объектісіне алу керек, қазіргі кезде қазақ қоғамы неге зәру, осының бәрін көсемсөз ретінде ұлт мәселесін көтере отырып, басқа да функцияны орындап отарды. Мысалы: Жамбыл Жабаевты қайтадан жаңаша зерттеу керектігін, өлеңдерінен деректерді іздеу. Ол дегеніміз ұрпақ игілігі үшін қажетті болып саналатын бірнеше ғылыми еңбектердің жарыққа шығуы деген сөз.

4 Қазақ әдебиеттануында, поэзия жанрында Махамбет «Мен» қолданысын қалыптастырса, ұлттық көсемсөзге «Мен» деген өзіндік тың қолданысты М. Мағауин әкелді. Қаламгердің «Мені» қазаққа еңбегін сініруде деп айтуға негіз бар. Оны біз ойшылдың ғалымдығынан, жазушылық шеберлігінен, батыл көсемсөзінен бағамдай аламыз. М. Мағауинге «Мен» деп айтқан жарасады. Қаламгер көсемсөзінде жыраулар үлгісінің стилі анық байқалады. «Бүкіл жазу мәнерім, сөйлем құрау, сөздік қор, барлығы қазақтың ескі әдебиетінен бастау алады» [5, 131 б.] – дейді көсемсөзгердің өзі.

5 Ойшылдың мақалаларында өзінің тұлғалық ерекшелігі, мінезі де ашылып отырады. Мәселен, «жалпы ұлтшыл деген жақсы сөз, мен өзім талай рет жаздым: ұлтшыл болдым, ұлтшыл болып қала беремін деп» [6, 80 б.] – батылдықыпен жазады.

6 М. Мағауин көсемсөзіндегі бір ерекшелік басқа ел ғалымдарымен болған әңгімесін мақаласына арқау етуі жиі көрінеді. Мәселен, Курчаткин деген орыстың беделді жазушысы, аудармашысының сынына тапқыр, әрі шешен жауабынан қазақтың ұлылығын нақты айғақтармен дәлелдеп бергендігін көреміз. Қаламгердің туындыларындағы мәселе көсемсөзінде де ұшырасып, жалғасын тауып отырады.

7 М. Мағауин көсемсөзіне ұран іспеттес айтылатын сөздер кездеседі. Мысалы, «Біздің болашағымыз өте күшті. Осыны білу керек, осыған сену керек. Осы жерге қазақ ие болуы керек. Қазақтың қолында болуы керек барлығы. Билік қазақта болуы керек. Бағдар, бағытты қазақ белгілеуі керек. Басқа халық та болсын, жүрсін, бірақ Қазақ елінде тұратынын білсін» [6, 93 б.].

8 Көсемсөзгер – оптимист. Мақалаларында жігерлендіру, алдағы күнге деген сенімділік күшті. Сөздері қадау-қадау. Ашық, батыл айту басым. Мәселен, «Қазақ ең алдымен қазақты қолдасын. Қазақты көтерсін. Қазақ қазақты демесін. Қазақтың ұлттық мүддесіне, жеке тіршілігіне қайшы істерге қарсы тұрсын. Әр кісі өзінің отырған жерінде, әркім өзінің басқарған мекемесінде. Адамгершілікке жат іске жол жоқ, бірақ қазақтың ұлттық мүддесіне қайшы іске де жол қалдырмау керек» [6, 93 б.] – дейді ешбір жалтақтаусыз.

9 М. Мағауин көсемсөзінің дені ұлттық мәселелерден тұрады. Көсемсөзгер қай тақырыпты қозғамасын, оны ең алдымен ұлттыма не беремін, қандай қызмет қылсам екен деген сұрақ мазалайды.

10 М. Мағауин өзін қазіргі заманның жырауы ретінде сезінеді. Яғни, жыраулар секілді саяси-әлеуметтік, іргелі мәселелерді көтереді.

11 Көсемсөзгердің қалам-қаруында ұлтты сүюдің, әспеттеудің өзіндік, өзінің «меніне» тән дербес қолтаңбасы бар, мызғымас, бұлжымас ұлттық мінез бар.

12 М. Мағауиннің көсемсөзі адамға күшті рух, мотивация береді. Психологиялық әсері айқын сезіледі. Өз-өзіңді бағалап қана қоймайсың, алға қарай ұмтылушылық күшке ие боласың. Қалай ашық айтса да, батырып айтса да, оптимистік, позитивтік сарын басым. Ал күрделі, келелі тақырыптарды жаза отырып, мұндай тәсілді қолдану оңай емес. Бұл оның дарындылығы, даралығы, сөз құдіретіндегі қасиеті деп ұғыну керекпіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаладағы негізгі мәселе – ұлттық рух, қазақ қоғамының ұлтсыздануы екендігі сипатталды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі негізгі ахуалға айналған жағымпаздықтың белең алушылық мәселесі көтерілді. Көсемсөзгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол кездегі көкейтесті мәселелерді өткір көтергендігі жан-жақты талданды. Қазақ көсемсөзгерлері арасында ұлттық мәселелерге алғаш батыл қалам тартқан М. Мағауин екендігі нақты мысалдармен дәлелденді. Қаламгердің жалпы көсемсөзіндегі еркешеліктеріне де баса назар аударылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бельгер, Г.** Күнделік беттерінен немесе соңғы соқпақ / Г. Бельгер // Жұлдыз. – 2017. – № 1. – Б. 167–171.
- 2 **Меңдеке, Ә.** Мұхтар Мағауинді Қазақстанға қай бетімізбен шақырамыз? / Ә. Меңдеке // Жас Алаш. – 2010. – № 16. – Б. 5.
- 3 **Мағауин, М.** Ұлтсыздану ұраны / М. Мағауин // Жұлдыз. – 2004. – № 7. – Б. 96–169.
- 4 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы: оқу құралы / Д. Ысқақұлы. – А. : Таңбалы, 2012. – 580 б. – ISBN 978-601-06-1891-6
- 5 **Аханбайқызы, А.** Оқырман күткен әңгіме / А. Аханбайқызы. – А. : Қазығұрт, 2012. – 304 б. – ISBN 978-9965-22-409-6
- 6 **Мағауин, М.** Ұлттың күре тамыры / М. Мағауин // – 1999. – № 9–10. – Б. 77–107.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

Г. А. Жумабекова

Процесс стирания нации в публицистической статье М. Мағауина «Ұлтсыздану ұраны» (Гимн обезличивания нации)

Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

G. A. Zhumabekova

Process of deleting of the nation in publicistic article of M. Magauin «The anthem of depersonalization of the nation»

Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

Публицистическая статья М. Мағауина «Ұлтсыздану ұраны» («Гимн обезличивания нации») написана в виде повествования печальных раздумий. Статья состоит из пятнадцати тем. Каждая тема рассматривалась и анализировалась. Это работа ценна тем, что своевременно поднимает такие проблемы в отношении судьбы нации, как национальный дух, страна, единство, государственный язык, мораль, миграция, пресса и свобода слова. Объем статьи превышает семьдесят страниц. Он пишет о том как в 90-х годах наука и творчество переживали застойные кризисные времена. Открыто заявляет о последствиях колониализма, нанесших огромный вред казахскому обществу и казахской интеллигенции. Основная проблема статьи – национальный дух, национальное обезличивание казахского общества. Поднимает проблему угодничества, которое стало повсеместным явлением после обретения независимости. Публицист с досадой выдает горькую правду, как в первые годы независимости насущные проблемы того периода, особенно пропаганда национальной идеи, продвигалась не сообществом писателей, а журналистами. Приведены конкретные примеры, свидетельствующие о том, что М. Мағауин является одним из первых публицистов который открыто и смело поднимал национальные проблемы. Уделено большое внимание и общим особенностям публицистики писателя.

Publicistic article by M. Magauin «Ұлтсыздану ұраны» («Anthem of depersonalization of the nation»), is written in the form of a narrative of a sad thought. The article consists of fifteen topics. Each topic was considered and analysed. This work is valuable because it raises such timely issues regarding the fate of the nation, as the national spirit, the country, the unity, official language, morality, migration, the press and freedom of speech. The volume of article exceeds 70 pages. This article is about how in the 90-s, science and creativity experienced stagnant times of crisis. It openly declares about the consequences of colonialism, which inflicted great harm to Kazakh society and Kazakh intellectuals. The main

problem of the article is the national spirit, national depersonalization of the Kazakh society. It raises the issue of servility which became widespread after independence. Publicist angrily throws the bitter truth, as in the first years of independence the urgent problems of that period, especially the propaganda of the national idea, moved not by community of writers but journalists. Specific examples are given which show that M. Magauin is one of the first publicists who openly and boldly raised the national problem. Also, it focuses on general features of journalism of the writer.

FTAMP 19.41.41

Г. А. Жұмабекова

аға оқытушы, «Қазақ тілі және журналистика» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: zhumabekova.gaukhar@mail.ru

МАРАТ ҚАБАНБАЙ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ТОҒЫСЫ

Мақалада Марат Қабанбайдың «Ана тілі» газетінде жарық көрген мынадай мақалалары талданады: «Талант тас жарады... Бас жаруы да ықтимал», «Ханнан да, қарадан да биік Ана тіліміздің күні не болады?», «Үндемеген – үйдей пәле!», «Біз – көектің бір ұядағы балапандарымыз». Қаламгердің ұлттық көсемсөзді дамытуға қосқан үлесі мен өзіндік қолтаңбасын айшықтайтын қолданыстары қарастырылды. Оның көсемсөзінде кезінде өзекті, зәрулік тудырған мынадай өткір әлеуметтік мәселелер талданады: білімнің дұрыс, сапалы берілу керектігі, маскүнемдікпен күресу, жемқорлықты жою, мемлекеттік тіл мәселесін шешу, білікті мамандарды даярлау, ауызбіршілікті ұстану және т.б. Мақалада көсемсөзгер дарындыларды қолдауға, оларды бағалап, қамқорлық жасауға, жастарды тартып, демеуге үндейді. Сондай-ақ, М. Қабанбайдың көсемсөзіне шешендік, сарказм тән екендігі нақты мысалдармен дәлелденіп, ерекшеліктері айқындалады.

Кілтті сөздер: көсемсөз, әлеуметтік мәселелер, білім, мәдениет, бірлік, мемлекеттік тіл, қазақ баспасөзі.

КІРІСПЕ

Танымал жазушы, қарымды журналист Марат Қабанбай ұлттық көсемсөзде өзіндік дара жол қалыптастырып, қазақ баспасөзіне жаңа леп, дербес стиль, еркіндікке ұмтылған өзгеше тыныс әкелді. Қаламгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қоғамды бірден елең еткізетін қомақты көсемсөзімен ерекшеленді. Оған 1994 жылдан 1998 жылға дейінгі «Ана тілі» газетінің әр нөмірінде үзілмей жарық көрген өткір мақалалары дәлел бола алады.

М. Қабанбай туралы мерзімді басылымдарда шыққан Ж. Ергешованың «М. Қабанбай публицистикасының тақырып алуандығы хақында», Б. Панзабектің «Марат Қабанбай – «әдеби сыншы», С. Сыбанбайдың

«Марат мектебі», «Ұлт журналистикасының ұраны», Р. Төленқызының «Мен – Кентавр-Маратты көрдім» атты еңбектерін атауға болады. Ал, бұл мақалада М.Қабанбайдың көсемсөзі арнайы зерттеу нысаны ретінде алғаш қолға алынып отырғанын айта кеткен жөн.

90-жылдардың басында сонша уақыт ақырын сөйлеп, абайлап айтып келген ұлт баспасөзінің тығыны атылды да кетті! Ел, жер тағдырына байланысты талай ащы ақиқат ашылды, ұлттың бойындағы ірілі-ұсақты кемшіліктер де кеңінен жазылды. Жауынгер жанр саналатын публицистикаға бет бұрғандардың бәрінің бірдей айдарынан жел есе қойған жоқ, дегенмен сол жылдардан бері қарай қазақ баспасөзінде жоғары деңгейдегі публицистикалық үрдіс қалыптасты деуге болады. Сол үрдістің үздік өкілдерінің бірі, әрі сол лектің көшбасшысы, жазушылығы мен жорналшылығы итжығыс түсіп жататын жан-жақты қаламгер Марат Қабанбай еді [1, 55].

Марат Қабанбай көсемсөзінде мынадай әлеуметтік мәселелер көтерілген: білімнің дұрыс, сапалы берілмеуі; маскүнемдік мәселесі; жемқорлық, білікті мамандардың жетіспеушілігі; мемлекеттік тіл мәселесі; заңды жете білмеушілік және т.б.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Талант тас жарады... Бас жаруы да ықтимал» (1994 ж.) мақаласында М. Қабанбай талант, демократия ұғымдарын бір қатарға қойып қарайды. Ескерткіштер бой көтеруі керек деген мәселені сөз етеді. «Даналары мен бабаларына орнатқан ескерткіші қанша болса, оның даму дәрежесі де сол шамада» [2, 135 б.]. Көсемсөзгердің ескерткіш мәселесін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни дер кезінде үн қатқандығы, мұндай келелі мәселені көтеруі, әрине көсемсөзгерге тән қасиетті аңғартса керек. Әрине, мемлекетімізде тәуелсіздік алған бастапқы жылдарда мәдени мұраны жаңғырту мәселесі, соның ішінде тарихи ескерткіштерді қолға алу жұмысы әлі атқарылмаған еді. Бүгінгі күні бұл мәселе шешімін тапты деп толық айта аламыз. Қазіргі межемен бағамдасақ, 2000 жылы «Мәдениетті қолдау жылы» еліміздің әр қаласында ескерткіштердің ашылуы бастама берді. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында да бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштердің бой көтеруі жалғасын тапты. Қазіргі кезде Астанада Абайға, Ауған соғысында қаза болған жауынгерлердің құрметіне қойылған ескерткіш-монумент, Қаракерей Қабанбай батырға, Үш биге, Кенесары ханға, Солтүстік Қазақстанда М. Жұмбаевқа, Ш. Уәлихановқа, қоғам қайраткері Е. Әуелбековке, Павлодарда С. Торайғыровқа, Бұхар жырауға, Қ. Сәтбаевқа, Ж. Аймауытовқа, Баян батырға, Малайсары батырға, Қызылордада Қорқыт атаға, Қостанайда А. Байтұрсыновқа, Көкшетауда Абылай ханға, «Халық қаһарманы» С. Нұрмағамбетовке, Маңғыстау облысында Бекет ата әулиеге,

Оңтүстік Қазақстанда «Алтын жауынгер» куранты, балуан Қ. Мұнайтпасовқа, М. Әуезовке кеуде мүсіні, Таразда батыр Б. Момышұлына, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған, Ақтөбеде Әбілқайыр ханға, Генерал Ж. Кереевке, Н. Байғанинге, Алматыда Абайға, С. Мұқановқа, Абылай ханға, Қарағандыда Ж. Жабаевқа және т.б көптеген ескерткіштер орнатылды. Бұл мәселе өз шешімін тапты және әлі де жалғасып жатыр деп айтуға толық негіз бар. М. Қабанбай таланттылар қоғамда өз бағасы мен орнын ала алмайтындығы туралы былай дейді: «Талантты төбеге көтерудің орнына, көбіне көпе-көрінеу төбеден түйеміз. Әсіресе қоғамдық ой-санасы дамымаған елдерде оған деген өштік, қысастық қатты» [2, 132 б.]. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде ұлттық рухты көтеру мақсатында жазылған бұл мақала таланттарды бағалау, оларға қолдау көрсету керектігін алға тартады. Талант мемлекет үшін таптырмайтын дүние екендігін әлемдік тарихи оқиғаларды мысалға келтіріп, дәлелдеп отырады. Мысалы, Наполеонның кезінде Ватерлоо ұрысында жеңіліс тапқандығы туралы мысалға келтіріп, оның қателігін қайталамауға шақырады. Көсемсөзгер алдына сұрақ қоя отырып, соған нақты жауап береді. Мәселен, талант деген кім? («Талант! Ол – кім? Бұл – ескі рим сөзі. Таза алтыннан құйылған, су астына жүз жыл тастасаң да тат баспайтын ақша бірлігі. Келе-келе бұл сөз біртуар, аса қабілетті адамдарға арнап айтыла бастады» [2, 132 б.]. «Талант деген екі жүзді қанжар секілді өткір нәрсе» [2, 139 б.]. Таланттылар не үшін керек? («Талант дегеніміз – мінезі өте қиын халық. Өзіне ғана түсінікті, өзгеге жұмбақ идеяның соңында мия ашып, көзі алайып жүріп, далада қалады. Түйенің таяқ жейтін жері – нақ осы тұс. Міне, дәл осы кезде мемлекет, қоғам оған көмекке келіп, қолтығынан сүйеп, қабілетіне қарай лайық орын тауып беруі, оларды ұйымдастыруға тұтқа, мұрындық болуы керек. Кезінде АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік-шығыс Азия елдері солай еткен. Олар таланттарынан ақшасын да, атағын да, лауазымын да аямады, есесіне оның хиуазы он, жүз еселеп қайтты. Бұл Елбасымыздан малшымызға дейін бас қатырып ойланатын нәрсе» [2, 137 б.].) Таланттарды қайдан, қалай табу керек? («Арғы жағада – капитализм, тәуелсіз Қазақстан! Міне, дәл осы тұста бізге қазақ, қазақстандық Фультондар өте-мөте қажет. Және әр саладан, әр тұстан, әр ұлттан. Жоқ болса, халық ішінен, құм арасынан алтын іздегендей, қопарыстырып жүріп табу керек, қазақстандық күйемізге жегіп, аямай жұмысқа салу керек» [2, 136 б.].)

Таланттарды қалай тәрбиелеу керек? («АҚШ миллионерінің жаз болса бензоколонканың қасынан табылатын баласындай, қазақ байының жазғы демалыста қолына сыпырғы ұстаған перзентін көрдіңіз бе? АҚШ азаматы, бай болсын, кедей болсын, Америка туына адал баланы тәрбиелеуге тырысады. Ондай адалдық банкет үстелінде емес, бензоколонканың түбінен басталатынын жақсы біледі. Патриот емес балаға жұмсалған еңбектің бәрі

рәсуа, оларша» 21, 138 б.]). Осы ретте айта кету керек, мемлекет тарапынан жастарды қолдау мақсатында дер кезінде осы күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан «Болашақ» бағдарламасы қолға алынған болатын. «Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1993 жылы 5 қарашадағы № 1394 қаулысымен құрылған болатын. Тұңғыш рет ТМД мемлекеттер тарихында дарынды жастарға толықтай мемлекет есебінен шетелде білім алуға мүмкіндік туды. Елбасының әлемде аналогиясы жоқ «Болашақ» бағдарламасы туралы сөз қозғайды. «Қазір Президент стипендиясына шет елде мыңдаған жастар оқып жатыр, солар болашақта ұшпаққа шығарады деп отырмыз. Олардың арасында үкілеген таланттар да аз емес шығар. Бірақ соның бәрі «елім» деп еңіреген патриоттар ма? Әлде тек білім-ілімге ғана жүйрік, қара қазақ десе жиырыла қалатын астаналық әлпештер ме? Көбі сорпа бетіне шығарлардың отбасынан қалқып алған кілегейлер емес пе?» [2, 138 б.]. Бүгінде жоғарыда сөз болған мәселелер біршама түзеліп, шешімін табуда десек артық айтқандық емес. Әрине, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында бірден бәрін қамту, түгендеу мүмкін емес болатын. Қазіргі көзқараспен бағамдасақ, «Болашақ» стипендиясы бойынша әрбір үміткер білім алуға құқылы. Тек оған ниеті болып, күш-қуаты мен қажырлығы жетсе болғаны. Елжандылығы жағынан келетін болсақ, әрине бұл – әр жеке тұлғаның түйсік танымына, ар-ожданы мен тәрбиесіне байланысты болып келеді. Дегенмен, ауызды қу шөппен сүрте беруге тағы да болмайды. Бұл мәселені көсемсөзгер дәл уақытында көтеріп, қоғамға ой салғандығы кезінде сананы оятып, дұрыс бағыт-бағдар алуға септігін тигізіп қана қоймай, әлеуметтік мәнге ие болғандығын бажайлаймыз. Кезінде «Болашақ» стипендиясы бойынша оқыған кейбір жастардың елге оралмай қалғандары да болғандығын білеміз. Ал, енді осы мәселелер қаншалықты шешімін тапты дегенде, мынадай деректерге ойысуға болады: 2015 жылғы мәліметке сүйенер болсақ, бұл жөнінде «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Ғани Нығметов былай дейді: «Шетелде қалып қойған «болашақтықтар» алғашқы жылдарда болды. Біздің орталық құрылғаннан кейін мұндай жағдай мен мәлімет бізде болған жоқ. Атап айтқанда, барша стипендиаттар қайда оқып жатқандығын білеміз және олар елге қайта оралып жатыр. Шарт бойынша олар Қазақстанда бес жыл жұмыс істеуі керек. Стипендиаттың объективті себептермен бес жылдық міндетін орындай алмау фактілері өте аз. Шамамен екі адам. Міндетті орындай алмағандар барша қаражатты мемлекетке қайтарып беруі тиіс» [2]. «Болашақ» стипендиясы бойынша алғашқы онжылдықта (1994–2004 жылдары) әлемнің 13 елінде 785 стипендиат білім алған. 2004–2010 жылдар аралығында «Болашақ» стипендиаттарымен қатар түлектерінің де саны жылдан жылға артуы байқалуда. 2016 жылғы

мәліметке жүгінсек, мынадай деректерге сүйенеміз: «Бүгінгі күні «Болашақ» бағдарламасы бойынша 9 000 астам жоғары білікті маман даярланды. Атап айтқанда, 2 500-ге жуық түлек – инновациялық жобалар мен технологиялар, мұнайгаз секторы, металлургия, энергетика салалары үшін даярланса, 98 PhD докторы елдің ғылыми әлеуетінің қатарын толықтырды. 600-ге жуық жоғары білікті дәрігер ел өңірлеріне жұмысқа орналастырылды. Назарбаев университетінде бағдарламаның 300 түлегі табысты еңбек етуде. 200 адам өз шеберліктерін мәдениет және өнер мекемелерінде іске асыруда» [3, 2 б.]. 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Болашақ» атты ақпараттық-сараптамалық журналдың шығатынын да айта кеткен жөн деп білеміз. Мақаланың соңында көсемсөзгер қазақстандық таланттарға қамқорлық жасауға үгіттейді. Қазіргі кезде таланттарға мемлекет тарапынан көмек, ынталандыру жасалуда. Дарынды балаларға арналған мектеп, гимназия, лицейлердің көрсеткіші, мемлекет тарапынан ғылыми жобаларға бөлінетін гранттар, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атты республикалық байқаулар дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Бұл ретте біз дамушы ел екендігімізді де ескергеніміз жөн, әйтсе де қолымыздан тартып жатқандар да жоқ. Дегенмен, әлемдік аренада еліміздің атын асқақтатып жүрген дарындылар да бар. Мәселен, өнер саласынан Димаш Құдайбергелді, спорттан Геннадий Головкинді, мәнерлеп сырғанаудан Денис Тенді және т.б. айтуға болады. Аталмыш мақалада дарындыларды қолдау, бағалау, қамқорлық жасау, жемқорлық, елжандылық, жастарды тарту сияқты әлеуметтік мәселелердің дер кезінде, өз уақытында көтерілгендігін көреміз. Сонысымен де құнды болмақ. М. Қабанбайдың бұл көкейтесті мақалалары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы елдегі ауыртпалық, «бұғанасы бекімеген» жас тәуелсіз елдегі ащы болса да шындық, заман тынысы дәл сол қалпында ешбір артық бояусыз, қаз қалпында жазылған. Қазіргі болып жатқан дүниелерді сол кездің өзінде көре білген ойшылдың алдын ала болжағыштығы мен көрегендігін де айтпасақ болмас.

1994 жылы жазылған «**Ханнан да, қарадан да биік Ана тіліміздің күні не болады?**» мақаласында көсемсөзгер орыс тілінің мемлекеттік мәртебе алуына қарсылық танытқан. «Жоғары Кеңестің 57 %-і өз қандастарымыз болғанымен, орыс тілінің жолында пышаққа түсуге әзір қазақ депутаттары жетерлік» [3, 3 б.]. Неге бұлай болды? Себебі не? дегенде «жалғанның жарты байлығын астына басып отырған Қазақстан жерге қарап отыр» [3, 3 б.] – дейді. Ол оның басты себептеріне сыртқы және ішкі факторларды келтіреді. Сыртқы факторларға: ТМД, Ресей елдерімен экономикалық байланыстың үзілуін, энергетикалық жүйенің жоқтығын (газ, мұнай), газдан Өзбекстанға, мұнайдан Ресейге қарап отырғанымызды, шетелдік инвестициялардан пайда көрмей, теңіздер мен мұхиттарға шығатын жолдың жоқтығын алға тартса,

ішкі факторларға: банк жүйесінің жетілмегендігін, тауардың аз өндірілуін, салық жүйесінің нашарлығын, сауда жүйесін реттеуді, жемқорлықпен күрестің дұрыс жүргізілмейтінін, ауылдың «натуралды шаруашылық деңгейіне түсе бастауы» сияқты келелі мәселелерге дәл кезінде үн қосқандығын бағамдаймыз. Бұл кез тәуелсіздіктің тізгінін жаңа қолға алып, тоқыраудың тауқыметін тартып жатқан шақ екендігін тарихтан жақсы білеміз. Сол кездегі адамдарды таным-түйсігі, дүниетанымы тұрғысынан салыстыру бүгінде жер мен көктің арасындай айырмашылық жатқандығы мәлім. Қайткенде де ілгері басушылық бар. Көсемсөзгер Ресейдің бізге деген көзқарасын еш бүкпесіз білдіре отырып, ойларын шешендікпен әрі қарай былай өрбітеді: «Экономикадағы кемшілігіміз бен қалыстығымыз бізді Ресей қолтығына кіре түсуге итермелеп отыр. Ал ол кісінің құшағы кісі тұншығатындай қатты да қарымды. Құшақтағансып тұрып, қылығындыра салатыны бар. Оған 250 жылдық соңғы тарихымыз дәлел» [3, 4 б.]. Ел экономикасын қолға алу керектігін тілге тиек етеді. Көсемсөзгер бұл мақаласында жұртшылықты мынаған назар аударғысы келеді: ұлттардың басқа жаққа көші-қонын тілдің «кесірінен» емес, ел экономикасының төмендігінен деген тұжырымды алға шығарады. Оған сөзгердің мына бір пікірі дәлел: «Экономиканы құлдыратып алдық, соның кесірінен Жиделібайсын іздеген ел бет-бетіне ыдырап кетіп жатыр» деп ағынан жарылудың орнына, жіберген кемшіліктерін «жауыз» тіл саясатымен түсіндіргісі келеді» [3, 4 б.].

Көсемсөзгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанға ұстанған Ресей саясатының бет-бейнесін былай ашып береді: «Қазақстандық иммиграцияны тоқтату үшін: «орыстарды екінші сортты ұлтқа айналдырып отырсындар» деп, біздің елге экономикалық қысым жасап, біздің қолымызбен қандастарына жақсылық жасау, сөйтіп, есін жинап, етек жапқанша «қазақстандық орыс» деген уайым-қайғыдан басын арашалай тұру – міне, олардың ойлаған түпкі саясаты осы. Оның үстіне қалың орыс диаспорасы Қазақстан келешекте икемге көнбей бара жатса, қорқытып-үркітіп отыруға да қолайлы» [3, 4 б.]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік тілдің мүшкіл хал-ахуалына қынжылады: «Бүгінгі күні қарайған халықтың 70 %-і сөйлеп отырған орыс тілі – шын мәнінде онсыз да мемлекеттік тіл. Себебі, шаш ал десе бас алатын, қазаққа шабан, орыс тіліне жүйрік шенеуніктердің орыс тілі қалай мемлекеттік тіл мәртебе алады, солай қазақ тілін есігінен қаратпайды» [3, 4 б.]. Осы мәселені басқа да көсемсөзгерлер де дүркін-дүркін, әрі аса батылдықпен көтерді. Мәселен, Ә. Кекілбайұлы, М. Мағауин және т.б. Ақын-жазушылардың дер кезінде әлеуметке үн қатулары сол кездегі бір дүрбелең де қиын қыстау кезеңге медеу, демеу болғандығы анық. Қоғам жанашырлары көсемсөзгерлердің қазіргі кездегі айтылған қадау-қадау ойлары, ұсыныстары Ә. Кекілбайұлының сөзімен айтсақ, «емізулі сәбидің жасында» болған Қазақстан халқы үшін бұл онай

болмағандығы анық. Сарабалд көсемсөзгер М. Қабанбай 90-жылдардағы қазақ баспасөзінің құлдырап, бұқаралық ақпарат құралдарының орыс тілінде үстемдік алғандығына былайша қынжылады: «Қазақтелерадио» корпорациясы каналдарының 10-нан 9-ы күні-түні орысша қақсайды. Екінші жарты жылдыққа баспасөзге жазылу науқаны қазақ баспасөзінің өз оқушысының үштен екісінен айрылып қалғанын көрсетті, оның негізгі оқушысы болып табылатын ауылда ақша жоқ. Екіншіден, баспасөзге жазылу биыл иесіз қалды. Дәп осының кесірінен біраз қазақ газет, журналдары шығуын тоқтатты, енді біразы «әне, міне жабыламын» деп көмек күтіп тұр. Тек қана «Караван» апталығының 300–500 мың тиражбен тарайтынын еске алсақ, қазақ баспасөзі өз елінде, өз жерінде сан, сапа жағынан орыс баспасөзінің алдында тізе бүкті. Информация кеңістігінен айрылу – бәрінен айрылу» [3, 4 б.]. Көсемсөзгердің шешендігі, жер жебіне жеткізетін шаншу сөздері барлық мақалаларынан айқын сезіліп тұрады. Мәселен, «Токсан тарау шаруашылық, геосаяси, этносаяси жұмбақтардың қан базарының қак ортасында қазақ ұлты бүгінде шақшадай болып, «титұлды ұлт» деген жез медальды мойнына іліп, жалаңаш отыр. Қазақ тілі, ділі, діні жүрегін аумақтар Арал теңізінде тартылып барады» [3, 4 б.]. Жазушы сол кездегі телевидение, кино төңірегінде ой қозғайды. Қазақ көрермендері өз отандық өнімдермен рухани толысудың орнына америкалық «қоқыстармен» азықтанып, тозып жатқанын бейнелілікпен былай суреттейді: «Қалыңдық біз боламыз, күйеу қайда? – деп, бес қаруы сай қаракшы «өнерге» құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей, қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз» [3, 4 б.]. Бүгінде отандық кино өнімдерінің сапасы соншалықты сапалы түсіріліп, жоғары деңгейде болмаса да, әйтеуір алға іргелеушілік жоқ емес, бар. Қазақ тілінде жүргізілетін телебағдарламалар да көбейді. Әр арнаның өз сайты да бар. Ол сайттардың технологиясы, даму деңгейі өз алдына жеке тақырып. Ойшыл қазақ жазушыларының кітаптары қағаздың жоқтығынан басылып шықпай жатқандығын, балаларға арналған кітаптардың тоқтап қалғандығын, сахна өнерінің қаржы тапшылығынан шетел асып кеткендігін сөз етеді. Көсемсөзгер 90-жылдардағы өнерді «көшедегі карнавалдық-декорациялық жабайы үрдіске» теңейді [3, 4 б.]. Кезінде мұндай мәселенің болғаны рас. Ал, енді қазіргінің көзімен бажайласақ, «Кино өнерінде, ескерткіш бейнелеу өнерінде «жаңа толқын» пайда болды. Қазақ режиссерлерінің көптеген фильмдері әлемнің ірі фестивальдерінде лауреат атанды. 2000 жылы 2 желтоқсанда Канныда қазақстандық режиссер Серік Апырымовтың «Үш ағайынды» фильмі қазылар алқасы мен көрермен қауымның арнайы сыйлығына ие болды. Анапада ТМД және Балтық елдерінің кинофестивалі қазылар алқасының сыйлығын алды. Токиода картина Гранприді иеленді. Ал, «Аншы» толықметражды фильмі 2005 жылы

наурызда Миланда өткен Африка, Азия және Латын Америкасы елдерінің XV Халықаралық кинофестивалінде бірінші жүлдені жеңіп алды. 2003–2005 жылдары қазақ-американдық киноматографтардың бірлесуімен (Голливуд, «Қазақфильм») «Көшпенділер» кинофильмі түсірілді. Бұл фильмдер – қазақ кино өнерінің дамуының көрсеткіші» [4, 135 б].

«**Үндемеген – үйдей пәле!**» деп аталатын баспасөз күніне орай жазылған мақаласында журналистерге сын айтады, сол кездегі баспасөзге, теле, радиодағы кемшіліктерге, балама басылымдардың міндеттеріне де тоқталады. 90-жылдардағы баспасөздің хал-ахуалын, кемшілігін былайша көрсетеді: «Біз, қазақ баспасөзі, басқадай да толып қатқан жоқ-жітігімізді былай қойғанда, коррупцияға белшесінен батқан бастықтарды, шенеуніктерді іздеп жүріп, әшкерелемек түгілі, прокуратура тексеріп, сот үкімін шығарып қойған істерді қинала-қинала жариялаймыз – ылғи да оқиға соңында итпектеп жүреміз. Болашақты болжап, науқас эконмикаға шолу жасап, оның диагнозын дәл қою ма, қазіргі хал-қадіріміз сықпыт бейнеміздің силуэтин де сыза алмай отырмыз. Әйтпесе, газет, журнал бетінде қисық-қыңыр суретін салып, оқырманымызды алдымен, соңынан өз-өзімізді көпе-көрнеу алдаймыз» [2, 186 б.]. Қазақ баспасөзінде қажетті нәрселерге назар аударылмайтынын, өз қоғамындағы тыныс тіршіліктегі көкейтесті мәселелердің көтерілмейтіндігін, мәселен, атамекенім деп көшіп келген қандастардың қайта кері көшуі, олардың қиналуын мәселе етіп көтерілмейтініне қынжылады. Газет бетінде «сылдыр сөз, сала құлаш су мақала көп», – дейді. Онымен қоса жарнама, құттықтау сөздердің қосылғанын да айтады. Оның үстіне қазақ баспасөзінің тікелей өз міндетін орындай алмайтынын былайша батыл түрде ашық айтады: «Баспасөз бен телерадио ұлт өмірінің көрсеткіш шкаласы десек, біздің қазақи шкала, көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты, дұрыс көрсетпейді» [2, 191 б.]. Қазақ баспасөзін басқа елдермен салыстырып, мынадай тұжырым жасайды: «Журналистиканың ең басты парызы – баспасөз бетін қандай сапалы материалдармен толтыруды күні-түні ойластыру болса, біз газет, журнал бетін немен, қалай толтырамыз деп қиналамыз. Есі бар елдерде газет, журналдың әр шаршы сантиметрі, телерадиосының әр секунды есепте. Капитализмнің үнемге құрылған заңы солай. Езіп пәлсапа соғу, уағыз айту, қысқасы, қызыл сөзге онда орын жоқ. Қысқа да нұсқа хабарлар және проблемалық мақалалар – о жақтың сыйынар құдайы осы» [2, 187 б.]. Ал енді, өзімізде шығатын орыс тілді басылымдардың өзі қазақ тілді басылымдардан ілгері екендігін мойындайды. Мысалы, «Айқайшудың отаны «Караванның» жөні бөлек, ал жоғарыда аталған үш газетте («АБВ», «Панорама», «Новое поколение»), обалы не керек, анализ бар, дені сау, ойы айқын, ағзасы аман оппозиция бар. Ішіміз күйсе – тұз жалайық, ол газеттерді астананың көзі қарақты халқы аялдамаларда, трамвай, троллейбустарда тік

тұрып оқиды» [2, 189 б.]. Көсемсөзгер өз заманындағы қоғамға да наразылық танытады. Мәселен, «Біздің қоғам бүгінгі күні сау мен аурудың арасында есі кіресілі-шығасылы төсек тартып жатыр...» [2, 186 б.]. Қазақ қоғамындағы кемшіліктерді, олқылықтарды дәл өзі айтатын мәселеге орайластырып, дөп басып айтады. Бір мәселедегі кемшілікті айта отырып, басқа бір мәселеден де мағлұмат алып отырсын. Бір окпен екі бірдей қоянды атып отыру оның ең басты ерекшелігінің көрсеткіші деп айтуға әбден болады. М.Қабанбайда мұндай мысалдар көп. Мәселен, «Баспасөз бен телерадио ұлт өмірінің көрсеткіш шкаласы десек, біздің қазақи шкала, көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты, дұрыс көрсетпейді» [2, 191 б.]. Жоғарыда айтылғанды қазіргі көзқараспен бағамдасақ, мынадай дерекке тап боламыз: «Бүгінде қазақстандық масс-медиа идеялық тұрғыдан қазақтілді және орыстілді БАҚ болып екі топқа жіктелген. Осы қос ақпарат өзара бәсекелес, тұғырнамасы бір-бірінен алшақ болғандықтан, кейде қайшылыққа түсіп жатады. Бұл – қазіргі қазақ масс-медиа алаңындағы көп сұраққа толы өзекті жайт. масс-медиа кеңістігінде қазақтілді және орыстілді БАҚ саны біркелкі емес. «Қазір елімізде 2514 газет пен журнал, 238 электронды БАҚ, оның ішінде 100 телеарна мен радиостансы бар екен. Жалпы, 2011 жылғы дерек бойынша, отандық масс-медиа кеңістігіндегі қазақтілді БАҚ үлесі 19,1 %-ды құраған болса, орыстілді БАҚ – 33,4%, ал қазақ және орыс тілдерінде БАҚ үлесі 35%-ды құрады. Бұдан қазақтілді БАҚ-тың пайыздық үлесалмағы әлі де олқы түсіп жатқанын байқаймыз» [5, 74 б.]. М. Қабанбай көсемсөздерінің дені бірлікке, татулыққа, ауызбіршілікке ұйысады. Соның бір дәлелі ретінде «**Біз – көкектің бір ұядағы балапандарымыз!**» деп аталатын мақалада бірлігі жарасқан елдің ғана болашағы бар екендігін былайша суреттейді: «Құдай басқа бермесін, бір-бірімізбен шоқысып-тебісіп кеп кетсек, «Қазақстан» атты ұя әлем бәйтерегінен жерге құлап түсуі әбден ықтимал. Басқалардың бұдан ештеңесі кетпейді, негізгі ұяларына самғап кете барады. Құритыны – тағы қазақ, Ендеше барлық балапандардың ынтымағы керек» [6, 6 б.]. Қазақстан халқы ассамблеясын қолдау туралы жарық көрген бұл мақаласында көсемсөзгердің ауызбіршілікке, татулыққа жетелейтіні мына ойларынан айқындалады: «Әр ұлттың, әр тұлдың өз мүддесі бар. Жүз мүддені бір ұяға сыйыстыра білу керек – біз таңдайтын басқа жол жоқ. Бүлік шыққан елді ешкім сыйыламайды. Сыйыстыруға да болады! Қытай, Үнді, Швейцария, АҚШ, Бельгия секілді ондаған елдер халқы түрлі-түрлі тілде сөйлегенмен, бір қазан-ошақтың отын жағып отыр. Ошақтағы отты шашып, үйін өртеп жатқандар да бар. Біз тату-тәттілікті қалаймыз» [2, 277 б.]. Қазақстанның даму жолы тек бірлікте, бейбітшілікте екендігін жақсы түсінген көсемсөзгер «Қазақстанның табысы – бейбіт өмір сүру, бұл болса, болашақта бәрі де болады. Ендеше қазақтың өз-өзін жөндеуі қалды. Жөндеудің басты шарты – өз-өзіне сын

көзбен қарау» десе, енді қалай жөнделеміз дегенде «Қоғамдағы өз орныңды анықтап, рухани моншаға түгел кіріп, тазарып шығу керек. Рухани моншаңыз ысып тұр – ол арысы халқымыздың бейбіт, қиындыққа төзгіш, кек ұстағыштан алыс, кешірімге қашан да жақын төл мінезі. Одан бері ұлы Абай салып беріп кеткен тағы бір үлкен монша бар. Өлеңдерін, қарасөздерін оқысаңыз, қазақты бас ұлт жасайтын басты қағидалар сонда жатыр. Оның бәрін ұлы атамыз жанынан шығара берген жоқ, оның шығармашылығы – Батыс, Шығыс, орыс, қазақ пәлсафасының квинтэссенциясы» [6, 7 б.] – дейді.

Түйіндей келе, М. Қабанбайдың елдегі кез келген мәселеге деген жеке азаматтық позициясы болды және ол позиция әрқашан қазақ ұлтының мүддесінен бастау алып жататын. Ұлттың мүддесіне қайшы келетін әрекеттердің барлығын ол баспасөз бетінде, баяғы тарих оқулығының тілімен айтқанда «аяусыз әшкерелеп отырды» [1, 55 б.] дегенінен-ақ аңғаруға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қара басының қамын ойламай, ұлты үшін қолынан келгенше күрескен М. Қабанбай өзінің аз ғұмырында артына өлмес мұра қалдырды. Ұлттық көсемсөзге заманында өзінше дара жол салып, жаңа леп әкелді. Өзі қызмет атқарған «Ана тілі» газетінің абыройлы бет-бейнесіне айналып қана қоймай, тұтқасын берік ұстады. 1994–1998 жылдар аралығында «Ана тіліндегі» әрбір нөміріне үзбей жариялаған мақалаларынан өз кезіндегі әлеуметтік мәселелерді өткір қозғаған батылдығы танылып отырды. Мақалаларының тақырып атаулары да ерекше болды. Бірден М. Қабанбайдың қолтаңбасы танылатын болды. Өзіндік жазу машығы қалыптасқан көсемсөзгердің ешкімге ұқсамайтын, ешбіреуді қайталамайтын жеке дербес стилі мақалаларынан айқын көрінді. М. Қабанбайдың көсемсөзіне мықты рух, әділ сөз, батыл мінез, таза жүрек пен сарказм тән.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыбанбай, С.** Марат мектебі / С. Сыбанбай // Жалын. – 2003. – Б. 54–57.
- 2 **Қабанбаев, М.** Шығармалары: 3-том / М. Қабанбай. – А. : Таймас, 2013. – 320 б. – ISBN 978-601-264-149-3
- 3 **Қабанбай, М.** Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күні не болады? / М. Қабанбай // Ана тілі. – 1994. № 25–26. – Б. 3–4.
- 4 **Аяған, Б., Ауанасова, Ә., Сүлейменов, А.** / Қазақстанның жаңа тарихы: дағдарыстан шығу. Үш томдық. Т.2. / Б. Аяған., Ә. Ауанасова., А. Сүлейменов. – А. : 2012. – 320 б. – ISBN 9965-822-74-3
- 5 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы // Журналистика сериясы. – 2014. – № 1 (35). – Б. 72–75.

6 **Қабанбай, М.** Біз – көкектің бір ұядағы балапандарымыз! / М. Қабанбай // Ана тілі. – 1995. – № 8–10. – Б. 6–7.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

Г. А. Жумабекова

Социальные стыковки в публицистике Марата Кабанбая

Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

G. A. Zhumabekova

Social joinings in Marat Kabanbay's journalism

Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

В статье анализируются статьи Марата Кабанбая, опубликованные в газете «Ана тілі»: «Талант тас жарарды... Бас жаруы да ықтимал» («Талант может разбить камень... Но, возможно, разобьет и голову»), «Ханнан да, қарадан да биік Ана тіліміздің күні не болады?» («Что будет с Родным языком который превыше простого, и даже хана»), «Үндемеген – үйдей пәле!» («Молчаций – огромная напасть!»), «Біз – көкектің бір ұядағы балапандарымыз» («Мы – птенцы кукушки с одного гнезда»). Рассматривается роль писателя в содействии развитию национальной публицистики и проявления подчеркивающие особое своеобразие автора. Проанализированы такие острые социальные проблемы его публицистики, которые в свое время были очень актуальны и необходимы: это необходимость качественного и правильного образования, борьба с алкоголизмом, искоренение коррупции, решение проблем государственного языка, подготовка квалифицированных кадров, поддержание принципов единства и др. Статья призывает поддержать талантов, оценивать и оказывать им покровительство, привлекать и продвигать молодежь. А также, приведены конкретные примеры проявления сарказма, красноречия, особенностей свойственных публицистике М. Кабанбая.

The article analyzed Marat Kabanbay's article which published in the newspaper «Ана тілі»: «Талант тас жарарды... Бас жаруы да ықтимал» («Талант может разбить камень... Но, возможно, разобьет и голову»), «Ханнан да, қарадан да биік Ана тіліміздің күні не болады?» (Что будет с Родным языком который превыше простого, и даже хана), «Үндемеген – үйдей пәле!» («Молчания – огромная опасность!»), «Біз – көкектің бір ұядағы балапандарымыз» («Мы – птенцы кукушки с одного гнезда»). It examines the role of the writer in supporting the development of national journalism and manifestations emphasizing the special identity of the author. It analyzed such acute social problems of its journalism, which were very urgent and necessary at the time: it is a necessity good and proper education, the fight against alcoholism, eradication of corruption, the solution to the problems of the state language, training of qualified personnel, which the maintenance of the principles of unity, etc. The article calls for support for talented journalists, to evaluate and to provide them with protection, to attract and promote young people. The article appeals for support for talented journalists, to evaluate and to provide them with protection, to attract and promote young people. And also, specific examples of the manifestation of sarcasm, eloquence, peculiar features of journalism by M. Kabanbay were given.

SRSTI 17.07.41

K. P. Zhussip¹, N. K. Zhussupov², M. N. Baratova³

¹Doctor of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan;

²Doctor of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan;

³Candidate of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan

e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²nartai1970@mail.ru;

³baratova.muhabbat1970@mail.ru

I. ZHANSUGUROV – MASTER OF THE WORD

This article details the verbal skills of I. Zhansugurov. Speaking about the artistic skill of I. Zhansugurov, it can be noted that the leading role in his works is occupied by various unexpected difficulties and trials for the hero, but at the same time, his heroes always, overcoming all obstacles, appear in the image of the winner. In the first lines of the poem «Himalayas» by I. Zhansugurov, the predominance of sad sorrow and half-heartedness can be traced. The poet, if we consider in general, there are poems that are inherent and romanticism. The poet's poem «Mundy kus» («The Sad Bird») is based on allegory. Of course, we do not want to classify all kinds of allegories only as romanticism, and to argue that realism does not have a hint. But still, the prevalence of ambiguity and conjugation with experiences and suffering in such works approximates it, mainly, to romanticism rather than to realism.

Keywords: romantic hero, lyrical hero, poem, Kazakh poetry, romanticism, realism.

INTRODUCTION

Special engraving isolated phenomena of life, cultivate a romantic heroes I. Zhansugurov found a little. Saken at romanticismi Hero is extremely difficult transition from testing with a leading role Still a Hero resistive almost constantly, and the winner is the man in the image is received, the winner of the Iliyast dominant (for example, in 1929, «Himalaya» can be found), and especially pay the initial grief poems, assuming the priority will be the focus. Agreed to draw Magzhan, like Saken Ilyas romanticism not different from Realism, there is a wa. Primary especially songs from the year 1917, which comes mainly of realism, the realism of the same face of the elements of romanticism in 1912. Foe example

«fall flower» poem realistic nature of the work. S. Seifullin analyzed prior to the «Color» can be found in the autumn flowers, etc., are described in the withering summer, where the difference: in the autumn of jaundice. Known the existence of fading autumn leaves skills. However poems: «Snow said, is the physical virgin ice // Wait for summer, fall flower», as concluded by the nature of the charge, the expectation of life of the people who wrote that freedom (a kind of sign of the freedom *cmvoldıq* summer) the idea of longing implied. This conditional element of romanticism, but assuming, poetry, mainly realistic, even if a bit of romanticism see.

MAIN PART

– Кешіріңіз, мен кешігіп қалдым! Осындай ұқсас жағдай ағылшын тілінің сөйлеу этикетінде көбірек көрініс табады. Коммуникант өзінің кешігіп қалғаны үшін кінәлі сезініп кешірім сұрайды, осылайша ол өзінің тәрбиелі екенін көрсетіп және оны эмоциялық жағын жағымды түрде бейнелейді. Қазақ тілінде кешіріңіз, ғафу етіңіз, айыпқа бұйырманыз деген қаратпа сөздер кешірім сұрау этикетінде қолданылады. Мұндай форма көбінесе өзінің кінәсін жеңілдету үшін, тәрбиелілігін, сыпайылығын көрсету үшін әр түрлі жағдайларда қолданылады (жұмыста, сабақта, көшеде және тағы басқа жерлерде).

Біз осы мақаламызда танымал жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты повесіндегі басты кейіпкер Қожаның кешірім сұрау этикетінен мысалдар келтіреміз. Мәселен, Қожаның өзі ұнататын Жанар есімді кластас қызынан кешірім сұрауы: «–Кешірші, кешірші, Жанар, тұрпайылық істеппін. Кінә менде». Мектеп директоры Ахметов пен класс жетекшісі Сабира Майқанова апайының өзінен кешірім сұрағандарын елестетуі: «Жарайсың, Қожа. Жігіт-ақ екенсің. Біз сенің мұндай ер жүректігінді білмей, баяғыда бекер ұрсады екенбіз ғой. Кешір!» – дейді Ахметов. «Кешір, Қожа... Баяғыда мен саған пионер лагеріне жолдама

бермегенімді ұмытпаған боларсың». «Иә, ұмытқаным жоқ». «Кешір, кешір, айналайын Қожатай».

Ал мына бір көріністе бас кейіпкеріміз өзінің талқыға салынып отырған тәртіпсіздіктерін педсоветте, ұстаздарының алдында мойындауы. «Бәрін мойындадым. Бар айтқаным. – Кешіріңіздер. Соңғы рет тағы бір кешірім жасап, сынап көріңіздер. Бұдан былай тәртіпсіздік істейтін болсам, қандай жаза қолдансаңыздар да ризамын». Арып-талып жайлаудан жұмысын тастап келген анасының педсоветте мұғалімдерден кешірім сұрағанын көз алдына елестетуі: «Айналайындар, баламды оқудан шығара көрмендер, тағы бір жолға кешірім жасаңдар!» – деп жалбарына сөйлеп тұрған тәрізді. «–Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін өзің түсінуің керек. Егер сен тағы бір шулаған шығаратын болсаң, онда маған өкпелеме» деген анасынан кешірім сұрауы: «– Қойшы маматай... Ең соңғы рет кешіріші. Ант етемін!» [9].

Мұндағы келтірілген мысалдарда жалыну, өтіну, жұбату, жаны ашушылық, өкіну және тағы басқаларды білдіретін реңк бар. Біз келтірген мысалдарда қаратпа сөздер коммуниканттың жағдайына байланысты бір адамға, немесе белгілі бір әлеуметтік топтардың бірнеше адамдарына арналған.

Мұндай қаратпа сөз формулалары көбінесе достықты сақтауға, жақсы қарым-қатынастарды жалғастыруға және кінәсін мойындауға қатысты қолданылады, мүмкін, кей жағдайда коммуникатор кінәлі болмауы да мүмкін, сонымен қатар ол өзінің ризашылығын, жақсы қарым-қатынасын, сезімін білдіреді. Қазақ тілінде жекеше және көпше түрді көрсету үшін, көрсеткішті ауыстыру қажет, мысалы, жекеше түр, сыпай түрде: «Ғафу етіңіз!; Кешіріңіз!; Кінә менен!...», анайы түрі «Ғафу ет!; Кешір!; Кінә менен!...», ал көпше түрде «Ғафу етіңіздер!; Кешіріңіздер!; Кінә менен!...». Ал ағылшын тіліндегі айтылымда мұндай жекеше, көпше түрге байланысты ерекшеліктер жоқ: Excuse my omission! «Қателігімді кешіріңіз!». Кейбір жағдайларда мұндай қаратпа сөз түрлерінің семантикасы кінәсін мойындау, болған жағдайды қарастырмағанына кешірім сұрайды. Sorry for my fault! «Кешіріңіз, менің қателігім!», немесе жай ғана My fault! «Ғафу етіңіз!; кешіріңіз!; кінә менен!» It was my fault that Elizabeth looked surprised! «Ғафу етіңіз, Элизабеттің таң қалып қарағанына мен кінәлімін!». Сонымен «кешірім сұрау, ғафу өтіну» сыпайылық этикет түрлерін зерттей келе тілімізде күнделікті кешірім өтінем, кешіріңіз фразалары өте жиі қолданатынын салыстыра отырып анықтадық. Көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде «кешірім сұрау, ғафу өтінуіңіз» тілдік әдістері әртүрлі және түрлі лексика-семантикалық бірліктерден тұратын формулалар пайдаланылады. Өзін-өзі жағымсыз бағалауды білдіретін тілдік талдаудың әдістері ағылшын және қазақ тілдерінде күнделікті қарым-қатынастарда «кешірім сұрау, ғафу өтінуіңіз» сценарийінің коммуникативті-прагматикалық жіктелуін вариативті алгоритм ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алдарыңызға ұсынылып отырған мақалада ағылшын тілді және қазақ тілді коммуникативтік қарым-қатынас мәдениетіндегі лингвистика мен лингвистикалық прагматиканың ережелеріне негізделген «кешірім сұрау, ғафу өтіну» сценарийін зерттеудің кешенді тәсілінің нәтижелері келтірілген.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «кешірім сұрау, ғафу өтіну» мәдени сценарийінің коммуникативтік, прагматикалық, этномәдени және лингвистикалық ерекшеліктері анықталды. Тілдік материалды жүйелей келе біз кешірім сұраудың тілдік формулалары өтініштің семантикалық компонентін, құрылымы, морфологиясы жағынан әртүрлі стилистикалық бейтарап және стилистикалық оң беретін сөздік қорды қамтуы мүмкін деген тұжырымға келдік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Макаров, М. Л.** Интерпретативный анализ дискурса в малой группе. – Тверь, 1998. – 200 с.
- 2 **Леонтович, О. А.** Методы коммуникативных исследований. – М. : Гнозис, 2011. – 224 с.
- 3 **Формановская, Н. И.** Речевой этикет. Русско-английские соответствия: справочник. – М. : Высшая школа, 1990. – 95 с.
- 4 **Формановская, Н. И.** Коммуникативно-прагматические аспекты единиц общения. – М. : ИКАР, 1998. – 291 с.
- 5 **Оуэн, М.** Извинения и корректные обращения: Изучение использования языка в социальном взаимодействии. – Берлин; Нью-Йорк; Амстердам : Mouton Publishers, 1983. – 250 с.
- 6 **Роулинг, Ж. К.** Случайная Вакансия. – Лондон : Brown Book Group, 2012. – 503 с.
- 7 **Харрис, Д.** Джентльмены и игроки. – Лондон : Черный Лебедь, 2006. – 507 с.
- 8 **Остин, Дж.** Гордость и предубеждение. – Лондон : Оксфордская университетская пресса, 2008. – 31 с.
- 9 **Б. Соқпақбаев.** Менің атым Қожа. – Алматы, 1957. – 157 б.

Д. Е. Капанова¹, Г. К. Исмагулова², Р. С. Амренова³

Сопоставительный анализ речевого этикета «извинение и прощение» казахском и английском языках

¹Казахский агротехнический университет
имени С. Сейфуллина,

г. Астана, 010000, Республика Казахстан;

²Костанайский педагогический институт,
г. Костанай, 110000, Республика Казахстан;

³Филолого-педагогический факультет,
Кокшетауский государственный университета имени Ш. Уалиханова,
г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

D. E. Kapanova¹, G. K. Ismagulova², R. S. Amrenova³

The comparative analysis of speech etiquette of «apology and forgiveness» in Kazakh and English

¹S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan;

²Kostanay Pedagogical Institute,
Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan;

³Philological and Pedagogical Faculty,
Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov,
Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

Статья посвящена исследованию форм обращения «извинение и прощение» в казахском и английском языках. В статье определяется роль и место речевого этикета «извинение и прощение» в двух разносистемных языках, проанализированы формулы речевого этикета «извинение и прощение», извлеченные из художественной литературы на казахском и английском языках. Сравнительное планирование «извинение и прощение» основано на методе анализа дискурса, который позволяет анализировать процесс взаимоотношений человека в междисциплинарной парадигме и векторе антропоцентризма. Авторы считают, что его следует рассматривать в связи со стратегиями вежливости сближения, поскольку основное прагматическое значение концепта «извинения и прощения» – заверить адресата в том, что его заметили, его

уважают, и хотят поддерживать с ним бесконфликтные отношения, то есть это знак внимания и доброжелательности.

The article is devoted to the study of the forms of treatment «apology and forgiveness» in Kazakh and English. The article defines the role and place of speech etiquette «apology and forgiveness» in two different-system languages, analyzed the formulas of speech etiquette «apology and forgiveness», extracted from fiction in Kazakh and English. Comparative planning «apology and forgiveness» is based on the discourse analysis method, which allows to analyze the process of human relationships in the interdisciplinary paradigm and the vector of anthropocentrism. The authors believe that it should be considered in connection with strategies of courtesy of rapprochement, because the main pragmatic meaning of the concept of «apology and forgiveness» is to assure the addressee that he has been noticed, respected, and want to maintain a conflict-free relationship.

Б. Н. Кикенова¹, Н. Т. Бозтекеева²

¹м.пед.н., преподаватель, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000, Республика Казахстан;

²м.пед.н., преподаватель, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000, Республика Казахстан
e-mail: ¹zvezd.vrat@mail.ru; ²narizza@list.ru

ОБРАЗНАЯ СИСТЕМА ПОВЕСТИ АРКАДИЯ И БОРИСА СТРУГАЦКИХ «МАЛЫШ»

Данная статья посвящена изучению образной системы повести Аркадия и Бориса Стругацких «Малыш». Художественный мир в целом и образы, в частности фантастические или реалистические, создаются авторами по одним и тем же законам. Фантастика, подобно реализму, может рассматриваться как метод, способный породить альтернативную реальность, возможный мир, чьему составлению составляют его компоненты, в том числе образная система.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью всестороннего анализа образов как важной составляющей художественного мира писателей. Задача исследования состоит в изучении образного строя повести как основного средства выражения авторских идей и идеалов. Достоверная картина мира в научно-фантастическом произведении может быть достигнута достаточной проработкой образной системы, что наглядно продемонстрировали Аркадий и Борис Стругацкие в повести «Малыш».

Ключевые слова: художественный образ, образная система, художественный мир.

ВВЕДЕНИЕ

Повесть Бориса и Аркадия Стругацких «Малыш», впервые опубликованная в 1971 году в сборнике «Незначенные встречи», входит в литературный цикл писателей «Мир Полудня».

По замыслу авторов, действие повести происходит в XXII веке, на планете «Ковчег», поэтому мир произведения конструируется как светлое общество будущего, в котором человечеству удалось разрешить основные экономические, социальные и экологические проблемы. Успехи

биоинженерии обеспечили материальное изобилие без перепроизводства и загрязнения окружающей среды. Появились технологии межзвездных перелётов, освоение далеких планет перестало восприниматься как нечто невозможное. Установлены контакты с внеземными цивилизациями. Мировоззрение людей изменилось кардинальным образом. Труд на благо общества считается естественной обязанностью и потребностью каждого. Жизнь разумного существа признана безусловной и высшей ценностью, проявление агрессии и недоброжелательства по отношению к ближнему стало вопиющим исключением. Наука об обществе сделала качественный скачок: созданы теории исторических последовательностей и «вертикального прогресса», сторонником которого является Геннадий Комов, один из героев произведения.

В произведении изображена типичная для фантастики ситуация – попытка контакта с инопланетной цивилизацией. Сюжет контакта строится на архетипическом противопоставлении «своего» – человеческого – и «чужого» – нечеловеческого – миров.

В повести фигурируют обычные для Стругацких герои, некоторых из них мы уже встречали в других произведениях писателей. К примеру, Комов, Горбовский, Майя Глумова – герои многих повестей и рассказов писателей, относящихся к Миру Полудня.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Анализируя образную систему повести, целесообразно разделить все образы-персонажи на две группы, противопоставленные друг другу. К первой группе относятся люди, участники гуманитарной миссии «Ковчег», непосредственные действующие лица повести. Это Геннадий Комов, Яков Вандерхузе, Майя Глумова и кибертехник Стась Попов, для которого миссия «Ковчег» является первой серьезной работой («двадцати лет, стаж практической работы шесть с половиной суток...» – [53, с. 131]). От лица Попова и ведется повествование.

Глазами кибертехника мы наблюдаем странные события, происходящие на корабле и вокруг него в те часы, когда он остается один. Загадочное поведение роботов, подопечных Попова, таинственные голоса и звуки – «Какое-то шуршание, будто ящерица пробежала» [53, с. 17]; «плакал ребенок. Где-то далеко, на другом конце корабля, за многими дверями отчаянно плакал, надрываясь и захлебываясь, какой-то ребенок. Маленький, совсем маленький» [53, с. 22].; «Шура... – простонал совсем рядом хриплый женский голос...» [53, с. 25], – все это создает достаточно жуткую, пугающую атмосферу. Напряжение усиливается, когда экспедиция обнаруживает старый разбитый корабль с погибшими землянами-космонавтами; Комов начинает

расспрашивать Попова о подозрительных происшествиях на корабле; Майя принимает рассуждать о некротической активности на планете. Эта атмосфера точно отражается в названиях первых трех глав повести: «Пустота и тишина» – «Пустота и голоса» – «Голоса и призраки».

Необходимо отметить, что подобные, на первый взгляд почти мистические явления, гнетуще действовали на всех членов экипажа без исключения. Но тот факт, что именно Попову ежедневно приходилось оставаться на корабле в полном одиночестве объясняет, почему Стась находится в настоящем смятении и начинает сомневаться в собственном психическом здоровье; герой даже подумывает покинуть состав экспедиции, считая себя негодным для подобной работы.

Ковчег-1, блестящий ксенопсихолог Геннадий Комов, который первым разобрался в происходящем, понял, что Малыш – человек. Впервые появившийся в романе «Полдень, XXII век», Комов играл ключевую роль во многих произведениях Мира Полудня. Хладнокровный и собранный, Геннадий, по мнению писателей, один из лучших представителей человечества. Хотя особой любовью молодых членов экспедиции, Попова и Майи, не пользуется. «...последние дни я все чаще и чаще с удивлением и горечью вспоминал восторженные рассказы Татьяны, которая проработала с Комовым целый год, была, по-моему, в него влюблена и отзывалась о нем как о человеке редкостной общительности, тончайшего остроумия и все такое прочее. Она прямо так и называла его: душа общества. Что это за общество, у которого такая душа, я представить себе не могу», – думает о командире Стась [53, с. 235]. Майя Глумова выражает свое отношение к Комову гораздо более откровенно: «Мне просто не нравится как Комов себя ведет. Не понимаю я его. И вообще он мне не нравится! Мне о нем все уши прожужжали, а я теперь хожу и считаю дни, сколько мне с ним работать осталось...» [53, с. 247].

Сама Глумова, которая также неоднократно фигурирует в произведениях Стругацких, сыграет очень важную роль в судьбе Малыша. Писатели создали образ очень эмоциональной, прямолинейной и равнодушной девушки, чей темперамент и личные качества повлияют на ее поведение.

Самый старший и опытный член экспедиции Яков Вандерхузе, лично знавший родителей Малыша Марию-Луизу и Александра Семеновых, в ходе событий проявляет себя заботливым и очень деликатным человеком.

Ко второй группе образов можно отнести загадочных аборигенов планеты. Неподобные на землян настолько насколько это вообще возможно, аборигены намеренно противопоставляются людям. В повести «Малыш» противостояние «своего» и «чужого» миров осознается именно как противостояние человеческого нечеловеческому. Стругацкие умело создают

в повести это ощущение «чуждости», используя самые различные способы. К примеру, в момент появления Малыша на борту корабля землян, наши герои с удивлением и страхом замечают, как над горным хребтом появляются невероятные сооружения, «усы» – непонятные, похожие на антенны хлысты высотой почти в километр. «...Это было так, будто чудовищный таракан прячется за горами и высунул оттуда усы» [53, с. 287].

Сравнение с тараканом, позволяя, с одной стороны, наглядно представить фантастическую сцену, с другой, – несет в себе внутреннюю оценку, почти подсознательно создает ощущение непроходимой дистанции между встречающимися сторонами, дистанции не меньшей, чем та, что разделяет человека и насекомое.

«Все известные разумные негуманоиды отстояли от человека гораздо дальше, чем волки или даже осьминоги. Утверждал же такой серьезный специалист, как Крюгер, что разумные слизни Гарроты рассматривают человека со всей его техникой не как явление реального мира, а как плод своего невообразимого воображения...» [53, с. 284], – размышляет Стась Попов.

Кульминация начальных событий повести, связанных с созданием страшной атмосферы, – это первое полноценное появление Малыша перед людьми. Рассказ об этом приобретает психоделические, онейрические черты. Не случайно Малыш приходит к Попову, когда тот находится в лихорадочном состоянии полусна, полуяви: «Глаза у меня были открыты, и в свете ночника я сразу увидел перед собой человека. Он стоял возле самой койки и, наклонившись, внимательно смотрел мне прямо в лицо. В слабом свете он казался темным, почти черным – бредовая скособоченная фигура без лица, зыбкая, без четких очертаний, и такой же зыбкий, нечеткий отблеск лежал у него на груди и на плече. Уже точно зная, чем это кончится, я протянул к нему руку, и моя рука прошла сквозь него...» [53, с. 251].

В повести кульминация всех страхов, загадочных звуков, видений – это появление Малыша в каюте Попова. Она одновременно выступает и как их благополучное разрешение: на следующее утро выясняется, что Малыш (и даже «призраки», а точнее «фантомы», которые он умеет создавать) существует реально. «Я испытывал только безмерное облегчение, уже понимая, что с этой минуты бесповоротно кончились все мои кошмары и страхи», с облегчением размышляет Стась [53, с. 261].

Момент этого переключения отмечен в четвертой главе повести, когда кибертехник, убедившись, что его ночные страхи беспочвенны (после публичного появления Малыша на корабле и погони за ним), окидывает взглядом давно привычный и прежде унылый пейзаж: «Планета казалась мне теперь какой-то другой. Что-то в ней изменилось. Появился какой-то смысл в этом тумане, в карликовых зарослях, в скалистых отрогах, покрытых

лиловатыми пятнами снега. Тишина осталась, конечно, но пустоты уже не было, и это было хорошо» [53, с. 261]. Герои повести быстро разбираются в обстановке. Малыш оказывается человеком, ребенком, которого спасли загадочные и могущественные обитатели планеты, но Контакт с ними не просто нежелателен для аборигенов, он невозможен в силу непреодолимых различий между людьми и негуманоидами. Однако именно этого Kontakта страстно жаждут Комов и его единомышленники.

Малыш, родители которого погибли на планете Ковчег, оказался единственным связующим звеном между совершенно различными цивилизациями, одна из которых принципиально замкнута, «свернута» на себе и не желает вступать в контакт с землянами.

Практически ничего не узнаем о его спасителях, представителях неведомой цивилизации. Нам не рассказывают о том, как Малыш вырос, – только отрывочные, неполные сведения. Стругацкие, писатели которые могут придумать и обосновать любую фантастическую гипотезу, намерено оставляют многое в тайне.

Центральное противопоставление «свой/чужой», образующее картину мира в повести, по мере развития действия перемещается из внешней сферы в сферу внутреннюю, душевную, становится тем стержнем, на котором будут строиться и внутренний мир Малыша, и сам образ персонажа в целом.

Особенности картины мира, тип сюжета и характер персонажа в художественном тексте взаимообусловлены. Эта обусловленность как раз и обнаруживается в «Малыше» и создает предпосылки для возникновения психологического конфликта. Этот психологический конфликт развивается во второй части повести в двух планах. Его, с одной стороны, образуют позиции землян – прежде всего Комова, Майки и Горбовского – в споре о судьбе Малыша, споре, теряющем постепенно черты сугубо специальной научной дискуссии и приобретающем ярко выраженный нравственный характер. С другой стороны, постепенно проявляется сам образ Малыша, в котором «чужое» борется со «своим», что привносит в этот образ психологическое напряжение и драматизм.

Позиции героев поначалу, обусловленные научными взглядами Комова, едины: «Я был в восторге. Майка тоже была в восторге. Перспективы ослепляли нас. Туманные, неясные, но ослепительно радужные. Дело было не только в том, что впервые в истории становился возможным контакт с негуманоидами. Человечество получало уникальнейшее зеркало, перед человечеством открывалась дверь в совершенно недоступный ранее, непостижимый мир иной психологии, и смутные комовские идеи вертикального прогресса обретали, наконец, экспериментальный фундамент...» [53, с. 283].

Но скоро эйфория проходит, и позиции персонажей меняются. Именно отношение героев к Малышу, степень их вовлеченности в его судьбу, способствуют более глубокому пониманию каждого из персонажей. Комов, всеми силами стремящийся вступить в контакт с аборигенами Ковчег, по сути, не слишком обеспокоен индивидуальной судьбой Малыша. Этот маленький пришелец испытывает огромные муки от присутствия людей на планете. Можно предположить, что таинственная цивилизация каким-то образом проецирует свое отношение к незванным гостям на Малыша. «Люди уйдут, и будет хорошо», – говорит Малыш Комову [53, с. 296].

Попов поначалу принимает позицию Геннадия, он захвачен идеями контакта и «вертикального прогресса». Но к финалу повести, проникнувшись к Малышу неподдельной симпатией, и находясь под впечатлением от поступка Майи, Попов меняет свое мнение. «Ведь нельзя же ставить вопрос: будущее Малыша или вертикальный прогресс человечества. Тут какая-то логическая каверза...» [53, с. 342]. В глубине души Стась понимает, что каверза это скорее нравственная, этическая.

Наибольшее участие в судьбе Малыша принимают Вандерхузе и Майя. Глумова откровенно возмущена поведением Комова и его отношением к маленькому пришельцу: «Что бы Комов ни говорил, как бы он ни поступал, сразу чувствуется: его интересует только одно – контакт. Все для великой идеи вертикального прогресса!» [53, с. 302]. А нужно, по ее мнению, «как Яков... Во всяком случае, он, единственный из вас, говорил с Малышом по-человечески» [53, с. 303]. Потому девушка решается на отчаянные действия и срывает Комову контакт, чем вызывает осуждение со стороны Геннадия и Попова. Вандерхузе же придерживается нейтральной позиции. Отвратительным и бесчеловечным называет Глумова поведение Комова, а его самого – «фанатиком абстрактных идей». В споре с Поповым в сердцах восклицает: «...я не могла сидеть сложа руки и наблюдать, как гнусная комедия превращается в трагедию...» [53, с. 332].

Для Майки Малыш – это нечто единичное и конкретное, для Комова же он – общее и абстрактное. Для Майки он, прежде всего, – живой маленький человек, для Комова – научная проблема огромной важности, тот единственный случай, которого он ждал всю жизнь. Противоречивость позиций героев и невозможность их однозначной оценки обусловлены также и сложностью образа Малыша, который в повести претерпевает определенную эволюцию. Во всем облике Малыша, его поведении первоначально резко проступают черты нечеловеческие.

Малыш обладает невероятными способностями, умеет создавать фантомов-призраков, умеет летать и дышать под водой, он в состоянии различными способами подчинять своей воле окружающую среду, а человеческой речью он овладел за несколько часов.

Команда космического корабля готовится к встрече с Малышом так, как могла бы готовиться команда какого-либо парусника эпохи великих географических открытий к встрече с аборигенами тропических островов. И Стругацкие, как можно понять, сознательно актуализируют в восприятии читателя соответствующие ассоциации, связанные с традиционной приключенческой литературой.

Давая портрет Малыша, Стругацкие не раз подчеркивают именно нечеловеческую сторону маленького пришельца: «Кожа у него была темная, почти черная, и блестела, словно покрытая маслом» [53, с. 253]; «Жуткое, неприятное лицо, и вдобавок – мертвенного, синевато-зеленоватого оттенка, лоснящееся, словно смазанное каким-то жиром» [53, с. 283].

Однако по мере реализации программы Комова человеческие и детские черты в Малыше начинают усиливаться. Он поразительно быстро овладевает земными играми, его восхищают мяч и шахматы, в нем бурлит неумное детское любопытство, которое, соединяясь с фантастической способностью героя усваивать информацию, делает его очень скоро своеобразным маленьким ученым. И наступает момент, когда Малыш говорит: «Это было хорошо. Я никогда не знал, что бывает так хорошо» [53, с. 322]. Но тут же оказывается, что то новое «хорошо» лишь усиливает прежнее «плохо»: «Не могу забыть, – продолжает Малыш. – Не помогает. Никакое удовольствие не помогает. Больше не зови меня играть. Мне плохо, а сейчас еще хуже. Скажи ему (Комову), чтобы он думал скорее. Я разорвусь пополам, если он не придумает. У меня внутри все болит. Я хочу разорваться, но боюсь. Поэтому не могу» [53, с. 322].

Малыш – дитя двух цивилизаций – непонятным образом уцелевший в этом холодном, враждебном пространстве, притягателен своей таинственностью. Писатели смогли создать удивительно обаятельный образ, совместить в нем обыкновенного земного мальчика с порождением неведомой цивилизации. Все, что касается аборигенов планеты Ковчег, загадочно и непонятно, оттого и образ Малыша приобретает оттенок поэтической недосказанности. «Человеческий детеныш, воспитанный волками, – размышляет Стась, – вырастает волком. Медведями – медведем. А если бы человеческого детеныша взялся воспитывать спрут? Не съел бы, а стал бы воспитывать... Дело даже не в этом. И волк, и медведь, и спрут – все они лишены разума. Во всяком случае того, что ксенологи называют разумом. А вот если нашего Маугли воспитали существа разумные, но в то же время в некотором роде спруты?.. И даже еще более чужие, чем спруты... А ведь это они научили его выбрасывать защитные фантомы, научили мимикрии, – в человеческом организме нет ничего для таких штучек...» [53, с. 223].

Вопрос о том, кто же прав в этом споре – Комов, который, как он сам признается, стремится «превратить Малыша в орудие Земли», чтобы

вступить в контакт с замкнутым негуманоидным миром, и для этого «всеми доступными средствами и совершенно беспощадно» старается «восстановить в нем человека», или Майка, ломающая эту программу, писатели оставляют в произведении без однозначного ответа.

В конечном итоге авторы предлагают один из вариантов решения всей этой нравственной проблемы, связанной с судьбой Малыша. Леонид Андреевич Горбовский (известный читателям по многим произведениям Стругацких), пользуясь своим авторитетом, запрещает контакт. «Пора взять отбой», – заявляет он, выйдя на связь с командой Комова. Геннадий пытается возражать, но Горбовский говорит о том, что речь идет совсем не об отношениях землян с замкнутой цивилизацией негуманоидов. Речь идет о Малыше: «Дело в том, что между двумя нашими цивилизациями, как между молотом и наковальней, оказалась сейчас третья, и за эту третью, Геннадий, за единственного ее представителя, Малыша, мы вот уже несколько суток несем всю полноту ответственности» [53, с. 338]. Эта позиция Горбовского, на которую Комов может ответить лишь «долгим молчанием», иная, чем прежние. В ней сливаются, преодолевая свою противоположность, позиции Комова и Майки. Малыш, оказывается, равен целой цивилизации – вот в чем суть этой новой позиции.

Признание Малыша равным целой цивилизации есть признание абсолютной нравственной ценности его личности, человеческой или нечеловеческой – теперь уже совсем не важно. И это означает признание за самим Малышом права выбора. Так и получается в эпилоге. Земляне покидают планету, оставив, однако, для Малыша канал связи со спутником, на котором находятся Стась и целый отряд специалистов. И Малыш, выбрав Стася в друзья, вызывает его «всякий раз, когда ему хочется побеседовать» [53, с. 343].

ВЫВОДЫ

Основная задача, которую А. и Б. Стругацкие ставят при создании своих произведений – это исследование человека, его внутреннего мира, психологии поступков. И фантастическая условность выполняет здесь функцию расширения возможностей, при изображении, к примеру, проблемы выбора, конфликта прошлого и будущего, проходящих через все их творчество, каких невозможно достичь в жестких рамках реалистической традиции.

Образы-персонажи фантастического мира братьев Стругацких являются основным средством выражения авторского мировоззрения, а также идеи о том, что всякое вмешательство в жизнь другой цивилизации должно быть тщательнейшим образом обосновано. Возможно и допустимо ли подобное вмешательство – вопрос, которым авторы задаются во многих своих произведениях.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Стругацкий, А. и Б. Собрание сочинений в 11 томах. – М. : Сталкер, 2003. – 288 с.

Материал поступил в редакцию 29.05.18.

Б. Н. Кикенова¹, Н. Т. Бозтекеева²

Аркадий және Борис Стругацкийлердің «Малыш» повестінің образдық жүйесі

^{1,2}Филология факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

B. N. Kikenova¹, N. T. Boztekееva²

The image system in the novel «The Kid» by Arkady and Boris Strugatsky

^{1,2}Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 29.05.18.

Мақала ағайынды Аркадий және Борис Стругацкийлердің «Малыш» повестінің образдық жүйесін зерттеуге арналған. Жалпылап алғанда, шығарманың көркемдік әлемі, ал жекелеп алғанда, фантастикалық және реалистік әлемдерді авторлар бірдей заңдылықтарға бағындырған. Реализм секілді фантастика да оның құрамдас бөліктері, атап айтқанда, образдар жүйесінің әсерінен альтернативті шынайылық тудыратын әдіс ретінде қарастырылады.

Жазушылардың көркемдік әлемінің маңызды бөлігі саналатын образдардың жан-жақты анализінің қажеттілігі зерттеу өзектілігін айқындайды. Зерттеу міндеті – авторлардың идеясы мен идеалдары көрінісінің негізгі құралы болып табылатын образдарды талдау. Аркадий және Борис Стругацкийлер «Малыш» повестінде сипаттағандай, ғылыми-фантастикалық шығармадағы әлемнің шынайы бейнесі образдық жүйенің жеткілікті түрде жасалуына байланысты.

This article is devoted to the study of the image system of a novel «The Kid» by Arkady and Boris Strugatsky. The artistic world in general and images, in particular fantastic or realistic, are created by the authors according to the same laws. Fantastic fiction, like realism, can be viewed as a method capable of engendering an alternative reality, a possible world, constructing by its constituent components, including the image system.

The relevance of the study is due to the need for a comprehensive analysis of images as an important component of the artistic world of writers. The objective of the research is to study the structure of images of the story as the main mean of expressing authors' ideas and ideals. A reliable world picture in a science-fiction work can be achieved by a sufficient study of images system, which was clearly demonstrated by Arkady and Boris Strugatsky in the novel «The Kid».

А. А. Көшекова

ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: Kosheкова71@mail.ru

«АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

«Айман-Шолпан» жанры жағынан эпикалық поэмалар тобына жатады. Бұл поэма лиро-эпос пен тарихи поэманың түйіскен, екеуінің де элементі табылатын жырдың жаңа бір түрі. Поэманың оқиғасы өмірде болған, кейіпкерлерінің бірқатары елге мәлім адамдар. Бұл туралы бірнеше деректер де бар. Поэманың тууына негіз болған – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғалар. «Айман-Шолпан», драмалық комедия. «Айман-Шолпан» жырларының он бойында әдемі юмор жатыр. Осы ерекшелікті терең ұққан Әуезов халық жырларының материалын комедия жазу үшін сәтімен пайдаланды. Қазақтың тұңғыш музыкалық театрының шымылдығы «Айман-Шолпан» комедиясымен ашылды. Пьесадағы сюжет жыр сюжетінің негізінен ауытқымайды. Драматург тартысты тереңдетіп, образдарды айқындап, идеяны ұштап, жаңа бояулар, соны өрнектер қосқан. Құрылысы, бейнелер жасау әдісі, тіл ерекшеліктері жырдың ескі поэтикалық дәстүрде туғанын көрсетеді. Ежелгі жыр, айтыс үлгілері кеңінен пайдаланылады. Эпикалық ұзақ дастандардағыдай, оқиғалар арасын қарасөзбен жалғап отыру үрдісі, жазба әдебиет дәстүріне тән белгілер де кездеседі.

«Айман-Шолпан» – реалистік мәнерде шығарылған, аса көркем жырлардың бірі. Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» жыр бойынша жазған музыка драмасы Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының репертуарынан көп жылдар бойы түспей келді. 1960 жылдан драмалық театрлар сахналарында қойыла бастады.

Кілтті сөздер: жанр, эпикалық поэма, лиро-эпостық поэма, дерек, кейіпкерлер, оқиға.

КІРІСПЕ

Халық аңыз-әңгімелері мен жырларының әдебиеттік сипатымен қоса тарихи рөлін де кеңінен бағалай білген ғалым ретінде Ш. Уәлиханов көшпелі

тайпалар тарихының белгісіз, күнгірт кезеңдерін айқындауда халық әдебиетін пайдаланудың аса қажеттігіне, олардың тек халық тарихын анықтауда ғана емес, сонымен бірге халықтың өмір шежіресін негіздеуде де басты мұра болып есептелетіндігіне айырықша назар аударуды жөн деп есептеген.

Қазақ халқының ежелгі рухани мұраларын кеңінен зерттеген, мол жырлар, сан әңгіме-аңыздар тудырған халқымыздың ақынгер дарыны, қазақ ауыз әдебиетінің аса сұлулығы мен өнердің болмыс-бітімі жайында кесек ой-пікірлер білдірген ғалымдарымыз лиро-эпостық жырлардың, соның ішінде «Айман-Шолпан» жырларының да туу тарихы, оның тарихи негіздері турасында құнды тұжырымдар жасап отырған.

«Айман-Шолпан» жанры жағынан эпикалық поэмалар тобына жатады. Бұл поэма лиро-эпос пен тарихи поэманың түйіскен, екеуінің де элементі табылатын жырдың жаңа бір түрі. Поэманың оқиғасы өмірде болған, кейіпкерлерінің бірқатары елге мәлім адамдар. Бұл туралы бірнеше деректер де бар. Поэманың тууына негіз болған – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғалар.

Поэмада эпостық элементтер де жоқ емес. Көбінесе ол поэмада елдің салт, тұрмысын суреттеумен байланысты көрініп отырады. Сонымен қатар тарихи поэмаларға тән элементтер де анағұрлым басым.

«Айман-Шолпан» поэмасында басқа лиро-эпостық жырлардағыдай сүйіспеншілік, махаббат мәселесі бірінші орында тұрмайды. Мұнда Әлібек пен Айман, Арыстан мен Шолпан арасындағы махаббат, олардың жүрек лүпілі, алуан сезім дүниесі онша көрінбейді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Қазақ халқының көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, фәлсафалық қария сөздерін тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екені көрінеді. Бұл жойқын шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі бір – жарқын дүние» [1, 5].

«Кезінде тарихи жазылып сақталмаған халықтың өмір шежіресін жасауда зерттеушілер ең алдымен сол елдің өзі тудырған аңыз-әңгімелеріне, жыр-дастандарына сүйенетіндігі анық. Екінші жағынан ондай әдебиет үлгілері ежелгі жырларымыздың шыққан дәуірі мен оны тудырған мотивтерін анықтауға да орасан зор рөл атқарады. Мысалы, түркі тектес халықтардың көбіне бірдей әңгімеленіп-жырланатын «Алпамыс», эпосымен сюжеттес, төркіндес: Қырғыздың «Жаныш пен Байыш», «Манас», қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс», «Желкілдек», алтайдың «Алып Мамыш», «Қозын Еркеш», башқұрттың «Алпамыша минән Барсын хылыуу», «Құзый

Курпяс минян Маян хылыуу» татардың «Алпамша» тәрізді ертегі-жырларына желі болған басты фабуланы көпкем дейін анықтай алмай әуреге түскені мәлім. Мұның түпкілікті жауабын халық аңызынан табылды.

Академик В. М. Жирмунскийдің айтуынша, жоғарыда аталған ерлік ертегі-жырларына VI–VII ғасырларда туып, түркі тайпаларының арасына түгел жайылған Алып (ер) жайындағы аңыз негіз болғанға ұқсайды. Бұл аңыздар түркі халықтары ішінде, әсіресе оғыз-қыпшақ (қазақ халқы осы тапқа жатады) тобындағы халықтар арасында мол әңгімеленген» [2, 299].

Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігіне зор қауіп төндірген дәуірдің бірі – XVIII–XIX ғасыр.

XVIII ғасырдың 30-жылдары (1731 жылы) Қазақстанның кіші жүз елі Ресей империясының бағынышты отарына айналды. Саяси-әлеуметтік жағдай бірден өзгерді: деспотизм мен мейірімсіздік, зорлық-зомбылық өріс алды. Тарихи қалыптасқан көшіп-қону жолдары бұзыла бастады. Еділ мен Жайықтың арасындағы кең байтақ жерлерді патша үкіметі бай-құлақтармен мен помещиктерге бөліп берді. Мал жайылымдары тарылды, қамал, горнизондар күшейтілді, қазақ сұлтандары мен хандары патша үкіметінің агентурасына айналды, рулық байланыстар мен ұлттық дәстүрлерге шек қойылды, ақша қатынасы қалыптасты, әртүрлі алым-салық көбейді, бейбіт алымдарға сұлтандар мен төленгіттердің барымталары ұйымдастырылды, керуен сарайларына шабуыл жасады, феодалдық-монархиялық тәртіптер орнатылды. Ол ол ма, орыстың бай-құлақтары кедей балаларын сатып алып, оларды орта азия мен Европа базарларына құл есебінде сатты, қазақтарды христиан дініне шоқындыру саясаты жүргізілді, жерге жеке меншіктік қожалықтар заңдастырылды, әскери шекаралық бекіністерге жақын тұратын еңбекші-шаруалар амалсыздың күйінен патшалық Ресейдің әскери жанұяларына малайлыққа орналасты. Кіші жүз елінің бар байлығын шикізат ретінде Ресейдің орталық аудандарына жөнелтті. Қарапайым халық екі жақты қанауға ұшырады.

Қорлаудың да қорланудың да шегі болады, қарап отырып қор болғанша, алысып-арпалысып, айқасып өлейік деген сертпен, 1853 жылы Есет Көтібаров бастаған кіші жүздің Шекті тайпасының патшалы Ресейдің отарлау саясатына қарсы шаруалар көтерілісін бастады. Бұл көтеріліс XVIII ғасырдың соңында (1783–1797 жж.) 14 жылға созылған Сырым мен Барақ батырдың 1836–1837 жылдары Бөкей ордасында болған Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің және Сырдария егіншілері мен XIX ғасырдың 30–40 жылдары Орта жүзде болған шаруалар қозғалысының заңды жалғасы еді. Бәрі де патшаның самодержавиялық үстемдігіне қарсы шыққан шаруалардың ұлт-азаттық қарулы көтерілісі болып саналады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында үлкен саяси-әлеуметтік өзгерістер болып жатты. Қазақстанның Ресейге қосылуы

әкімшілік-басқару ісіне де (бұрынғы хандық жолымен ел билеу тәртібі өзгеріп, «сайлау», жоғарыдан тағайындау тәртібі енгізіледі), экономикалық-мәдени қатынастарға да бірталай жаңалық әкелді. Мұның өзі ескі феодалдық қарым-қатынастардың іргесін шайқады. Әдет-ғұрып, салт-санаға әсерін тигізді. «Айман-Шолпан» поэмасында қазақ елінің сол кездегі өмірі реалистікпен бейнеленген. «Барсаң, сәлем айта бар жездең сорға. Қой айдап кетіп еді Орынборға», – деген жолдардан қазақ тіршілігінің енді базармен, қаламен байланысты екенін байқаймыз. Ендігі өмір тіршілігі аталы бай мен қара күш иесі батыр да емес, өмірдің, жаңа қоғамдық қатынастардың байыбына барып, соны түсіне бастаған, жаңаны сезген жастар жағында екенін көреміз. Күні өтіп бара жатқан ескі мен жаңаның арасындағы тартыс – поэманың негізгі тақырыбы. Сюжеттік-композициялық желісіндегі негізгі ой соған кеп тіреледі.

«Айман-Шолпан» жырының XIX ғасырда туғандығы туралы тұжырым көпшілік ғалымдарымыздың тарапынан айтылған екен. М. Әуезов жыр жөнінде: «Жырдың Көтібар, Есет сияқты кейіпкерлері өткен ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адамдар екендігіне қарап дастан сол тұста немесе содан кейінгі кезеңде туған деп байлам жасауға болады», – дейді [3, 45]. Сонымен қатар, М. Әуезов жырдың халық арасына көп таралуының сыры оның образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде деп көрсетеді: «Көркемдік қасиеті жағынан қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» немесе «Қыз Жібек» жырындай болмағанымен, «Айман-Шолпан» – халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі. Сірә, мұның сыры жырдың образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде болса керек» [3, 45].

Әдебиетші – ғалым Қ.Жұмалиев «Айман-Шолпан» жырының оқиғасы Исатай мен Махамбет бастаған халық көтерілісінен кейін туған, – дейді. Ал белгілі әдебиеттанушы ғалым Ә. Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихына» [4, 207] жазған еңбегінде бұл жырдың XIX ғасырдың орта шенінде туғандығын айтады. М. Ақынжановтың айтуына қарағанда, бұл жыр өткен ғасырдың екінші жартысының бас шенінде, яғни Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталған кезде туған. Бұлардың қайсысы болса да жырдың нақтылы шыққан мезгілін дәлдеп айтпағанымен де, оқиғасы шындық өмірден алынғандығын анықтайды.

Жалпы жырдың туындау кезеңі XIX ғасыр деген тұжырыммен М. Ғабдуллин де келіседі. «Айман-Шолпан» халықтық жыр және ол XIX ғасырдың 70 жылдарында шығарылған секілді. Ал «Айман-Шолпан» жырын Ы. Дүйсенбаев XIX ғасырда пайда болған, онда XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ болмысы суреттелген деп тұжырымдайды. Ойының бір дәлелі ретінде жырда Көтібар, Арыстан секілді тарихи тұлғалардың бейнеленуін келтіреді. Зерттеуші дұрыс айтады: Көтібар мен Арыстанның образы – өздерінің прототиптерінен мүлде алшақ. Мұның себебін Ысқақ

Тәкімұлы жырдың мақсаты тарихи адамдарды бейнелеу емес, сол дәуірдегі рулардың алауыздығын, ескіліктің зиянын әшкерелеу болғандығынан деп түсіндіреді. Сол себепті де Көтібар мен Маман күлкілі жағдайда көрсетіледі де, оларға Айман, Шолпан Әлібектер жаңа лектің өкілі ретінде қарсы қойылады. Осы кейіпкерлердің іс-әрекеті ескі мен жаңаның күресі болып суреттеледі. Мұның өзі қазақ тұрмыс-салт жырының жаңа бағытқа, жаңа өреге көтерілгенінің айғағы деп жазады ғалым. Және мұнда әдебиетке жақындық байқалады деп қорытады ол ойын.

«Айман-Шолпан» жыры Ысқақ Дүйсенбаевқа дейін де зерттеу объектісі болған. Мәселен, Ә. Қоңыратбаевтың 1948 жылғы, «Қазақ әдебиетінің тарихына» жазған тарауын айтуға болады [5, 207–217]. Мұнда автор аталмыш жырды біршама кең қарастырған. Ол жырдың шығу мезгілін, тарихқа қатысын, кейіпкерлердің тарихтағы рөлін және жырдағы бейнесін, эпостың композициясын, тілін сөз етеді. Зерттеушінің ойынша, «Айман-Шолпан» жыры XIX ғасырдың орта шенінде туған. Хатқа түскен жылы 1896 жыл.

«Айман-Шолпан» жырындағы, – деп жазады автор, – Маман байды шауып алатын Көтібар мен Арыстан тарихта болған адамдар. Көтібардың әкесі – Берсен, Арыстанның әкесі – Тінәлі. Берсен мен Тінәлі бір кісінің баласы. Бұлардың руы Шекті, оның ішінде Тілеуқабақ, мекені қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданының маңы. Көтібар мен Арыстан XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген адамдар [5, 127 б.]. Бұдан әры қарай Ә. Қоңыратбаев тарихтағы Көтібар мен Арыстанның өмірі мен іс-әрекеттерінен мәлімет береді де, жырдағы олардың бейнесін талдайды, өмірдегі Көтібар мен эпостағы Көтібар алшақ деп есептейді. Ғалым жырдың басты кейіпкерлерінің образын жақсы талдай алған, әсіресе Айман бейнесін Көтібарға қарсы қойып, қыздың мінезін, қайсарлығын, ақылдығын аша білген.

«Айман-Шолпан» жырын екінші болып арнайы зерттеген адам – Ысқақ Дүйсенбаев. Ол алғаш рет 1957 жылы «Айман-Шолпан» жырын жариялап, соған шағын мақала және түсінік жазған [6, 44 б.]. Содан соң 1960 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихына» арнайы тарау жазған [7, 568–578]. Осы тарауды аздаған редакция жасап, 1973 жылғы «Қазақтың миро-эпосы» атты монографиясына енгізген [8, 107–121]. Біз осы үш мәтінді салыстыра отырып, Ысқақ Тәкімұлының бір жырды зерттегендегі ғылыми ізденісін, кейбір ой-пікірлерінің, өзгеру барысын қарастырдық және 1973 жылғы зерттеуіне арнайы тоқталдық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, 1957 жылғы мақалада Ы. Дүйсенбаев мынандай ойлар айтады. Жыр ескілікті сөз етпейді, XIX ғасырдың орта шеніндегі қазақ өміріне арналған. Ол бірден баспадан шыққан, сол себепті варианттары жоқ.

Бір мәтін бірнеше рет (1896, 1898, 1901, 1910) жарияланған, сондықтан тек сол нұсқа ғана ел ішіне тараған. Жырдың сюжеті өмір шындығынан алынған, бастан-аяқ реалистік мәнерде, ешбір әсірелеусіз орындалған. Көтібар мен Арыстан – әдеби кейіпкер болып бейнеленген, соған байланысты олар тарихи прототиптерінен мүлде алшақ. Мұнда фольклорға тән он бір буынды өлең түрі үнемі сақталмаған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Марғұлан, Ә.** Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы : Жазушы, 1985. – 368 б.
- 2 **Жолдасбеков, М.** Асыл арналар. – Алматы : Жазушы, 1993. – 348 б.
- 3 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
- 4 **Дүйсенбаев, Ы.** Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы : Ғылым, А., 1973. – 149 б.
- 5 **Қаскабасов, С. Әзібаева Б.** «Қазақ дастандары»/Кітапта. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана., 2014. Т-1. – Б. 18–19.
- 6 **Сейтжанұлы, З.** Тарихи эпос. – Алматы, 1997. – 245 б.
- 7 **Қазақ әдебиетінің тарихы I том.** – Алматы 1960. – 567 б.
- 8 **Сыздықов, К.** Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. – Алматы, 1997.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

А. А. Кошекова

Исторические основы поэмы «Айман-Шолпан»

Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

A. A. Kosheikova

Historical foundations of «Aiman-Sholpan» poem

Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

«Айман-Шолпан» – жанровая эпическая поэма. Это новый тип поэзии, который является лирико-эпическим и историческим стихотворением, элементом обоих. История стихотворения в жизни, некоторые из героев известны стране. Об этом есть

несколько фактов. Основа рождения поэмы – события первой половины XIX века. «Айман-Шолпан» драматическая комедия. «Айман-Шолпан» – прекрасный юмор. Ауэзов, который глубоко осознает это явление, успешно использовал народные стихи для написания комедии. Открылась комедия казахского музыкального театра «Айман-Шолпан». Сюжет в пьесе во многом лишен загадки. Драматург углубил скандал, определил персонажей, обнял идею и добавил новые краски и выражения. Структура, техника создания образов и особенности языка показывают, что стихотворение родилось в древней поэтической традиции. Широко используются древние псалмы, образцы айтыса. Как и в эпических долгих историях, есть тенденция взаимодействовать друг с другом через события и признаки традиции письма.

«Айман-Шолпан» – один из самых красивых пьес, созданных в реалистическом смысле. Музыкальная драма Мухтара Ауэзова «Айман-Шолпан» уже много лет отсутствует в репертуаре Казахского государственного академического театра оперы и балета. С 1960 года на сцене драматических театров начали появляться.

Aiman-Sholpan is a genre epic poem. This is a new type of poetry, which is a lyric-epic and historical poem, an element of both. The history of the poem in life, some of the heroes are known to the country. There are several facts about this. The basis for the birth of the poem is the events of the first half of the 19th century. «Aiman-Sholpan», drama comedy. Aiman-Sholpan is a beautiful humor. Auezov, who is deeply aware of this phenomenon, has successfully used the folk poems to write comedy. The show of the Kazakh musical theater «Aiman-Sholpan» comedy was opened. The plot in the play is largely devoid of puzzle. The playwright deepened the scandal, defined the characters, embraced the idea and added new paints and expressions. The structure, the technique of creating images, and the peculiarities of language show that the poem was born in ancient poetic tradition. Ancient psalms, aytys samples are widely used. As in epic long stories, there is a tendency to interact with each other through the events, and the signs of the tradition of writing.

«Aiman-Sholpan» is one of the most beautiful plays produced in realistic sense. The music drama by Mukhtar Auezov «Aiman-Sholpan» (1934) has been missing from the repertoire of the Kazakh State Academic Opera and Ballet Theater for many years. From 1960 it began to appear again on the stage of dramatic theaters.

FTAMP 17.82.32.

А. А. Көшекова¹, Л. Әділбекова²

¹Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы; ²Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы e-mail: ²kuralay_zhanuzak@mail.ru

АЙТЫС ӨНЕРІ ЖАЙЛЫ

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді. Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеушлер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, өні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Кілтті сөздер: халық ауыз әдебиеті, ерекшеліктер, даму тарихы, ақындық өнер, лиро-эпос жырлары.

КІРІСПЕ

Рухани қазынамыздың ішіндегі ең бір елеулісі, халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті үлкен бір саласы – айтыс өнері. Бұл туралы С. Мұқанов: «Қазақ халқының ауыз әдебиетінің батырлар жырынан соңғы

көлем жағынан көбі де, әлеуметтік шындықты терең ашу жағынан көрнектісі де айтыс өнері», – деп жоғары баға берген. Айтыс – қарсылас екі ақынның топ алдында өлең, өнер жарыстырып, кезекпен қолма қол суырып салып айтқан ұйқасты өлеңіне құрылады. Айтыстың түп мақсаты – ұту, қарсыласын қисынды да уәжді сөзбен қапысын тауып тосып, еріксіз тізе бүктіру. Осы талаптарға сәйкес әріптес екі ақында айтыс үстінде жеңуді сан алуан айла шарғы, амал жолдарын қарастырады. Бұл ақындық дарын, төселген қабілеттен тыс, кәнігі шеберлік, қалт жібермес алғырлықты талап етеді. Міне, осындай тосындық сын-сипаттар айтысты ежелден тыңдаушысын бірден баурап алатын пәрменді ой-толғам таласына, қызықты сөз жарысына айналдырып отырған.

«Айтыс» – қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданып келген. Екі адамның бетпе-бет келіп өнер жарыстырып, бәсекеге түсуі қарасөз арқылы да «шешендік дау-дамай», белгілі бір аспапты кезектесіп күй тартылуымен де, қолма-қол шығарып отыратын өлең де болуы мүмкін.

Мұның бәрі «қиыннан қиыстыратын» кәнігі шеберлік, алғырлық пен тапқырлықты керек етеді. Ерте заманнан-ақ «өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін қадір тұтып, қастерлеген қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде, айшықты сөз өрнегі мол ақындар айтысына ерекше мән беріп, соны өзінің рухани өмірінің жарқын көрінісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Айтыс өнерінің біздің халқымызда сақталып қалуының да басты себебі сол – онда айтылған әрбір сөзге ел қонақ бере бермеген, жадында сақтап, әкеден балаға мирас етіп, атын өшірмеуге жан салған. Елдің айтысқа ерекше ықыласты болуы себептерін белгілі фольклоршы ғалым Р. Бердібаев былай ашып көрсетеді: «Ақындар айтысының жұртшылыққа аса сүйікті болуының біршама себептері бар. Қоғамдық өмірдің де, жеке адам тағдырларының да алуын түрлі сырлары мен сырқаттары терең ашылуы, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарымен қалыптастыратын кең қамтылуы, халықтың көркем сөзден, ұтымды ойлардан эстетикалық ләззат алуы – міне, мұның бәрі айтыстың әсері кемімес, қызығы солғындамас қырлары болып табылады. Сонда да болса бұл жанрдың ең басты да жақсы сипаты сөз өнеріне жетілдіретін теңдесі жоқ мектеп болуында» [1, 25].

Бір ескере кететін жайт, диалог түрінде келетін өлеңнің бәрі бірдей айтыс емес. Тіпті, екі ақынның тұтқиылдан тап болып, бір-біріне сын-сынақ, әжуә-мін ретінде айтқан ұшқыр жауаптасулары да қалыпты айтысқа жатпайды. Бұларды екі ақынның кездесу сәтіндегі бір-біріне сынап ырғасу,

шама-шарқын біліп байқасуы дер едік. Мұны ақындар айтысы мен үнемі қатар жүретін қағысу деп атаған жөн.

Шынында, ақындар айтысы әлеуметтік мәні бар оқиғаларды тартыс арқауы ете отырып, қарсыласына мін тағу арқылы өз елінің мерейін үстем етуді көздейтін белгілі бір көркемдік деңгейден суырып салып айтылған поэзиялық туынды. Ал, енді қағысуға келсек, бұл әр кез тапқырлық, ақындықты ұштап жетілдірудің, келелі де кемел айтысқа көтерілудің қажетті бір тәсілі, соған алып барар жаттығу мектебі іспетті, алайда, мұнда халық тапқырлық пен шеберліктің көрінісі ретінде айырықша қастерлеп, ауыздан-ауызға айтып, таратып отырған.

Қағысу мен шешендік сөздің болмыс, бітімінде де өзара бірлік-ұқсастықтар мол. Мұның екеуі де қолма-қол айтылатын шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құрылып отырады, алайда, жеңіске жетудің амал-жол, айла-тәсілдері екеуінде екі түрлі болып келеді. Ақындар айтысында талас-тартыс түйдек-түйдегімен ағытылып ұзын сүре дәлел, бұлтартпас уәжге құрылса, шешендік сөздерде дау түйіні көбіне көп жұмбақ аралас келетін жүйелі бір сөзбен шешіліп отырады. Егіздің сыңарындай бұл екі өнерге де, ең алдымен, ойдағы алғырлық пен қалт жібермес көрегендік, қырағылық құрылыс бітімі жағынан айтысқа тонның ішкі бауындай жақын тұрған шешендік дау туралы фольклорист Б. Адамбаевтың: «шешендік дау ұзын сүре айтыс немесе төрелік сөз болуы шарт емес. Әдетте, билер айтыс-дауда ұзақ сөзбен ұтпайды, оймен ұтады», [2, 24] – деген байсалды пікір ойға оралады.

Ақындар айтысының бәрі дерлік жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас тойларда өтетін болған. Шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның өзін сарапқа салып, әділ төрелік айтушы да көпшілік, сөз мәнісін білетін көшелі би, абыройлы ақсақалдар. Сол билік айтушылармен тыңдаушы жұрттың өзі екі дай болып, жарылып, іштей өз елінің намысын қорғаушы ақынның жеңіп шығуын тілеп отырса да, төрешілердің қай ақынның болмаса да тапқырлық пен тауып айтқан уәжді де аталы сөзін мойындамауға не билікті көрер көзге бұрын айтуға ешбір хақы жоқ.

Сол себепті екі жақтан: «аталы сөзге арсыз жауап қайтарады», «сөз тапқанға қолқа жоқ» деген ұлағатты принципті ұстанады. Осы талапқа сай дүбірлі ірі айтыстарға бұрын топтан озып сыналған танымал ақындармен қатар жаңа талап жас ақындар да қатынасатын болған. Осындай жекпе-жек сөз сайысы үстінде ақындар бір-бірін аяусыз сынап, мінеп, шарқ ұрып, сан қилы әдіс-айла қолдану арқылы жеңіске жетудің жолын қарастырады, қапысын тауып қарсыласының ең бір әлсіз, жанды жеріне тиіп, сөзбен буып бұлтартпай тізе бүктіруді көздейді. Бұл жайт бетпе-бет келіп бәсекелі айтысқа түскен екі ақынның да суырып салма өлеңге жүйрік, ақпа-төкпе дарынымен

қатар, өз заманының тоқығаны мол, зерделі де зерек адамдары болуын талап етеді. Сондай-ақ, қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде, ақынға «ақын» деген атақ әпертетін ең басты поэзия – «айтыс» болған. Ақын болу үшін ақынға өзінің ақындық күшін көп алдында таныту керек: ақындығын жарастырып, көптің сынына түседі. Егер осы жарыста көптің сынына толса, оған көпшілік ақындық атақ тағы да, бәйге тігіп, бәйгені қай жеңгені алған. Тіпті, жаңа талап жас ақынның өзі аты әйгілі жүйрік ақыннан тосылып жеңілсе де, сол оқиғадан соң оның аты көпке жайылып танылатын болған.

Қазақтың ескі әдетінде жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын да өз намысы үшін емес, ел намысы үшін түседі. Бәйгеге шапқан аттың озғанын ат иесі ғана емес, сол ат иесінің елі болып тегіс тілейді. Бәйгеге озған атқа мінеп шапқан бала қарақшыға жақындағанда ұранға ат иесінің есімін шақырмайды, рухының есімін шақырады.

Ақын да солай. Бір елеулі жайт: қай ақынның қай жерде, кіммен айтысатынын айтыстың қай тақырыпқа, қалайша өрбіп дамитынын ешкім алдын ала болжап білмеген. Сондықтан айтыстан талапкер ақын болашақ қарсыласы – сол кездегі аты шулы ақындардың өмірі мен айтыс тәсілдерін, олардың осал жерлері мен мықты жақтарын, жалпы ел өміріндегі, ру ішіндегі елеулі де ірі оқиғаларды үнемі есепке алып, соған іштей дайындалып жүреді. Қазақ даласына аты айтыспен танылған Жанақ, Түбек, Сарыбай, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Әсет, Ырысжан, Ақсұлу, Майсаты, Жамбыл, Құлманбет тәрізді майталман жүйріктердің өз дәуірінің білікті де білгір, ұшқыр қиялды адамдары болғаны сөзсіз.

Әйгілі айтыстардың ел арасында лезде тарап кетуіне жер шалғайлығы әсте кедергі бола алмаған. Бұларды алғаш елге жайып тарату міндеті негізімен сол айтысы ақындар үлесіне енген. Қайта жырлану кезінде айтыстар көп өзгерістерге ұшырайтын болған. Әсіресе, айтыстың кейінірек дәуір талабына орай өңделіп, өзгеріп, түрленіп отырады да сол айтысушылардың жатқа айту дарыны мен көздеген мақсат-мүддесіне байланысты нақты көрініс тауып отырған.

Қазақ еліндегі тікелей айтыс ақындарға тән өнер түрі болуымен қатар, оның алғаш қанат жайып өркендеуіне бүкіл халық болып ат салысқан. Бұл мақсатта ел-жұрттың бастан кешкен қоғамдық-әлеуметтік өмір салты мен әдет-ғұрып, сенім-наным дәстүрі де шешуші мәселеге ие болып келген.

Импровизация дәстүрінің көшпелі өмірі мен тікелей байланысты екенін дәлелдеп берген қазақтың ұлы демократ ғалымы Ш. Уәлиханов еді. Ол сахардағы мал баққан көшпелі қазақ және араб поэзияларының өзара табиғат ұқсастығын айта келіп: «Поэзияға, әсіресе суырып салмалық өнерге деген бейімділік барлық көшпелі халықтарға тән». Бәдәуилердің ұшқыр қиялды

суырып салма ақындары еуропалықтарға қашаннан жақсы таныс. Арабтың шетсіз шөлдері мен ондағы жұрттың күйкі баспана шатырларын өз көзімен көрген саяхатшылардың бәрі де жартылай жалаңаш араб балаларының өздеріне қойылған сұрақтарға 4 тақтасы жатық өлеңмен мүдірмей жауап беретінін сұқтана жазып тұр. Бұл монғол-түрік ұрпақтарына да тән қасиет. Бұған олардың көпшілігі бейғам өмірі себепкер ме, яки үнемі әсем табиғаттың құшағында жүріп, көгілдір ашық аспан мен шет қиыры жоқ құлпырған жасыл даланы сезінудің әсерінен бе, келе білсем, дала көшпенділері ақындық пен сезімталдыққа жан-тәнімен бейім тұрады», [3] – деп жазды және осы ойын жинақтай отырып тағы да: «Ақындық қабілеті жағынан қазақтар бірінші орын алады. Дала поэзиясы ретінде ол араб поэзиясына ұқсас. Сюжеттің үндестігі мен сахардағы көшпелі өмір көріністерін, сондай-ақ ру арасындағы бітпес жаугершілікпен қиянқескі тартысты бейнелеу – бұл ұқсастықты тіпті жақындата түседі», – дейді. Ал, академик В. В. Радлов қазақтардың өзі тектес басқа халықтардан айрықша сөз мәнерлілігі, ғажайып шешендік, тапқырлығы мен дараланып көзге түсетінін айта келіп: «Қазақтар қашан да мүдірмей, кідірмей ерекше екпінмен сөйлейді... Тіпті ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде оның сөйлемі мен жолдары мен шумақтары ұйқасып, үйлесіп кететіндігі сонша, нағыз өлең екен деп таң қалысқан», [4, 87] – деп көрсетеді. М. О. Әуезов өз еңбегіндегі айтыс жанры туралы: «Халық әдебиетінің өркендік дәуірленген шағы халықтың шаруасы, күйлі, жері кең, үдере көшіп ен жайлап, сауық-сайран, мереке-қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбек пен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды», [5, 432] – дейді.

Айтыс жанры ерте замандар да бір қазақ емес, дүние жүзіндегі көп елдердің тарихында болған. Мысалы, арабта жәрмеңкелерге жиналған ақындардың айтысқан жарыс өлеңдері қос қағазға жазылып, көпшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрмеңке ортасына ілініп қойылатын болған. Ол айтыс өлеңдерін арабтар «мұғалима қат» деген. Сол алуандас айтыс өлең Батыс Еуропаның орта ғасырында: Келттерде – Филдер деген ақындарды туғызған. Терістік Францияда труверлер, орталық еуропадағы Мейстерзингерлер және Скандинавий елдерінде жырлайтын скальдлер бәрі де айтысқан жүйрік ақындар. Олар өз өмірінде, бірімен бірі жиі айтысып жүретін болған. Орыс халқының ескілігінде, әрі күлдіргі әртістер қызметін атқаратын, әрі ақын – скоморохтар өнері де сол айтыстың талай үлгілерін тудырған. Алайда, бұл жанр біздегідей жетіліп, кемелдене қоймаған.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түркі тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар.

Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп, бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, кимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын.

Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынсаудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе, бұл XIX ғ. етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Ақындар айтысында «жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады» (С. Мұқанов). Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, –
деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:
Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арысқа білінген екен менмін, –
деп, асқақ жауап қатады.

Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген. Сөз майданында тосын кездескен, бір-біріне танымал емес ақындардың мұндай барлау жасауы табиғи да.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі «ойында өрелік жоқ» дегендей, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Тек талант-дарыны болса, бәйгеге түсер шамасы болса болғаны. Майталман ақынның жарыста таныла бастаған балаң ақынмен, ұлғайған ақынның жас қыз, келіншекпен айтысуы, сөзбен сілкілесуі шам емес. Сонымен қатар, айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады.

Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің жеңілгендігін білу де жоғары бағаланады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатынасқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Ақындар айтысының ендігі бір ерекшелігі – онда «Халық театрының анық, дәл ұрығы бар» (М. Әуезов), айтыс әсерлі болуы үшін ақындар домбыраның не сырнайдың, қобыздың сүйемелдеуімен, әнмен айтады. Театр актерлеріндей олар сан алуан құбылыс жасайды.

Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын, қазақ поэзиясының төрінен орын алады.

Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады. Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес, Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, – деген жолдардағы эпитеттік метафоралар, «қырандай желді күнгі аспандаймын» деген жолдағы теңеу үздік образдар екені сөзсіз. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Е. Ысмайылов өзінің «Ақындар»

атты монографиясында ақындық орта, ақындық мектеп туралы, оның қалыптасуы мен ерекшеліктері жайлы жан-жақты айта келіп, XIX ғасырдың 60–70 жылдарында Жетісу өңірінде Сүйінбай, Жамбыл бастаған ақындық мектептің болғандығын айтады [6, 70].

Ақын – қоғамдық тұлға. Ақынның әдебиеттен алатын орны ақынның өмір сүрген қоғамдық ортасымен, заманымен тығыз байланысты. Ақын шығармаларының құны өзі өмір сүрген замандағы қоғам мен өмір шындығын қаншалықты көрсете білді, қоғамға қаншалықты әсер ете алды, сонымен өлшенсе керек. Жетісу ақындық мектебінің қалыптасу кезеңін сөз еткенде алдымен сол дәуірдегі қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайға тоқталып өткен жөн.

XIX ғасырдың екінші жартысында ерекше қоғамдық құбылыстар мен қайшылықтарға тап болған қазақ елінің ұлттық руханияты да жаңа тарихи және көркем ойлау сатысына көтерілді. Көшпелі өмір мен қатал да тегеурінді тарихи уақыттың арасындағы өмір қақтығыстары заманалар бойы қалыптасқан дәстүрлі көркем ойлау жүйесін тосын арна мен өзгеше сарынға бұрып жіберді. Бір жарым ғасырға созылған отарлану кезеңі өзінің шешуші және түпкі мақсатына жетті. «Темір нокта да, қайыс нокта да» еркін елді шермеулі қыспағына алып, елі мен жерін ғана емес, жаны мен рухын да тәуелді ете бастады [7, 47].

Ақындар айтысының маңыздылығы сол, ол күнделікті өміріміздегі табыстарымызды дер кезінде көріп, дәріптеуде және олқылықтарымызды сын семсеріне алып жоюда әдеби қандай бір жанр түрі де пара-пар келмейтін алымды да өткір жанр. Айтыс ақыны былайғы жұрттың өзі абайлай бермейтін, жай көзге елеусіз көрінгенімен шын мәнінде күресу үшін көп күш, уақыт талап ететін олқылықтарды көре алады. Оны сол күйінде емес ақындық ой елегінен өткізіп, тек солар ғана қиыстыра алатын қиюлы да мәнерлі тіл өрнегімен - поэзия тілі мен жұртқа оңай, ұғымды етіп жеткізіп береді. Қазір ақындардың арнайы немесе жол-жөнекей туған айтыстарында дәріптеліп жататын қоғамдық қыруар табыстарымызбен қатар, солар сөз қозғағандықтан жөнге қойылып жатқан талай олқылықтарды да жұрт жақсы біледі.

Айтысқа яғни өнер сайысына түскен ақын жыр өлең құрылысы ма, соны іштей таңдап, ашық айтып көріп, жаттығуға тиіс. Не өзінің сыннан өткен әуезін таңдап жаттығады. Ән сазы мен өлең құрылысы осылайша келіп өзара тығыз органикалық байланыс түзуге тиіс. Онсыз ақын айтыс үстінде әнінен жаңылғыш, я шумақ, өлең құрылысын құбылтқыш, ұйқасынан айрылғыш бола береді де, айтыс әлсіз жүріледі. Ол жалғаса берсе ақынның «сөз таппай жеңілуі де» кәдік.

Бұл әзірлігі тыңғылықты болған ақынға айтыстың енділігі басты шарты өлеңді шешен де өрнекті тілмен беруі, яғни көркем айтыс жасауы ғана қалады.

Мұның баршасы келіп айтыс ақынының алғырлығы, тапқырлығы деген сынға жұртты ой бәрекедді! – дегізетін сүйіспеншілікке әкеп салуға тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, айтыс ақынның тапқырлығы да ақын өнерін танытатын әрі жеңісіне кепілдік бере алатын қасиет. Тапқыр ақын қиыннан қиыстырып «ой, сөз, қиыс, ұйқас» қана тауып қоймайды, ол қарсыласының қандай бір бас көтермес ауыр соққысынан амал тауып шыға алады. Жайшылықтағыдай айтсақ, ақынды ұтылыстан аман алып шығатын айлалылық, «сөзге ұста» шеберлік болып шығады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бердібаев, Р.** Айтыс әлемі. – Алматы, 2000. – 25 б.
- 2 **Адамбаев, Б.** Алтын сандық. – Алматы, 1989. – 24 б.
- 3 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы. – Алматы : Жазушы, 1985. – 396 б.
- 4 **Долгат, У.** Литература и фольклор. – М. 1981. – 87 с.
- 5 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – Алматы : Мектеп, 1959. – 432 б.
- 6 **Қаратаев, М.** Таңдамалы шығармалар. – Алматы : Жазушы. - т. 3. 1974. – 368 б.
- 7 **Жұртбай, Т.** Сүрең сөз. – Астана : Күлтегін, 2010. – 159 б.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

А. А. Кошекova¹, Л. Адильбекова²

Об искусстве айтыс

^{1,2}Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

A. A. Koshekova¹, L. Adilbekova²

About the art of aitys

^{1,2}Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

Айтыс – особый тип фольклора. Казахский фольклор имеет историю арий, относящихся к старому жанру «Айтыс», и обладает

уникальными особенностями и историей развития. Айтыс – поэтическая школа образования. Айтыс – это синкретичный жанр, который начинается с ритуалов жизни. В этом контексте лирические, эпические и драматические особенности встречаются очень много. Затем жанр развился с другими формами устной литературы и оказал большое влияние друг на друга. На героя и лирический эпос также влияет большое количество каналов. Его поэзия набирает обороты. Казахский фольклор имеет историю арий, относящихся к старому жанру «Айтыс», и обладает уникальными особенностями и историей развития. Айтыс – особый тип фольклора. Айтыс кроме казахов, находятся в арабских племенах и в ряде тюркоязычных стран, великие поэты существуют в Индии. Некоторые исследователи говорят, что первый айтыс происходил из очень ранних времен. Его основной элемент состоит в том, что типы искусства отличаются друг от друга, и все они объединены в целом, пение и пение, а также освобождение и исполнение, движение, явление лица и т.д. Первый этап айтыс начался на этом этапе.

Aitys is a special type of folklore. The Kazakh folklore has a history of the aitys dating back to the old Aitys genre and features unique features and history of development. Aitys is a poetic school of education. Aitys is a syncret genre, which begins with the rituals of life and rituals. In this context, lyric, epic and dramatic features are often present. The genre then developed with other forms of oral literature, and had a great influence on one another. The hero and the lyric epus are also influenced by a large number of channels. Its poetry art is gaining momentum. The Kazakh folklore has a history of the aitys dating back to the old Aitys genre and features unique features and history of development. Aitys is a special type of folklore. Aitys besides the Kazakhs is in the Arab tribes and in a number of Turkic-speaking countries, the great poets of aitys exist in India. Some researchers say that the first aitys originated from very early times. Its primary element is that the types of art are differentiated from each other, and they are all united as a whole, singing and singing, as well as the release and execution, the motion, the face phenomenon, and so on. The first step of the Aitys began at this stage.

FTAMP:14.01.17

3. К. Курманова

ф.ғ.к., аға оқытушы, Гуманитарлық факультеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: zauresh.k@mail.ru

КӨПТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР НЕГІЗІНДЕ)

Бұл мақалада көптілділік білім беру мәселелерін қарастыру барысында қазақ телеарналары бағдарламаларындағы көптілдіктің қалыптасуының тәрбиелік мәні талданған. Қазақстандық телебағдарламалардың қоғамдағы көптілділіктің алар орнын айқындау, білім мен ғылым жетістіктерін насихаттау арқылы еліміздегі адам капиталының сапалы дамуына үлес қосу телеарнаның басты мақсаты болғандықтан, мәдени-ағартушылық ақпарат кеңістігін құруы жөнінде сөз етеді.

Сонымен қатар, көптілділікті дамыту арқылы қоғамдағы мәдениеттің, білім мен ғылым жетістіктерін насихаттау арқылы еліміздегі адам капиталының сапалы дамуына үлес қосу телеарнаның басты мақсаты екені жарияланады. Автор «Білім және мәдениет» телеарнасында арна туындылары Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасын сақтау, тілдік ортаны дамыту, білімі мен дүниетанымын арттыруына басты назар аударады.

Кілтті сөздер: көптілділік, мәдени-ағартушылық ақпарат, ақпарат кеңістігі, үш тілде ақпарат тарату, телебағдарламалардың көптілділігі.

КІРІСПЕ

Көптілділік білім беру елімізде ең маңызды бағыттардың бірі болғандықтан, жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісіне көптілділік бағдарламалар енгізіліп, курстар мен семинарлар, конференциялар өткізуде. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестістікке шыққан заман тілдерді талап етеді [1, 3 б.].

Сонымен қатар қазір әлемде, қоғамда болып жатқан қарқынды өзгерістерді студенттерімізге жеткізу үшін және нарықтық қарым-қатынастарды дамыту, мемлекеттің оң саясатын насихаттау – ұлттық, мемлекеттік және жекеменшік телеарналарында мемлекеттік тіл мен орыс, ағылшын тілдері арқылы да жүзеге асуда. Бүгінгі өзгерістер талабына сәйкес студенттердің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыруға көмектесетін құрал бұқаралық ақпарат құралдары. Уақыт өткен сайын телеарналардың мазмұны, пішіні, техникасы, форматы т.б. өзгеріп жетілуде. Телеарналардың басты міндеттерінің бірі, мемлекеттік тілде қоғамдағы болып жатқан шаттықты және келеңсіз жағдайларды әділ және жан-жақты қамти отырып объективті ақпарат тарату» болып саналады. Сонымен қатар, өз қазақ тілімізде соңғы он-он бес жылдар арасында саяси трансформацияның орын алуы еліміздің саяси өмірінде телеарналардың сапасы арта түскені де бізге мәлім.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Соңғы жылдарда ғана заң тарапынан елуде елу нормасы белгіленіп, мемлекеттік тіл ресми тілмен теңесіп, қазақ тілінде хабарлар мен бағдарламалардың саны көбейе түсті. Телеарналарға қатысты соңғы он жыл аралығындағы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының толықтай қазақ тіліне көшіп, қазақша хабарлар мен бағдарламалар көрсетілуінде. Тіл жанашыры, ақын Мырзан Кенжебай телеарналарды сынға алған мақаласында: «Бұл қазақ деген тұтас бір ұлтты ішкен-жегеніне ғана маз санасыз, ойсыз, ұлттық намысы жоқ үлкен бір дүбәра тобырға айналдырудың ең оңай жолы ма деп қорқамыз. Баяғыда Рим билеушілері «Халықты басқарудың ең оңай жолы қолына нан беріп, сосын әртүрлі көрсетілімдер қойып отыру»,– дейді екен. Біз телеарналарымызды бұлай бұйдасыз жібере берсек, бүкіл ұрпағымыз көп ұзамай ешнәрсе ойламайтын жәй бір тірі жан боларына күмән жоқ. Естеріңізде болса, бұған дейін «Демократиялық үрдістерді мұрат тұтқан шақта эфирді жайлаған көрерменді рухани аздыратын, зиянкес мазмұнмен ұлттық болмысымызға қауіп төндіріп тұрған «КТК», «НТК», «31 Арна» т.б. орыстілді телеарналар тілді келеке қыла бастады» [2] деп тілшілер тарапынан талай дабыл қағылған болатын. Дегенмен де, «Қазақстан», «Балапан», «Kazsport», «Хабар», «Kazakh TV», «Білім және Мәдениет», «Хабар 24», «Астана», «КТК», «МИР», «31», «НТК», «СТВ», «ОН-ТВ», «Алматы», «Асыл арна», «Жетісу», «MuzZone», «Hit TV», «ТДК42», «Алау-ТВ», сонымен қатар «Қазақстан» ұлттық арнасының аймақтық филиалдары («Қазақстан-Шымкент», «Қазақстан-Павлодар», «Қазақстан-Астана» т.б.) телеарналардың мемлекеттік тілі мен мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдеріндегі хабарлардың сапасы мен санын осы күні көтерген телеарналар халыққа қызмет етуде.

«Қазақстан» қазақ мемлекетінің ақпараттық саясатын жүзеге асыратын еліміздегі мемлекеттік тілде ақпарат тарататын телеарна. Қазақ тіліне толықтай көрермендерді қамту жағынан алдыңғы орындардың бірінде. Қазақстан халқының 98,63 пайызы ұлттық арнаның хабарлары мен бағдарламаларын көруде. Сонымен қатар, «Қазақстан» ұлттық арнасының он төрт облысында филиалдары қызмет етіп келеді. Бұл телеарнаның хабар тарату саясаты ақпараттық, ағартушылық, ойын-сауықтық, ұлттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын, гуманизм идеяларын және Қазақстан халықтары арасындағы достықты насихаттауымен сипатталады. Бүгінгі таңда Ұлттық арна эфирінде көрермендерге арналған жаңалықтар мен ерекше тоқшоу жанры («Айтуға оңай», «Алаң», «Арнайы репортаж», «Жаңалықтар», «Апта.кз», т.б.), ойын-сауық және танымдық бағдарламалары («Жайдарман», «Қазақстан дауысы», «Таңшолпан» т.б.), қоғамдық-саяси және экономикалық хабарлар («Заң және біз», «Парламент», «Қылмыс пен жаза», «Агробизнес», «Ұлттық өнім» т.б.), сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамытуға арналған хабарлар баршылық. Жалпы, TNS Гэллуп Медиа Азия зерттеу компаниясының 2013 жылдың 1 қаңтары мен 10 ақпаны аралығында жүргізген зерттеуінің нәтижесінде «Қазақстан» ұлттық телеарнасы тұрғындары жүз мыңнан аспайтын елді-мекендер арасында 23,3 пайыз орташа тәуліктік үлес көрсеткішімен белгіленді. Осылайша, алты жастан жоғары қазақ және орыстілді көрермендер арасында Ұлттық арна қазақтілді аудиторияда ғана емес, барлық телевизиялық аудитория бойынша да үздік [3].

Сонымен қатар, зерттеу басталғалы (2012 жылдың сәуір айынан бері) алты жастан жоғары тек қазақтілді көрермендер саны бойынша, «Қазақстан» ұлттық телеарнасы 30,6 пайыздық орташа тәуліктік үлес көрсеткішімен бірінші орында келеді.

Айта келе, 2014 жылдың басынан «Қазақстан» ұлттық арнасы жүз мыңнан төмен тұрғындары бар елді-мекендердегі алты жастан жоғары қазақ және орыстілді көрермендер арасында да 23,2 пайызын құрды. Аталмыш зерттеу компаниясының мәліметтері 100 пайыз мемлекеттік тілде хабар тарататын «Қазақстан» телеарнасының өзге ұлттар арасында да үлкен сұранысқа ие болды. Жалпы, Ұлттық арнаның өнімдерінің рейтингі жоғары деген бағаға ие болып отыр.

Сонымен қатар көптілділікті орындау барысында «Қазақстан» ұлттық арнасының құрамына кіретін «Балапан» телеарнасының балалардың білімін жетілдіруге арналған мультфильмдер кез келген уақытта осы арнадан табуға болады. «Балапан» телеарнасының негізгі мақсаты да сол – келешек ұрпағымыздың тамырына рухани нәр беріп, «интеллект» иесі, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып және дені сау, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбексүйгіш, іскер,

игі қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Жүз пайыз қазақ тілінде өнім беретін бұл арнадан да балаларға арналған көптеген сапалы бағдарламалар жеткілікті.

Яғни, «Баламен бетпе-бет», «Ғажайыпстанға саяхат», «Он саусақ», «Сен білесің бе?», «Әйгөлек» балалар байқауы, «Дәмді», «Балапаннан базарлық», «Қолөнер», «Балапанның қонағы» т.б. бағдарламалар қызмет етеді.

«Қазақстанның» тағы бір қамқорлығындағы Kazsport телеарнасы 2013 жылдың 1 шілдесінен бастап хабарлардың 70 пайызын тікелей және түпнұсқа трансляциялау арқылы жүзеге асырады. «Спорт әліппесі», «Тоғызқұмалақ», «Сіз қайда жүрсіз?», «Шахмат әлемі», «Деректі фильм» т.б. сапалы бағдарламалар жасай алған бұл арнаның рейтингтік дәрежесі күннен-күнге өсіп, жас ұрпақтарымызды салауатты өмір салтын насихаттап келеді. Қазақстанда ашылған тұңғыш мемлекеттік спорт телеарнасының эфирге шығып, спорттық трансляция осы қысқа уақыт аралығында телеарна спортсүйер қауымға ел аумағындағы жарыстарды, әлемдік дүбірлі додалар көрсетілімін тікелей эфирде және мемлекеттік тілде сапалы ұсына алуда.

Атап айтқанда, «Жазғы Универсиада», теннистен әлемнің жас шеберлері жиналатын «Australian Open», «Roland Garros» турнирлері, дзюдодан өткен әлемдік Гран-при турнирлері, Бразилияда өткен футболдан әлем чемпионаты, Сочиде өткен қысқы олимпиада, Алматыда өткен бокстан әлем чемпионаты т.б. тікелей эфирлер арқылы болашақ жастарымызды тәрбиелеуге жол ашқаны рас. Бұған дейін талай сынға ұшырап жүрген спорт комментаторлары дәл осы телеарна ашылғалы мемлекеттік тілде сапалы хабар жүргізуде және спорт журналистерінің шеберліктерін арттыруда.

Қазір ең ірі арналардың бірі «Хабар» агенттігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар тарататын төрт телеарнаның («Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «Білім және Мәдениет») тоғысқан орталығы болып отырған агенттік Қазақстан бойынша 99 % телекөрсермендер аудиториясын қамтиды. Жер шарының бұрыш-бұрышында агенттік тілшілер қызмет етуде. Эфирдің жетпіс бес пайызы телеарнаның төл туындыларынан құралады. Телеарна тарапынан түсірілген бағдарламалар, деректі фильмдер, көркем фильмдер мен телехикаялар. Көрсетілімдегі бағдарламалардың тоқсан пайызы әлеуметтік маңызды тақырыпты қамтиды және орыс-қазақ тілдерінде араласқан (55% мемлекеттік тілде). «Хабар» агенттігі жиырма-жиырма бес жыл ішінде әртүрлі жетістіктерге жетіп отыр. Ақпараттық бағдарламалар дирекциясы тілшілерінің жұмыстары ЕММУ телевизиялық сыйлығының номинанты атанса, сондай-ақ Ресейде өткен «Золотой глагол» сайысының бас жүлдесін иеленген. «Город будущего» жастар бағдарламасы Жапонияда өткен халықаралық фестивальде әлемнің үздік ондығына енді (екеуі де орыстiлдi бағдарлама). Ал, Севастополь қаласында өткен халықаралық

байқауда «Хабар» агенттігінің бастамасымен түсірілген қазақтiлдi «Бауыржан Момышұлы» фильмі тарихи туындылардың ішінде лауреат атанды. «Хабар» агенттігі Азия Тынық мұхиты хабар тарату одағына (ABU), Азия және Тынық мұхиты жаңалықтар агенттігі ұйымына (OANA), Азия және Тынық мұхиты Хабар таратуды дамыту институтына (AIBD), Телевизия мен радионың Еуразиялық академиясына (EATP) мүше [4].

«Kazakh TV» Қазақстан Республикасындағы тұңғыш жерсерік телевизиялық телеарнасы vtu «Хабар» Агенттігі АҚ медиахолдингі құрамында. «Kazakh TV» арнасы алғаш рет 2002 жылы 25 қазанда «Caspionet» атауымен хабар таратуда. Ал, бүгінде «Kazakh TV» атауымен тәулік бойы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде хабар тарататын ақпараттық танымдық арна. Eutelsat және GlobeCast ірі спутниктік операторларымен әріптестік келісімге отырған арна жаһанның тоқсан үш елінде көрсетіледі (Солтүстік және Орталық Американы, Батыс және Шығыс Еуропаны, Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ елдері) [5]. «Kazakh TV» – Қазақстан туралы жаңалықтар мен ақпаратты ұсына отырып, әлемде орын алған оқиғаларға ел көрсермендерінің көзқарасын көрсетеді. Арна эфирінде отандық деректі фильм жауһарлары, классикалық және заманауи көркем фильмдердің, балалар киносы мен тарихи этнографиялық бағыттағы бағдарламалар, театрлық қойылымдар мен көрсетілімдер көрсермендер назарына ұсынылып келеді. Телеарнаның басты міндеті – отандық және шетел аудиториясында, ел өмірінде болып жатқан оқиғалар туралы, сондай-ақ әлем саясатындағы маңызды мәселелерге қазақстандықтардың көзқарасы жөнінде жедел және әділ ақпарат тарату. Хабарлар мен бағдарламалардың басым бөлігі ағылшын тілінде таралады. National Cuisine», «Steppe Tales», «The real economy», «Kazakhstan: a recipe for friendship», «Persona Grata», сондай-ақ, «Reflections on history», «Faces», «East or west home is best», «Accent», «Spirit of the wild», «Aghain», «The color of the day», «Business solutions», «Connecting cultures KazApt», «Sounds of the great steppe», «Bolashak», «ModernNomads», «Infinite science», «Within the process», «The Central», «Asian Report», «Atameken», «Selfmade», «Discovering», «Kazakhstan Art Focus», «Sports report» секілді бағдарламаларымен әлем халқына Қазақстанды таныстыруда [6].

Ал, көптілділікті әрі қарай дамыту арқылы қоғамдағы мәдениеттің алар орнын айқындау, білім мен ғылым жетістіктерін насихаттау арқылы еліміздегі адам капиталының сапалы дамуына үлес қосу телеарнаның басты мақсаты болса, мәдени-ағартушылық ақпарат кеңістігін құру, қоғамдағы адами құндылықтарды насихаттау, эстетикалық талғам мен зияткерлік қабілеттері арқылы адамдардың жалпы мәдени деңгейін көтеру, отандық мәдениеттің рухани адамгершілік дәстүрлерін дамыту арқылы жаһандану

үрдісінде халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтау, ғылыми-танымдық ақпаратты ұсыну арқылы білімді игерудің жаңа формаларын ұсыну «Білім және мәдениет» телеарнасының басты міндеті болып табылады. Арна туындылары Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасын сақтау, тілдік ортаны дамыту, рухани құндылықтарды насихаттау, көрерменнің талғамын тереңдету, білімі мен дүниетанымын арттыруын басты назарда ұстайды [6].

Сонымен қатар, арна таным көкжиегін кеңейту мақсатына әзірленген отандық және шетелдік үздік телехабарлар мен деректі фильмдерді халыққа ұсынуда. Арна тәулігіне он сегіз сағат мемлекеттік тілде хабар таратады. Елімізде тұңғыш рет «Хабар 24» арнасы 2012 жылдың 1 қыркүйегінен бері тәулік бойына ақпарат таратуда. Сандық және спутниктік «Otau TV» ұлттық желілері арқылы жаңа арна өз өнімімен Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтып келеді. Көрермен жаңа арна арқылы мемлекеттік және ресми тілде елімізде және әлемде болып жатқан жайттармен танысуға толық мүмкіндік алды. Арнада әрбір отыз минут сайын жаңалықтар легі мемлекеттік және ресми тілде (50/50) эфирге жіберіліп отырады.

Яғни, телекөрермендер үшін еліміздің ақпараттық саяси, экономикалық және мәдени, рухани тыныс тіршілігінен толық хабардар ететін түрлі бағдарламалары өзіндік салмақты аудитория қалыптастырған «Хабар 24» арнасының басты мақсаты ақпараттық нарықта нақты, әрі шынайы ақпарат таратады.

«Астана» телеарнасы Қазақстан Республикасының «НұрМедиа» ақпараттық холдингіне енген республикалық телеарна. Астана телеарнасы алғаш рет «Цесна» арнасы деген атпен 1993 жылы эфирге шықты. Арнаның атауы 2000 жылдың қарашасында «Астана қаласы телевидениесі» (қысқартып айтқанда «AcTV») деп өзгертілді [7]. Телеарнаның эфирлік таралымы ел аумағының елу екі пайызын құрды. Сондай-ақ, «ASTANA TV» телеарнасы Қазақстанның барлық қалаларына кабельдік желілерде хабар таратады. Телеарна эфирінің алпыс пайызы мемлекеттік тілден және қырық пайызы ресми тілден тұрады. Ақпарат тарату саясаты, өзінің қызықты жобаларын жасап шығару және сапалы шетелдік телеөнімдерді сатып алу негізінде құрылған [7]. «ASTANA TV» телеарнасының негізгі тақырыптық бағыты ақпараттық сараптамалық, танымдық және ойын-сауық бағдарламаларды дайындау, Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық және мәдени тұрмысын баяндау. Телеарнаның негізгі өнімдері «Жаңалықтар», «20:30. Новости», «Біздің уақыт», «Избранное за неделю», «Арнайы репортаж», «Кеш емес», «Открытая студия», «Репортер представляет», «Громкое дело», «Біз біргеміз», «Мы вместе», «Берегей», «Мемуары», «Сырласу», «Скустудия», «Ел аузында», «Супер папа», «Такси», «KazNet», «Астана кеші көңілді» концерттік шоуы, «Тамаша», «Национальная лига

КВН» және т.б. ақпараттық сараптамалық, танымдық және ойын-сауық бағдарламаларынан құралады [7]. Телеарна түрлі жастағы көрермендердің ықыласын ескере отырып, отандық классикалық кинодан бастап, танымал дүниежүзілік бестселлерлерге дейін әртүрлі жанрадағы фильмдерді көрсетуде.

Ресейдің, түрік пен корейдің және американың телехикаялары үзбей беріліп келеді, сондай-ақ, мұнда мемлекеттік тілдегі бағдарламалар қарқынды дамуда.

«Жетісу» телеарнасы алғашында «Жерұйық» атымен жұмыс бастаған телеарна бүгінде қарқынды дамып келеді [8]. 2003 жылдан бастап эфирде өз өнімдерін отандық және шетел телекөрермендері Ресей, Иран, Түркия, Пәкістан, Моңғолия, Қытайдағы қандастарға ұсынады. Телеарнаның жиырмадан астам бағдарламасы баршылық, басымдығы мемлекеттік тілде көрсетеді. Қырық бес бағдарламасы ғана ресми тілде жүрсе, қалған он бесі тек қана мемлекеттік тілде хабар таратады. Осы телеарнада «Тіл сақшысы» бағдарламасы да қызмет етеді [8].

«КТК» коммерциялық арнасында тұңғыш қазақ тіліндегі ақпараттық бағдарламасы «Бір күн» деген атпен 1998 жылдың тамыз айында шыға бастады. Кейін бұл бағдарлама «Күндерек» деп аталды. 2000 жылдан бастап «Күндеректің» сапасы арта түсіп, телекөрсетіске жаңадан «Шарайна» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы ашылылып, сараптамалық телебағдарламалар арасында өзіндік ерекшелігімен көрінді. 2002 жылы тамыз айынан бастаған апталық сараптамалық «Елжұрт» бағдарламасында халық өз жағдайын өз аузымен еш боямасыз айтып беруге мүмкіндік алды. Ал, 2003 жылдың наурыз айынан «Елжұртты» Оразәлі Баймұрат жүргізе бастады. Қазақтілді бұл бағдарлама 2006 жылы «Алтын жұлдыз» сыйлығына иеленді. Қазақ тіліндегі «Қоғамдық қабылдау», «Қылмыс ақпарат», «Алақан» бағдарламалары да көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. «Миллион кімге бұйырады?» хабары арқылы танымал болған Ескендір Сергебаев түнгі «Шамшырақ» бағдарламасын қазақ тілінде жүргізілді. Қазіргі тележұлдыз Нұрлан Қоянбаевтың қатысуымен «Қызық радио» әзіл-сықақ хабары да шығып тұрды. Одан кейін Қазақстан КВН одағының президенті Есен Елеукең «Jclub», әзіл-сықақ бағдарламаларын шығарып, қазақтілді ойын-сауық бағдарламаларының сапасын арттырды. 2007 жылғы жаңа телемаусымда Срайыл Смайылдың жетекшілігімен жаңа бағдарламалар: «Алаңжұрт» ақпараттық сараптамалық, «Өз сөзім» авторлық хабары шықты [9]. Бірегей жоба – «Репортер» 2008 жылдың наурыз айында жарық көрді. Бағдарлама жүргізушілері – Гүлмира Әбіқай және Асқар Махмұтұлы 2008 жылы қазақтілді бағдарламасы үшін Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болды. КТК-ның бірнеше жыл қатарынан «Жыл телеарнасы» атануына қазақтілді бағдарламалардың қосқан үлесі зор. «Күндерек»

ақпараттық бағдарламасы 2009 жылдың басынан «Жаңалықтар» деп аталды [7]. Ал, дәл «КТК» телеарнасында қазақтілді «Жүрекжарды», «Қыз қылығы», «Мәссаған», «Қазақстан барысы», «Жаңалықтар: Астарлы ақиқат», «Қаражорға», «Япырай» бағдарламалары көрермендердің көңіліне жол табауда [7].

Қазіргі уақытта бұл арнада да қазақ тілінің даму үдерісі қарқындай түскен сайын, қазақтілді бағдарламалардың саны мен сапасы артып келеді. Өйткені, «31» телеарнадағы бағдарламалардың беті де қазақ тілі – мемлекеттік тілге бұрылып келе жатқан сыңайлы. Бұған дейін Берік Уәли көрігін қыздырған «Дода», ақпаратты шынайы, әрі өткір жеткізетіндігімен көрермен ықыласына бөленген. «Информбюро» ақпараттық сараптамалық бағдарламасы сынды көрсетілімдерімен саяси-қоғамдық мазмұнда қалыптасып келе жатқан бұл арнаны 2008 жылдың наурыз айында Ресейдің СТС телекомпаниясы ойын-сауықтық форматында көрсете бастаған [7]. Жылдық бюджеті 68 миллион теңгені құрайтын, жаңарған «Информбюро» бағдарламасының эфирдегі орны ерекше. Қазақ тіліне қатысты үлес салмағын арна жоғарыда аталған ойын-сауықтық бағдарламалармен қатар, СТС-тің арна жаңалықтарын, дайын өнімдерін, балаларға арналған түрлі мультфильмдерді, телехикаялар қазақ тіліне аударылып, эфирде өз үлесін арттыруда. Жалпы, «31» арнада әзіл-сықақ театрларынан құралған («Шаншар», «Нысана», «Шымкент шоу», «Алдараспан» т.б. күнделігі) бағдарламалар да арнаның рейтингін көтеріп келеді.

Қазақстан телеарналары мемлекеттік, сонымен қатар көптілдікті дамыту барысында көрермендерге арнап жаңалықтар, қоғамдық-саясат, экономикалық хабарлар мен ойын-сауық, танымдық бағдарламалардың көптеген жобаларын жасауда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, Елбасы жыл сайын Қазақстан халқына жолдауында тіл саясаты, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталып, «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс» [10] – деген болатын. Жалпы көптілділіктің қажеттілігі бүгінгі технология және жаһандану заманында тұлғаны көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үрдісін байқауға болады. Ал, ұрпақтың ана тілінен бөлек, орыс және ағылшын тілін меңгеруі маңызды. Осыған орай, елбасымыздың бастамасын іске асыру – телевидениенің құзыреттілігінде.

Жалпы қысқаша зерттеу қорытындысы бойынша айтсақ, хабар тарату көбінесе екі тілде жүзеге асып келеді. Соңғы онжылдықта қазақ телевизиясының қазақ тілінде хабар таратуына қол жеткізіліп отыр.

Осыған орай, жас тілшілерді үш тілді меңгерген білікті маман ретінде дайындау жоғары оқу орындарының міндеттеріне айналып отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Көптілділік жоғары білім беру контекстінде//Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарынан. – Қарағанды. – 2015, 27 ақпан. – Б. 3.

2 **Тұрсын, Қ., Нұрайдар, Ә.** Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. – Алматы, 2009.

3 http://www.tns-global.kz/ru/project/media_researche.php

4 <http://khabar.kz/kz/agency/biz-turaly>

5 <http://kazakh-tv.kz/ru/mainpage/>

6 <https://www.amazon.com/>

7 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Astana>

8 <http://zhetysutv.kz/>

9 <http://old.el.kz/m/articles/view/content>

10 <https://www.google.kz>

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

3. *К. Курманова*

Проблемы полиязычного образования (на примере казахстанских телепрограмм)

Гуманитарный факультет,

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,

г. Астана, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 29.05.18.

Z. K. Kurmanova

On the state of multilingualism (for example, Kazakh TV)

Faculty of Humanities,

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,

Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 29.05.18.

В данной статье затрагиваются проблемы реализации полиязычия в телевизионных программах на примере отечественного телевидения.

Наряду с этим определяется место и значение реализации полиязычия на казахстанском телевидении, ставящего целью пропаганду достижения знаний и науки для расширения пространства культурно-просветительской информации через телевизионные каналы.

В соответствии с задачами, поставленными президентом РК в государственной программе функционирования и развития языков на 2011–2020 гг. и культурной программе «триединство языков» к 2020 году все казахстанцы должны овладеть казахским, русским, английским языками. Реализация полиязычного образования требует расширения образовательного пространства, обмена опытом, увеличения лингвистических знаний казахстанцев и формирования поликультурной личности.

В этой связи приводятся примеры из казахстанских телеканалов и уделяется особое внимание развитию языковой среды, сохранению истории и культурной наследия Казахстана. Также автором предпринята попытка представить обзорный анализ реализации полиязычного образования на примере работы журналистов, работающих над созданием телевизионных программ.

The given research deals with the problem of multilingualism in television programs. The importance of multilingualism in Kazakhstani TV channels is considered. It aims at science and knowledge popularization as well as creation of cultural and educational area.

According to the tasks of the State program for the development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020 and the cultural program on trinity of languages by 2020, all the Kazakhstanis should master Kazakh, Russian and English. The implementation of multilingual education requires widening of educational area, experience exchange, accumulation of linguistic knowledge and formation of multicultural personalities. The author gives some examples that focus much attention on the conservation of the history and cultural heritage of the Republic of Kazakhstan. The author also attempted to give a general review of the implementation of multilingual education in Kazakhstani programs.

SRSTI 16.01.45

O. E. Li

2 year graduate student, Pedagogical Faculty of Foreign Languages, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan
e-mail: li.olya.1995@mail.ru

TEACHING OF WRITTEN SPEECH AS A MEANS OF INTERCULTURAL COMMUNICATION

The purpose of this study was to explore the effectiveness of developed complex of exercises for teaching of written speech as a means of intercultural communication and the formation of students' intercultural written competence. The paper first describes the characteristics of the concept of written speech, from the point of view of linguistics and methodology. It then discusses the experiment conducted in the framework of this study and gives the description of stages and methods of research. The indicator of the effectiveness of the developed exercises is the communicative correctness of the written works of students, which were collected at the end of each stage. The article describes the following criteria for assessing the correctness of written works: compositional-semantic correctness, structural-semantic correctness and linguacultural correctness. Third, it reports on the results of a study which proved the effectiveness of the developed set of exercises.

Keywords: intercultural communication, written speech, written communication, text.

INTRODUCTION

Құдай-ау, мұның немересі ғана қамауқөз емес, өзі де қамауқөз өмір сүріпті-ау! Қамаубас тірлік кешіп, жер бетінде адамнан өткен хикметші жоқ екенін дәлелдепті. Мынау дүниенің өзі қамаубас, көкірегі қамауқөз екен.

Тап қазір өзінің зеңген зіл басы да сауысқанның жемі... Көзін шел қаптап, танымын тұман тұтып тұрған жоқ па? Сауысқан саусоқыр қылған жарық дүние бұл үшін тас-түнек. Көзін бір-ақ сәтте көр қараңғылық жауып қалған аңнан мұның айырмасы қанша?! Бүкіл болашағы бұлыңғыр тартып қалған жоқ па?!

Қараштың тұла бойынан күш-қайраты кеміп, ерік-жігері мұқалып сала берді. Маңайын қара көлеңке күргейледі. Кенет қолбала сауысқаны шықылық қақты. Қара шал оқыс есін жиып алды.

Арба айналар ауланың темір қақпасы ашылып, ұлы ақ көрпеге орап алған қамауқөз немересін көтеріп келеді екен. Қараш орнынан тұруға ишарат жасады. Қара шал бірақ екі ұмтылып, орнынан тұра алмады. Көзінен жас парлап қоя берді.

Молақ бетінде алатаңнан қарауылдаған ашөзек сауысқан ғана ашқарақтана шықылықтады...

Ойлана алмаудың аяғы немен бітуші еді? Әрине, қасіретпен ойлана алмауы, оның обал мен зауалды, сауап пен залалды ажырата алмауы, қысқаша қайырып айтқанда, парықсыздығы мен тыраштығы оның отбасына да үлкен қасірет әкеледі. Адам баласының қолы да батып бара алмайтын, дәті де шыдап тұра алмайтын өте азапты, аса қорлықты, айрықша зұлым «тәсілмен» опат етілген жазықсыз аң-құстың обалы қайдан жібере қойсын-ау, Қараштың келіні, яки Қараштың жар дегенде жалғыз ұлының әйелі босанып... соқыр ұл туады: «Сәби көзсіз туылыпты. Көзсіз, қассыз нәрестенің бет-жүзі жып-жылмағай... Жұдырықтай бас... жып-жұмыр бет...» [1, 4 б.].

Сонымен, парықсыз тыраштықтың аяғы неге әкеліп соқты? Соқыр ұрпақтың дүниеге келуіне әкеп соқты.

Әңгіме мынадай авторлық түйіндеумен аяқталады: «Соқыр сәби – соқыр адам. Соқыр адам жарық дүние есігін ашыпты. Соқыр ұрпақ қоғамға келіпті. Ұрпақ соқыр болса, қоғам да соқыр. Ал соқыр қоғам, соқыр адам жай дүниеден не күтуге болады? Мүгедек адам да бір мүсәпір. Мүгедек қоғам бір мүсәпір. Мүсәпір қоғам не істемейді, не дегізбейді?! ...» [1, 5 б.].

Асқар Алтайдың әңгімесіндегі Қараштың тірлігі елден асу үшін барын салған, ата салт дәстүрді аяқ асты еткен тыраш қоғамның тыраш адамын елестеді. Тыраш Қараштың бейнесі де – дәл біздің арамызда жүр. Тыраштығы да, парықсыздығы да, пәруайсыздығы да кейбір жандарды еске салады. Тіпті қала берді бүкіл қазақтың болмысын еске салады.

Біз де тыраш Қараш секілді қоймай тыраштыңды қой. Үздіксіз, үзіліссіз тыраштыңды. Тоқтаусыз, тоқтай алмай, өзімізді өзіміз тоқтата алмай тыраштыңды... Ең әуелі ұл-қызымызды жаппай, жабыла орысша оқыттық. «Мұнымыз қалай болар екен?..» деп ойлана да алмадық, өзімізге өзіміз тоқтау да сала алмадық. Содан кейін Қазақстанды «халықтар достығының лабораториясына» айналдырдық. «Қазақтардың мемлекеті, білдей бір мемлекет неге лаборатория болуға тиісті? Мұнымыз тыраштық емес пе?..», тағы да ойлана алмадық. Бұдан кейін (тыраштанатын түк таппаған соң!) «Грузиндер, өзбектер, латыштар, түрікмендер, литвандар, әзірбайжандар орыс тілінде акцентпен сөйлейді. Ұят-ай! Ал біздің қазақтар орыс тілінде акцентсіз сөйлегенде мәскеулік орыстардың өзін таңғалдырады! Бұл ғажайып жетістік емес пе?!» деп мақтандық. Онымызды өзгелерден озған жетістік деп бағаладық.

Осы әңгімеге байланысты Әмірхан Меңдекенің де мақаласы баспасөз жүзінде жарияланған болатын. Ол: «Асқар Алтайдың әңгімесінде атын «соқыр ұрпақ» (соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөбере), яғни ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық болмыстан алыстаған, ұлттың мүддесін

білмейтін, ұлттың мұңын түсінбейтін ұрпақ бүгінгі күні билікті де жаулап алды. Тағы да ресми емес деректерге жүгінсек, бізде жоғары биліктің 80 пайызы қазақша білмейтін шенеуніктерден жасақталған.

Біздің қоғамды қазір неге ашкөздік, жемқорлық, шенқұмарлық, паракорлық, қатыгездік, мәңгүрттік жаулап алды? Тыраштыққа ұрынған, тыраштыққа ұрыну арқылы ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық топырақтан ажырау арқылы өмірге соқыр ұрпақ әкелген қауым әманда осындай дертке ұрынады. Өйткені, ұлттық топырақтан ажырау – өте қасіретті құбылыс. Бұл ешуақытта із-түссіз кетпейді. Халықты ауыр қасіреттерге душар етеді. Ұлттық топырақты нық басып тұрған кезде халық алдыңғы планға дәйім ұлттық мүдде мен ұлттық мақсатты шығарады. Ал енді ұлттық топырақ аяғының астынан сусып шығып кеткен кезде, халық абдырап, әбіржіп, жүнжіп қалады. Майдаланып, ұсақтап, күйкіленіп кетеді. Енді ұлттық мүдде мен ұлттық мақсат кейінге ысырылады да, алдыңғы планға жеке адамдардың мүдделері шығады. Мүдде болғанда да, соқыр ұрпақтың (соқыр ұл, соқыр қыз, соқыр күйеу бала, соқыр немере, соқыр шөберенің) жеке бастарының мүдделері!» - деп бізге тек ресми деректерден бөлек қазіргі қазақ халқының ұлттық рухының жоғалып бара жатуын, санасының төмендеуін сөз етеді [2, 5 б.].

Жазушы Асқар Алтай «Көзжендет» әңгімесінде көкірегі қырағы оқырманға осы мәселені аңдатады. Адамзат баласың басынан небір қилы кезеңдер өтіп, ұрпақтар ауысып жатса да Асқар Алтай қаламынан туған әңгімелер қашан да кеңістікті кезіп, мәңгілік рухани мұра болып қала бермек.

«Құрлымы да бөлек, сюжеті, оқиға желісі де өзгеше болып келген бұл әңгіменің басын біріктіріп тұрған ол – авторлық танымның фантастикалық антропологияға құрылуы болса, екіншісі – жоғарыда талданған шығармалардың негізгі өзегі обал, сауап, киеге әкеліп тірелетіні, үшіншіден – суреткер кейіпкерлерінің жан жалғыздығы мен жатсыну мәселесі» деп ой түйеді Г. Балтабаева [3].

Әңгімеде А. Алтай оқырманын адам тағдыры әлеуметтік мәселеден көрі адам бойындағы құштарлықтардың үлесіне байланысты деген ойға жетелейді.

Заманға төнген нәубет, қоғамға төнген тауқыметті әр адам өз басындағы рухани дағдарыстардан іздеуге, табуға, тануға үйренуін мансұқтайды шығарма. Тіршілік атаулыға деген өшпенді әулекілік, сырты бүтін, іші түтін жауыздық, жаттекті әрекеттерді төркінін байыптамай еңсеру – қазақ ұлты үшін зауалдың басы екенін автор астарлап жеткізеді. Жалпыадамзаттық болмыстың шайқалуының басы өркениеттік түзілімнің бұзылуы екенін автор аңғартады. Табиғи тамырдан ажыраған қауым өз өз бақытын өзі тебеді. Өзін өзі жатсынған Қараш басындағы қайғы ұлттық зұлматқа айналмауын шығарма мансұқтайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Асқар Алтай шағын жанр өрісіндегі өзіне ғана тән ерекшеліктері мен шығармашылық жолындағы идеялық-көркемдік ізденістерін саралай келе, «Кентавр», «Лайбаран», «Балақ бау», «Түсік», «Көзжендет», «Сібір офицері» және тағы басқа әңгімелерінде жазушы ұлттық дәстүрді, этномәдени құндылықтарды биік қойып, көркемдікпен бейнелейді. Көтеретін проблемалары батыл да өткір, ашық та нақты қойылуымен ерекшеленеді. Адамның өмірдегі орны, ісі мен табиғатына үңілуге бетбұрыс жасалды. Осының нәтижесінде лиризм мен психологизм күшейе бастады. Жазушы алған тақырыбын тереңнен ашуға ұмтылады. Ол нақтылыққа, аз сөзділікке, дәлдікке бет бұруда көркем деталь мен штрихқа көп көңіл бөлді. Жазушы әңгімелерінің жанрындағы негізгі ерекшеліктер символдық, лирикалық, проблемалық, әлеуметтік талдаумен көрінді. Асқар Алтай адам табиғатын психологиялық тұрғыда тануға ұмтылды. Қазақ халқының тарихынан орын алған өмір шындығы Асқар Алтайдың шағын жанрында шынайы да шымыр бейнеленген.

Әдебиетте өзіндік өрнек-айшығы, оқшау тәсілімен дараланған жазушы сөз өнерін жаңа образдар мен соны ізденістермен байытты. Оның сомдаған кейіпкерлері оқырман есінде ұзақ сақталады. Өйткені, олардың қай-қайсысы да күнделікті өмірде кездесетін, өмір шындығынан жаратылған шыншыл бейнелер. Автор шығармашылығының барлығы дерлік тақырыптық-идеялық, проблематикалық мәселелерден туындайтын автордың ізденіс жүйесін танытады, қаламгердің стильдік даралығын айқындайды.

Қазақтардың өзін-өзі жатсынуын, өз қақтарынан өздері жерінуін, өз болмысын өзі менсінбей, өз қалпындағы өзі болып көрінуден арланып, өзге біреу болып көрінгісі келетін әсіреңкі тыраштығын, ұлттың іштей құнарсызданып, іштей жемірілуін А.Алтай бірнеше шығармасының өзегі етеді. Ұлттық психологиядағы өзгерістер, рухани саяздық төл дәстүрлердің жұтылуы жазушыны алаңдатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Алтай, А.** Киллер сауысқан [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / А. Алтай. – Алматы : Арда+7, 2013. – 400 б.

2 **Мендеке, Ә.** Соқыр қоғам, соқыр ұрпақ, соқыр... // Жас Алаш. – 2008. – 17 сәуір (№ 31). – 5 б.

3 www.google.kz

H. M. Рахманова

Картины узла между человеком и миром в рассказе А. Алтая «Көзжендет»

Факультет педагогических специальностей,
Университет Алматы,
г. Алматы, 050031, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 29.05.18.

N. M. Rakhmanova

Pictures of the node between man and the world in the story of A. Altay «Kozzhendet»

Faculty of Pedagogy,
Almaty University,
Almaty6 050031, Republic of Kazakhstan.
Material received on 29.05.18.

В статье рассматриваются об особенностях построения сюжета в рассказах А. Алтая. Происходит процесс вникания с суть мастерства автора в создании идеи и образа. В рассказе «Көзжендет» проанализировано то, что главная тема сформировалась на отношениях между человеком и обществом, человеком и миром. Писателя беспокоят изменения в национальном поведении из-за внешнего влияния. Основой произведения является философский смысл, который излагается следующим образом: Покушение совершенное на кого-либо, даже применение жестокости по отношению к животным обернется против самого человека. Проанализировано то, что рассказ посвящен сути человеческого бытия и предположению места человека в жизни. Внук хозяина сороки «Көзжендет», способствовавшего потере зрения многих животных, рождается без глаз. Рассказ заставляет человека задуматься об этом. Открывается смысл того, что слепое потомство является угрозой для нации и общества. Было проанализировано то, что писатель при описании событий былых дней затрагивал актуальные социально-философские вопросы, которые не потеряли свой смысл и на сегодняшний день. Писатель, сохраняя равновесие между темой, идеей и художественными взаимоотношениями и при этом, создавая образ характера использовал уникальные и явленческие особенности – это и стало стержнем статьи.

The article will deal with the features of plotting in the stories of A. Altai. There is a process of understanding the essence of the author's skill in creating an idea and image. In the story «Kozzhendet» it was analyzed that the main theme was formed on the relationship between man and society, man and the world. The writer is concerned about changes in national behavior due to external influences. The basis of the work is a philosophical meaning, which is set out as follows: An attempt committed against anyone, even the application of cruelty to animals, will turn against the person himself. Analyzed is the fact that the story is devoted to the essence of human being and to the assumption of the place of man in life. The grandson of the owner of the magpie «kozzhendet», contributing to the loss of sight of many animals, is born without eyes. The story makes a person think about it. It opens the sense that blind offspring is a threat to the nation and society. It was analyzed that the writer, in describing the events of the past days, was concerned with pressing social and philosophical questions that have not lost their meaning to this day. The writer kept the balance between the theme, the idea and the artistic relationships and at the same time, creating a character image used unique and phenomenal features – this became the core of the article.

Э. С. Сейсенбиева¹, Б. Ш. Қожекеева²

¹гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., қауымд. профессор, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультет, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ²elka1975@inbox.ru

**АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫНЫҢ «АХИРЕТБАЯН»
ДАСТАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

Мақалада араб әдебиетінің XIX ғасырдағы қазақ кітаби ақындар шығармашылығына ықпалы айтылады. Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығына анықтама беріліп және ақынның «Ахиретбаян» дастанына тереңірек тоқталып, талдау жасалады. «Ахиретбаян» дастанына Ислам дінінің, Құранның әсері туралы айтылады. Ондағы араб сөздерінің аудармасы беріліп, олардың мағынасына автор тарапынан талдау жасалды. Араб әдебиеті шығыстағы ең бай, әлемдегі ең көне әдебиеттердің бірі болып саналады. Араб әдебиетінің алғашқы жанры поэзия, оның мазмұны ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың өсиет, насихат сөздері, яғни хадистер мен діни аңыздар. Арабтың «Мың бір түн» ертегісі баршамызға бала кезімізден танымал болған. Араб әдебиетінің «Мың бір түн», «Калила мен Димна», «Антараның ерлік істері», «Ләйлі-Мәжнүн» және т.б. шоқтығы биік шығармаларының бірі болып табылады.

Кілтті сөздер: араб және қазақ әдебиеті, ислам діні, хадистер мен діни аңыздар, нәзира жанры.

КІРІСПЕ

Орталық Азиядағы өзге халықтармен қатар, қазақ халқы да араб әдебиетінің жоғарыда аталған інжу маржандарымен таныс болып, сол шығармаларға еліктеуден жаңа шығармалар туындаған. Қазақ әдебиетінің тарихында кітаби ақындар аталған авторлардың шығармалары осындай еліктеуден пайда болған. Қазақ әдебиетінің тарихында Шығыс әдебиетінің озық үлгілерінен, діни кітаптардан үлгі, нәр алған, онда суреттелген негізгі мәселелерді қазақ тілінде қайта жырлауға тырысқан кітаби ақындар аз болмаған. Төл әдебиетімізде

XIX ғасырда ғұмыр кешкен Ақыт Үлімжіұлы, Ғұмар Қарашұлы, Шәді Жәңгірұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұржан Наушабаев, Әбубәкір Кердері, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Ораз молла сияқты діни медреселерде білім алып, қасиетті Құранды жетік білген ақындардың ең басты тақырыптары – ислам дінінің адамгершілік, имандылық тұстарын дәріптеу болды. Кітаби ақындар ақиқатты, хақ дінді өз шығармаларында жырлау арқылы, ислам дінінің қазақ жерінде тарауына зор ықпал етті.

«Кітаби ақындар – шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған бір топ ақындар. Шығыс поэзиясының көрнекті ескерткіштерімен түпнұсқада танысты. Олар Шығыс поэзиясының көркемдік құралдарын өз шығармаларында орынды пайдалана білді» – [1, 281 б.].

Кітаби ақындар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, белгілі бір бағытты нысана етіп, шығыстың әйгілі шығармаларын насихаттаған. Кітаби ақындар романтикалық, батырлық, ғашықтық, діни дастандар мен діни өсиет-нақылдарды дәріптеуші. Арабтың ертегі, аңыз, діни дастандарын қазақ ортасына лайықтап, шығысқа кең тараған «нәзирагөйлік» үлгіні қазақ жерінде дамытты.

Араб әдебиетінің әйгілі шығармаларын қазақ әдебиетінде насихаттаған кітаби ақындар. Кітаби ақындар романтикалық, батырлық, ғашықтық, діни дастандар жазды. Кітаби ақындар араб ертегі, қисса-дастан, аңыздарының үлгісінде қазақ ортасына лайықтап, үндестіріп, өз ортасының, уақытының әдеби-эстетикалық талғам-тілектеріне қарап, шығыста кең тараған «назирашылық» дәстүрді қазақ әдебиетінде кеңінен дамытқан.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті орта ғасырда негізі қаланған классикалық араб мұсылман әдебиетімен тығыз байланысты болды. Қазақ әдебиеті тарихына «кітаби ақындар» деген атпен кірген XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ ақындарының үлкен шоғыры болғаны белгілі. «Кітаби» сөзі шартты түрде болса да, термин ретінде қалыптасқанын әдебиетші ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады. Олар Бұхара, Ташкент, Самарқан, Қазан, Уфа сияқты қалалардағы мектептер мен медреселерде білім алып, өз шығармашылықтарында ағартушылық идеяларымен ерекшеленді. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген кітаби ақындар Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерін қазақ даласында насихаттап, жырлауда айрықша танылады. Б. Кенжебаев кітаби ақындар жайында: «Олар екі түрлі мәдениетпен танысып, екі түрлі әдеби дәстүрден нәр алған. Бірі қазақ халқының бұрынғы мәдени байлығы мен әдеби қазынасы, екіншісі мұсылмандық Шығыстың ертедегі әдебиеті», – деп тұжырым жасайды [2, 11 б.].

Қазақ әдебиетінде шығыстық сюжетке шығарма жазып, шығыс тілдеріндегі яғни, араб, парсы әдебиетінің құнды шығармаларын аударушы, байланыстырушы ақындар, «нәзирагөйлiк» тәсiлдi жетiк меңгергiн кiтаби ақындар болды. Кiтаби ақындар дiни оқуды жетiк меңгерген, шығыстың классикалық әдебиетiне қанық, шығармаларында араб, парсы, түрiк сөздерiн жиi қолданған.

Академик З. Ахметов қисса, хикаяларды әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық көркемдік құндылығы жағынан саралап, үш топқа бөлген болатын:

Бiрiншi негiзiнен дiндi уағыздайтын, исламның қағидаларын, дiни ұғым нанымдарды насихаттауға бағытталған: «Сал сал», «Зарқұм», «Сейiтбаттал» сияқты шығармалар;

Екiншi көршiлес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгi аңыз әңгiмелерi, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкiлдерiнiң дастандары: «Шаһмаран», «Сейфүлмәлiк», «Бозжiгiт», араб елiнiң ертегiсi «Мың бiр түн».

Үшiншi шығыс сюжетiне құрылған, бiрақ қазақ әдебиетiне сiңiстi болып кеткен «Мұңлық Зарлық» сияқты шығармалар [3, 35 б.].

«Кiтаби» деген атау ертедегi христиан дiндарлары арасында дiни кiтап – «Инжiл» ережелерiн бұлжытпай орындауды жақтаған, уағыздаған, адамдар жөнiнде қолданылған. Оны бiздiң XX ғасыр басындағы ақындарымыз жөнiнде қолдану мүлде орынсыз. Кiтаби ақындарды дiншiл, жазған шығармаларының көркемдiк жағы әлсiз, сапасыз деген пiкiр үстем болып, бiраз уақыт зерттеу нысанына алынбағаны белгiлi. Кеңес заманында ғасыр басындағы ақындарды менсiнбеушiлiк, жете бағаламаушылық болғандығын, тiптi, шын мәнiнде әдебиет болған жоқ деген секiлдi ұшқары пiкiрлердiң өрiс алғанын ғалым Б. Кенжебаев орынды атап өтедi [2, 186 б.].

Осы өтпелi кезеңде өмiр сүрген қазақ кiтаби ақындар араб тiлiн жетiк меңгергендiкден де, араб мұсылман шайырларының еңбектерiмен түпнұсқа танысып, онда сомдалған жарқын образдар мен сюжеттердi қазақ тiлiнде қайта жырлап, әдеби байланыстың өркендеуiне, жандануына өзiндiк үлестерiн қосты. Осы әдеби байланыс туралы қалам тербеген орыстың белгiлi шығыстанушы ғалымы Н. И. Конрад әдеби байланыстың негiзгi үш түрiн саралап, былай дейдi: «Не следует думать, что существуют только две формы проникновения литературы одного народа в литературный мир другого народа – проинвновение в подлиннике и в переводе. История мировых литературных связей свидетельствует о наличии и других форм. Одна их таких форм – воспроизведение в творчестве писателя одного народа содержания и мотивов произведения, созданного писателем другого народа. Эта форма получила особое распространение в литературе народов Средней Азии, Ирана и Передней Азии в средние века» [4, 324–325 б.].

Кiтаби ақын-жазушы деген атау бiздiң ғалымдарымыз бұл топқа жатқызып жүрген ақын-жазушылардың не идеялық көзқарастарын, не көркем әдебиеттiк бағыт-әдiсiн аңғартпайды, кәсiбiн, кiтап бастырып шығарумен айналысқанын ғана аңғартады. Бiздiң ойымызша, ұлы Абай негiзiн қалаған жазба әдебиеттi дамытушы ақындар: Ақыт Үлiмжiұлы, Ғұмар Қараш, Ақмолла Мұхамедияров, Шәңгерей Бөкеев, Жүсiпбек Шайхысламов, Ақылбек Сабалұлы, Шәдi Жәңгiров, Ораз молда, Молда Мұса, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Мәделi кожа, Әсет Найманбаев, Тұрмағамбет Iзтiлеуов, Шораяқтың Омары және т.б. қазақ әдебиетiн жанрлық, тақырыптық тұрғыдан байыта отырып, адал махаббат пен адамгершiлiк идеясын уағыздайтын, халықтың мақсаты мен мүддесiн көрсететiн шығармаларды дүниеге әкелдi. Бұл ақындардың шығармашылығын саралай отырып, профессор Ө. Күмiсбаев оларды «кiтабилық» сатыда қалып қоймай, өзiндiк көркемдiк iзденiстерiмен туындыларын жоғары сапаға көтерiле бiлген және кiтаби ақын деген аясы тарлау терминге тықпалауға болар ма екен деп, бұл ақындардың өлеңдерi мен көркем дастандарын «кiтабилық» деңгейден анағұрлым жоғары екенiн айтып өтедi [5, 58 б.].

Кiтаби ақындардың арасында Қазақстаннан шет жатса да, осы бағытта қарымды еңбек еткен үлкен шығармашылық тұлғалардың бiрi – Ақыт Үлiмжiұлы. Ақын Ақыт Үлiмжiұлы Қытайдың Алтай аймағының Көктоғай ауданында 1869 жылы дүниеге келген. Ауыл молдасынан сауат ашып, зеректiгiнiң арқасында араб, парсы тiлдерiн жетiк меңгерген. Қазан, Стамбул баспаларынан шығатын әдеби кiтаптармен танысып, қазақ әдеби мұраларын зерттеуге, дамытуға күш салады. Ақыт Үлiмжiұлы Ислам тарихын, мәдениетiн жетiк меңгерген ақын. Ақын 1907 жылы Алтай және Жайық төңiрегiндегi Қажыларға аудармашы болып, Мекке Мәдiнеге қажылыққа барады. Меккеге қажылыққа барған ақын сапарластарынан қалып қойып, Арабия, Түркия елдерiн бiр жылдай аралап дiни бiлiмiн жетiлдiрiп қайтады. Сөйтiп, 1908–1910 жылдар аралығында ақын араб елдерiнде екi жарым жыл тұрып араб әлемi мәдениетi, әдебиетiмен кеңiнен танысып өз бiлiмiн одан ары жетiлдiрiп, әлемдегi ең сирек және құнды кiтаптарды жинастырып, ғылымға деген қызығушылығы арта түседi. Қытай өкiметi аз ұлттарға қысым көрсетiп, қазақтың бетке ұстар азаматтарын түрмеге қамайды. Сондай ауыр азап пен қысымды Алтай қазақтарының аяулы ақыны, ағартушысы, дiн ғұламасы Ақыт қажы да бастан өткередi. Ақыры Ақыт Үлiмжiұлы 1940 жылы Шыңжаң билеушiсi Шың Шысайдың қатал әмiрiмен Үрiмжi түрмесiнде азаптап өлтiрiлiп, көптеген кiтаптары мен қолжазбалары өртелген.

НЕГIЗГI БӨЛIМ

Ғалым Р. Бердiбаев: Түркiстан, Бұхара, Самарқанд секiлдi шаһарларда оқып бiлiп алған, араб, арсы, түркi әдебиеттерiнен терең тәлiм көрген, өздерi

күні бүгінге дейін «кітаби ақындар» деп аталып келген сөз зергерлерінің творчествосы – қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен терең тамырлы байланысы барлығын көрсетеді»

Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі бір буында тағы бір ақынның қайталап, тың дастан туғызатын дәстүрі, бір тақырыпты бірнеше ақын жырлап өзара шабыт санасуы, жырмен жарысуы, яғни назирагөйлік салты ғасырлар бойы өмір сүріп келгенін, ал назирамен жазылған шығармалар аударма да емес, еліктеу де емес, нағыз қолтума, тың туынды екенін Е. Э. Бертельс пен М. О. Әуезов айтқан.

Көркем әдебиеттегі еліктеу құбылысы туралы шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс мынандай құнды пікір айтқан болатын: «Разбор этой поэмы убедительно показывает, как неправильно называть назира подражением, ибо самая сущность этого явления отнюдь не в подражании, а в том новом, что поэт выносит тему, причем эти изменения приводят сплошь и рядом изменению всей концепции» – [6, 115 б.].

Ал, ғалым М. Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінесе алдыңғы айтқан оқиғалары негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша, бір тақырыптың әр ақында қайталануы ешуақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «Назира», «назирагөйлік» – деп атау да берген» – деп назира дәстүрінің шығыс бастау алып, қазақ ақындарының да еліктегенін айта кетеді [7, 150 б.]. Жалпы назирагөйлік дәстүрі бойынша шығарманың жанрлық түрі, мазмұны мен желісін сақтау шарт болмаған.

Шығыс әдебиетінде дәстүрлі тақырыптар бойынша шығарма жазудың өзі екі түрлі жолмен іске асқан:

- а) көркем аударма әдісі;
- ә) назирагөйлік.

Ал, Ақыт шығармашылығының ауқымды саласы – назирагөйлік дәстүр бойынша жазған қисса-дастандары. Ақыт Үлімжіұлы кітаби ақын. Оған дәлел ақынның 1891–1914 жылдар аралығында Санкт-Петербург, Қазан баспаларынан жарық көрген діни қиссалары. Ақыт Үлімжіұлы жиырма жасында тұңғыш назиралық «Қисами Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы» дастанын одан кейін, «Сейфұл-Мәлік», «Бәдіғұл-Жамал», «Сейітбаттал қазы», «Ахуал қиямет», «Қисами Ғабдүлмүлік» қиса-дастандарымен араб әдебиетін жетік меңгергендігі мен насихаттаушы екендігін де көрсетеді. Ақыт «Қисами жиһаншаһ тамұзшаһұғылы» дастанын арабтың әлемге әйгілі «Мың бір түн»

ертегісінің ішіндегі «Жиһаншаның өмірі туралы» ертегінің желісі бойынша жазған.

Ш. Рахметұлының жазуы бойынша Ақыт араб аңыздарының ізімен «Жиһаншаһ» дастанын 18 жасында жазған деседі. Сонда Ақыт қажылыққа бармай тұрып діни сауатының белгілі деңгейге жеткендігін танытып тұр. Ақыт Үлімжіұлы осы сапарында жүріп «Ахиретбаян» («Ахуал-и-қиямет») атты дидактикалық дастанын жазады. Ақынның бұл насихат дастаны Алланың қасиетті кітабы Құран кәріммен, Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінің желісіне құрылған.

Ақыт қажы Үлімжіұлының «Ахиретбаян» («Ахуал-и-Қиямет») атты дастаны исламдық-ағартушылық шығарма болып табылады. Дастанның нұсқаларын жинақтап, оны жариялаған Кәкей Жаңжұңұлы шығарма туралы былай деген: «Ғұлама ақын, дін ғалымы Ақыт қажы Үлімжіұлының халыққа кең таралған насихаттық жырларының бірі – «Ахиретбаян». Жырдың екі дүниелікте танымдық және тәрбиелік ғибраты зор» [12, 31 б.].

«Ахирет – бұл араб сөзі – ахирәт». Қазақша мағынасы – «соңы», «ақыры», «ол дүниелік өмір» дегенді білдіреді. Ақынның дидактикалық, насихаттық толғау-дастанының идеялық-композициялық желісінде бес мәселені қарастырғанын көруге болады. Олар: біріншісі – ақынның жырды әуелі Аллаға сиынып, оқырмандарына арнайы жырлауы; екіншісі – Алла жаратқан Адам Атадан басталған адамзаттың, пайғамбардың жалғасқан тарихи жолы; үшіншісі – он сегіз мың ғаламның ахирет күні кезеңін, о дүниеге барғандардың фәнидегі іс-әрекетіне қарай тозаққа немесе жұмаққа баруын суреттеу; төртіншісі – тозақ пен жұмаққа жеке-жеке сипаттама; бесіншісі – ахиреттің сараптамасына адамдардың дайын болуына арналған ақынның насихаттық өсиет-уағызы. Ақыт ақын дастанын «Бисмиллә» деп бастайды:

«Биссимиллә, ал қолыма тұттым қалам,
Жаратқан Рахым-Мәуләм өзің панам.
...Жол салған әуел баста хазірет Адам.
Құлшылық мирас тастап кетпеді ме?...
...Өтіпті әуел баста Адам ата.
Пәндің Хақтан өзге бәрі қата.
Айдаған сан түмен мал бай болсаң да,
Бойыңа жапсырасың жалғыз мата.
Қиямет ахуалынан сөз сөйлейін... [13, 507 б.]

– деп дастанды бастаған ақын адамдардың Аллаға құлшылық етуден еш жаңылмауын айтады, себебі фәнидің, яғни бұл өмірдің өткінші екендігін, бакилық, о дүниелік өмірдің ақиқат, шындық екендігін суреттейді.

Махшарда дәптеріңіз солдан келсе,
 Қайғының сарғаясың дәмін тата.
 Сол күнде, ей, жаранлар, халің нешік,
 Ісіңнің қолдан келер атын ата.
 Ғылыми «фикһиядан» оқып көрсек,
 Сөзінде біз пақырдың болмас қата.
 Адамзат жанған отқа өзі түсер,
 Күнәға оны біле жүрміз бата.
 Пенделік күштілігін мұнан байқа,
 Намазға ерінеміз ояу жата [13, 507–508 б.].

Ақын бұл шығармасында адамның бұл жалған дүниеден өткеннен кейінгі, о дүниелік яғни, бақилық өмірге өту кезеңін сөз етеді. Шығармадағы діни сауаттылығын ақын «Фикһия» тұжырымдарынан яғни, мұндағы «фикһ – ғылым мен діни білімдердің негізі жинақталған тұжырымдардан алғанын айтады.

Құрылар сират көпір үш мың жылдық,
 Болады жуандыға жалғыз қылдық.
 Астында қараңғылық жеті тозақ,
 Адамзат ақыл таппай болар мұңлық.
 ...Өтеді пайғамбарлар атқан оқтай,
 Тозақта адам тұрар неге тоқтай.
 Сиратты көп адамдар көрген шақта,
 Тұрады жүруіне көңілі соқпай [13, 538 б.].

Ақыт ақын дастанда фәниден бақиға барғандардың ахиретте «Тозақ» тұңғығының үстіндегі сират (арабша – «жол») көпірінің үстінен өтіп жатқан кезеңді Алланың кітабы Құран аяттарына сүйене жырлайды яғни, біз одан ақынның араб тілі мен Құранды жетік білгенін аңғарамыз. Сонымен қатар, сират діни ұғым бойынша күнәлілер мен күнәсіздерді ажырататын қиямет қайымның қыл көпірі. Ақын өмірдің шындығын, ақиқатын ислам уағызымен сабақтастырады. Үш мың жылдық сират көпірінің жуандығы қылдай, төменгі жағы жеті тозақ екендігі, барлық пенделердің сол жерден өтіп жатқандығы айтылады. Адам жанының о дүниедегі жай күйін, қандай күй кешетінін баяндайды. Ақын бұл діни ойларын терең діни білім мен шариғат заңдарына сүйене отырып жазғанын шығармада айтып кетеді. Адамның жасаған күнәләрін бұлыңғыр тұманға, қараңғылыққа теңесе, өмірде жасаған жақсылығы мен сауап істерін жарық күнге теңеп суреттеген. Ақын тозақ пен жұмақты дастанда былай деп жырлайды:

Өтеді кейбір адам аттай шауып,
 Кейбірі аяндайды қылған қауіп.
 Күнәсі көп адам мен көпір – дұшман,
 Қисайып тайып кетер аяғы ауып.

Күнә – жүк боп басады қараңғылық,
 Өтеді жалғыз қылды қайдан тауып.

Жарық болса көпірді көрер еді,
 Төмен түсіп құлайды тозаққа ауып.
 Күнә – тұман болады, сәуап жарық,
 Жарықпенен жол табылар анықталып.
 Кейбір адам тізерлеп жығылмасқа,
 Еңбектеп жорғалайды жатып алып
 Кейбіреу тұғынан ілінеді,
 Аман шықса бір барып тіріледі.
 Бұл жалғанда мақтанның бәрі бекер [13, 539 б.].

Сонымен қатар, ақын қисса-дастанында адамдардың осы өмірдегі жасаған сауап істері мен ізгілігі, имандылығы, адамгершілігі үшін сират қыл көпірінің үстінен еш қиналмай өтіп жұмаққа кіргендерін былай бейнеленген:

...Бұл өзі тақауалар құлдық қылған,
 Тәуба қып, намаз оқып, ерте тұрған.
 Алланың не десе де әмірін тұтып,
 Тар жерде Құдай үшін жанын қиған.
 Әр түрлі харам істен нәпсі тиған.
 Пір тұтап әуел бастан бір Алланы,
 Жолдасы бұл пенденің болған иман.
 Зәкет, ғұшыр, пігірін тәмам беріп,
 Көп малын Құдай үшін қайыр қылған.
 Махшарда жақсылықты көреді екен,
 Алланың әміріне түзу тұрған.
 Жайлары осылардың жұмақ болар,
 Хор құшып, пұрақ мініп, көңілі толар,
 Құдайым нәсіп қылып иман берсе,
 Дәулет құс адамзатқа сонда қонар [13, 524–525 б.].

Ақыт Үлімжіұлы Құранда негізделген жұмақты өмірдегі шындық пен ақиқат суреттерімен байланыстыра суреттейді. «Жаралған дін күткенге сегіз жұмақ» деп, жұмаққа барғандардың хақтың дидарын көретінін, «Түкірігі бір түкірсе бал боп кетер, бетінен бір өкпенің көңілі өлмес» бес жүз хор қыздарын иеленіп, қартаймай, бір сағатта жетпіс түрлі киім киіп, пырақ атқа мініп, қалаған тамағы үнемі даяр және т.б. жырлайды.

...Аят, хадис дәлел көп осыларға,
 Айтпақ – парыз, ұғатын есі барға.
 Құдай сорлы жаратып, қылса надан,
 Айтқанмен осы сөзден шошынар ма?

Жаранлар, жақсылық қыл жаның үшін,
Хажы, зекет парызды малың үшін.
Құлшылықсыз тозақтан құтылмайды.
Бәрін де баян қылдым аның үшін.

Нұр толар төрт тарабың бәрін қоршап,
Арман жоқ ахиретте нұрға толсақ.
Дидар көріп тәж киіп, пырақ мініп,
Адамда не арман бар, сондай болсақ.

Тәмәм жұрт қайран қалар сондай жанға,
«Неткен жақсы жандар!», – деп қалар таңға.
Бұлардың жақсылығын баян қылып,
Періштелер айтады тұрған жанға [13, 523–524 б.].

Дастандағы көркемдік уақыт аясында адамдардың фәнидегі мінез-құлық қасиеттері және соларға о дүниеде берілетін бағалаулар байланыстырылады. Бұндағы көркемдік уақытта адамзатқа тән мәңгілік өмір тұтастығы сипатталады.

Бір Алла әмір қылды «құллық қыл», – деп,
«Ұжмақ десең әміріме түзу жүр», – деп.
Ойланғанға қонады иман нұры,
«Құдай – бір, пайғамбар – хақ, Құран – шын», – деп [13, 524 б.].

Ақыт ақын адамның Аллаға деген шынайы сенімін, діни сананы сауатты қалыптастыруды уағыздайтын бұл еңбегінің адамгершілік, тәрбиелік мәні орасан зор.

Ақын шығармасында діни уағыздарды, Құдай, Жаратқан Ие, Ғалам ғайып, Ғарыш Ағла, ахирет, сират деген көптеген араб сөздерін қосқан. Бұндағы «Ғалам ғайып – бұл араб сөзі қазақша мағынасы – «көзге көрінбейтін», «көз жетпейтін іс» дегенді білдіреді. Жалпы ақынның кез келген шығармасы «биссимиллә» деп басталады.

Бір Құдай қабыл көрді айтқан сөзін,
«Моллаларым, ықтияр берсең өзің.
Иннәәлләәһә ләә иүзийғұ әжрәл мұхсинийн, – деп,
Бар еді Құрандағы жарлық сөзім» [13, 524 б.].

Мұндағы «Иннәәлләәһә ләә иүзийғұ әжрәл мұхсинийн – Аллаһ игілік істеушілердің сауабын зая қылмайды» деген Құранның «Тәубә» сүресінің 120 аятынан алынған. Біз бұдан ақынның дінді жетік меңгергенін және оның халыққа бұрмаламай уағыздағанын көреміз. Аллаға құлшылық етуге, намазға тұруға ерінбе. Қанша бай болсаңда бақилық болғанда жұмақты сатып ала алмайсың дейді. Ақын оны шығармада былай деп жырлайды:

«Жомартқа жолын берер молла ғарып,
Сондықтан жомарт кірер бұрын барып.
Молланың жақсылығы сонда тиер», –
Деп, – айтқан Хақ, пайғамбар хабар салып.

Күнәға, ей, жаранлар, жүрме батып,
Ерінбе таң намазға ояу жатып.
Аямай малыңыз бен жаныңызды,
Ұжмақты жомарт болсаң алшы сатып [13, 524 б.].

Ақын бұл өмірдің ақиқатын, шындығын діни ұғымдармен уағыздай отырып, өзінің бұл шығармасын жай ғана өлең деп қабылдамай, аят, хадис сөзі деп түсініптер дейді. Өздеріне қажетті жағын алып өмірді бос өткізбей пайда іске асырындар деп уағыз айтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын рухани құндылықтарымызды саралау арқылы өткен күнге жүгіртіп, бүгінгімізді саралап, болашақты пайымдау бүгінгі егемен елдің басты міндеті болып табылады. Кеңес үкіметі тұсындағы идеологияның салдарынан қазақ кітаби ақындарының еңбектері жоққа шығарылып, діншіл ақындар деп сынға алынды. Өз заманында еңбектері еленбей келген кітаби ақындар шығармашылығын жан-жақты зерделеу арқылы рухани терең мәніне үңілетініміз мәлім.

Шығыс мәдениеті тарихында рухани құралдың негізі – дін болып табылады. Ислам (арабша – «бағыну») – әлемдегі ең ықпалды діндердің бірі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында өмір сүріп, әдеби ағым болып қалыптасқан кітаби ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбы қазақ еліне дінді, имандылықты таныту деп білсек, мұның өзі Құран кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың қасиетті хадистерінің негізінде шыққанын, сондағы діни уағыздардың мәні бар мәселелерді зерделеп пайымдағанын, қазақ елінің таным-түсінігіне сәйкес келетіндей етіп түсіндіргенін, қазақ ұғымына тән эпикалық сипатқа көшіріп бере алғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, кітаби ақындардың ақиқат пен шындық жолындағы таным-түсініктерінің негізінде жатқан ортақ тағылымды екі әдебиет арасындағы, яғни араб-қазақ әдебиетінің сабақтастығы, байланысы деп түсінеміз.

Қазақ кітаби ақындарының араб әдебиетін терең білгені, жақсы меңгергені анық, өйткені сол кезеңдегі саяси-мәдени жағдайларға байланысты кітаби ақын-жазушылардың барлығы негізгі білімді орысша емес, арабша алып, араб мәдениетінің қайнар бұлағынан нәр алған.

Араб және қазақ халқының әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігінің, өмір сүрген ортасының, табиғатының айырмашылығына қарамастан, осы екі елдің

қоғамдық даму жағдайында және олардың әдебиеттеріндегі кейіпкерлердің бейнесін суреттеуде ұқсастықтар бар. Кітаби ақындар араб әдеби үлгілерінің желісін пайдаланғанымен, түпнұсқадағы қалпын өңдеп, өзінше жаңа мәнерде, ұлттық дүниетаным мен дәстүрге бейімдеп жазған. Ақыт Үлімжіұлының шығармалары да осы үрдістің бір саласы болған.

Қорыта айтқанда, араб әдебиетінің ықпалынан кітаби ақындар шығармаларындағы діни кисса-дастандар қазақ әдебиетінің ұлттық сипатын танытады. Ал, діни-исламдық шығармалар қазақ әдебиетінің дамуына қазіргі және болашақтағы бағдарына да игі ықпалын тигізе береді. Сонымен қатар, араб әдебиетінің үлгілі дәстүрлерін игерген Ақыт Үлімжіұлы ізгілікті, адамгершілікті жырлаған діни-ағартушы бағыттағы ақын. Ол тек назирашы дәстүрді дәріптеген кітаби ақын ғана емес, сонымен бірге өз заманының қиын мәселелерін жырлаған, артына көптеген құнды еңбектер қалдырған ақын.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану терминдер сөздігі. (құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев). – А. : Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 2 **Кенжебаев, Б.** Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – А. : ҚМКӨБ, 1958. – 308 б.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-том. XIX ғ. екінші жартысы. 5-том. (1850–1900). – А. : 2006. – 555 б.
- 4 **Конрад, Н.** Запад и Восток. – М. : Наука, 1966. – 518 с.
- 5 **Күмісбаев, Ө.** Терең тамырлар. – А. : Ғылым, 1994. – 320 б.
- 6 **Бертельс, Е. С.** Роман об Александре и его главные версии на Востоке. – М. Л. – 1948. – 186 с.
- 7 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – А.: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1959. – 555б.
- 8 **Келімбетов, Н.** Назирашы шайыр. Жұлдыз, 1970. – № 9, – Б. 154–155.
- 9 **Келімбетов, Н.** Шәкәрім және қазақ әдебиетіндегі назира дәстүрі. Абай журналы. – 2005. – № 4. – Б. 47–51.
- 10 **Келімбетов, Н.** Шәді ақын. – А. : Жазушы. 1974. – 92 б.
- 11 **Бердібаев, Р.** Гүлстанның бұлбұлдары – А. : Жазушы. 1970. – Б. 125–126.
- 12 Үлімжіұлы Ақыт. Ахиретбаян (Қиямет-ахуал)/ Жинап, толықтырып, баспаға әзірлеген Кәкей Жаңжыңұлы. – Өлгий: Баян-Өлгий аймақтық баспа өндірісі. – 1993. – 48 б.
- 13 Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының толық жинағы. I–II том. Ғылыми қосымшаларын даярлаған, құрастырушы және жауапты редактор Омарова Г. С. – Кония – 2011.

14 **el-Shamy, Hassn.** A Motif index of alf laylan wa laylan: its relevance to the study of culture, society, the individual, and character transmutation. // 2005 Journal of Arabic Literature. – Koninklijke Brill NV, Leiden, – P. 236–268. XXXVI, 3 Also available online – www.brill.nl.

Материал 29.05.18 баспаға түсті.

Э. С. Сейсенбиева¹, Б. Ш. Кожекеева²

Художественные особенности поэмы Ақыт Улимжиулы «Ахиретбаян»

^{1,2}Факультет казахской филологии и всемирные языки, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 29.05.18.

E. S. Seysenbieva¹, B. Sh. Kozhekeeva²

Artistic features of the poem by Akyt Ulimzhiuly «Akhiretbayan»

^{1,2}Faculty of Kazakh Philology and World Languages, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan. Material received on 29.05.18.

В статье пишется о влиянии и воздействии арабской литературы на творчество казахских поэтов XIX века. Дается определение творчеству Акыта Улимжиулы и особенно обсуждается и анализируется его эпос «Ахиретбаян». В эпосе «Ахиретбаян» рассказывается о влиянии Ислама и Курана, также в статье приведены переводы арабских слов и авторы статьи делают анализ их значений. Арабская литература является самой богатой на востоке и самой древней в мире. Изначальный жанр арабской литературы это поэзия, а ее основой являются наставления, заповеди, то есть хадисы и религиозные легенды основателя исламской религии – пророка Мухаммеда. Арабская сказка «Тысяча и одна ночь» всеми любимая детская сказка. Кроме этого, как одними из самых популярных и мировых произведений среди арабской литературы можно отметить «Тысячу и одна ночь», «Калила и Димна», «Подвиги Антары», «Ляйли-Мажнун» и многие другие.

The article is written about the influences and impact of arabic literature on the work of Kazakh book authors of the XIX century. Also,

given the definitions of Akyt Ulimzhiuly's work, and his epic «Akhiretbayan» is especially discussed and analyzed. In the epic «Akhiretbayan» it is told about the influence of the Islamic religion and Kuran. The article also contains translations of arabic words and the authors of the article make an analysis of their meanings. Arab literature is the richest in the East and the most ancient in the world. The original genre of Arabic literature is poetry, and its basis is the instructions, commandments, that is, hadiths and religious legends of the founder of Islamic religion – the Prophet Muhammad. Arabian fairy tale «The thousand and one nights» is a favorite childhood fairy tale. In addition, as one of the most popular and world-famous works among Arabic literature, one can mention «The thousand and one nights», «Kalila and Dimna», «Feats of Antara», «Lyalli-Mazhnun» and many others.

SRSTI 17.82.90

K. A. Toleubayeva

Candidate of philology sciences, professor, Philology Faculty, E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, 100028, The Republic of Kazakhstan
e-mail: k.toleubaeva@mail.ru

**PSYCHOLOGY OF IDENTITY
AND AUTHOR'S STATEMENT**

This article is written based on stories of XX century 60–80-s Kazakh prose representatives S. Muratbekov, D. Doszhanov, A. Kekilbayev, T. Alimkulov. Humanism and the psychology of character are discussed in these masterpieces. Science arguments were approved through works which were written in that literature period. Authorial position of writer and character's spiritual world are based on literature and theoretical analysis. Roles of lyricism, dramatic nature and tragic element which are in the character's inner world are selected in works. The author's statement is scientifically justified based on fights between humanism and harm. It is known that, the work of art serves for full disclosure of the magnificent idea of the author. By detailed consideration of the skill of the writer, it is possible to catch notes of his art ideas. It is known that the depth of dramatic nature is connected with skill of the writer.

Keywords: humanism, lyricism, tragic element, authorial position, psychology of character, soul's dialectics.

INTRODUCTION

By means of stories and short stories by the Kazakh writers of 60–80 years of the XX century acquainted us with the peer from the new side. Writers set a high example of scribing skill of all entity life of that time by scribing of one day of the ordinary worker. The list of works which tell home life, the purposes, news, dreams of ordinary inhabitants was replenished. In stories by S. Muratbekov, quick-witted difficult life, inner world and scalene life of residents peers in аулы is artly described. M. Magauin, D. Doszhanov, A. Kekilbayev, O. Bokeev, T. Abdikov are selected with the new art researches differing in styles not similar to others in formation of an image of the peer of the Kazakh literature. In works by writers many aspects of life of characters are professionally described by the graphic decision, deeply opening experiences of inner world of the character. It is the difficult work to write the masterpiece by telling the secret of the contemporary. In this order the writer has to be trained more. The writer has to get much information

on an area originality where the character, every season weathers, mountains and the rivers, a plant and animals, generally, local features lives. «Probably there is nothing more valuable than human nature. Probably, therefore there are a lot of not revealed secrets of this mysterious world. And the revealed secrets precisely will help to understand meaning of life more deeply. That-that, in this case all news based on all-round development of anthropology with socially – the psychological point of view will be determined by the importance. Also, each work opening many psychological contradictions undoubtedly will become and they are closer to the reader's heart» [1, 156–157]. Over time duties of literature's every period are systematized. With development of society, also literature develops, in this regard, works of different subjects are born, and genres change. It is possible to tell, development of literature happens because of an active research of life, replenishment of creative achievements of the writer. The works which were in a way to readers' heart remain so until the end of the story. In the course of reading the work, the reader empathizes with the character, rejoices, angry, grieves, worries about the character. From this, it is possible to make sure of professionalism of the writer, that he by means of descriptions of life truth can strongly affect feelings of the reader. In 1960–80 Kazakh writers have begun worried for the fate of the character, deeply relying on inner world of the character, began to describe skillfully the best feelings the gentle moments of a human soul. Works by the writer D. Doszhanov which, differ in artistry and sudden paints have lifted the Kazakh prose to new level. The chosen images of characters, a plot and a subject of works of the writer don't repeat. Let the writer describe a historical event or an image of the modern world, he is always in search of what is new. Full to the vital truth of the work by D. Doszhanov, have the high art importance. The writer who, touches upon any subject of any genres never separates facts of life. The writer skillfully described true character of the person and facts of life the distinctive style. Outstanding writer T. Alimkulov has given the definition to a word skill: «In what a secret of the skill? The most important thing is in correctness. Then, it's in transfer of person's soul dialectics with the help of art ways» [2, 294]. In 1960–80 the Kazakh prose, there were many writers of the shepherds who have written about life. The Kazakh writer D. Doszhanov differs in new researches in the description of fate of shepherds. The writer touched upon many subjects. In spite of the fact that the writer has written different subjects, the fate of the character reveals together with a social situation of the environment of his dwelling. The story by the writer «Aborigine – the person of sand» is the work about difficult life of shepherds. The main character of the work Abyluy, all life being engaged in sheep breeding and never leaving abroad Kyzyl Kum and has gone to the resort area Ala Tau for the first time and can't get used to a comfortable bed, missing the everyday life. On these actions of the main character Abyluy, we can understand

that the ordinary unskilled worker of people can't do anything. The difficult life of the ordinary worker Abyluy, his household life finds the art solution in the masterful description. Telling an event of the story only about one episode of the shepherd opens all facts of life. The story begins with the story of a sad event. The writer deeply takes root into psychology of the lonely aged man weakened from a disease, his internal alarms which has not sold dreams, remembering, and the manuals to the son and lives in the poor house which is located in a distance. The truthful picture of poor life and a sick image of Abyluygen who also lived with sheep in the place the sand surrounded only is described. In the story the image of the Native with difficult destiny is artly built who fights against sand in heart of the sea Kyzyl Kum and grazes sheep there. The initial name Abyluygen will be renamed on the Native after a while. There are several reasons of renaming of Abyluygen into the Native. He is the same as his father I have carried out all life for sheep, renouncing all interesting in life.

Wrinkles on the face of the Native have early appeared from behind a disease and many difficulties in life. His writer describes as: «The thin young man about thirty years, with wrinkles under eyes and on a forehead, with an oval face and with a gray hair on temples». In the story Abyluygen's image reveals author's statement, thoughts and the words of the character, action. The writer describes a talk between Abyluygen and souls of great people. This method was penetrated into the Kazakh literature by big news. In the story «Native» the Writer creates a conversation between Korkyt the woman and Abyluygen. «When that played on a kobyza, the wall has collapsed and the elderly person with a gray-haired beard and in a white shirt with white trousers has entered the house. Looking at that as he sits down, that has presented him as wise person since the last century. «Oh, my great-grandfather! Be just Saint Performer! As it is good that you were near my oven at the heavy moment» the Voice of the person from the myth was heard loudly. «I didn't want to come and only you don't cease to scrape on my kobyza» [3, 120–121].

MAIN PART

